

# Қазақ тілі



**A1** Бастапқы деңгей

**ОҚУ ҚҰРАЛЫ**

Астана, 2018

ӘОЖ 811.512.122  
КБЖ 81.2 Қаз-3  
Қ 92

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі  
Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің тапсырмасы бойынша  
«Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға  
арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында шығарылды

**Сарапшылар:**

**Ә. Оразалиева** - Назарбаев Университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының докторы;

**М. Жолшаева** - Сүлейман Демирель атындағы университеттің профессоры, филология ғылымдарының докторы;

**С. Әлісжан** - Назарбаев Университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының докторы.

**З. Күзекова, Б. Ақбұзауова**

**Қазақ тілі:** Бастапқы деңгей (А1): Оқу құралы. – Астана: 2018. – 122 бет.

ISBN 978-601-7820-29-9

Қ 92 Бұл оқу құралы қазақ тілін кешенді оқытудың бастапқы А1 деңгейіне арналған. Құралда қамтылған материал Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарына сәйкес «Қазақ тілін оқытуға арналған типтік бағдарлама» бойынша дайындалды.

Қазақ тілінің фонетикасынан басталған оқу құралы тіл үйренушінің қарапайым қажеттіліктерін өтейтін тақырыптар мен оларды меңгертетін жаттығулардың тығыз сабақтастығына құрылған. Жазу, оқу, сөйлеу, тыңдау дағдыларын меңгерту қатар жүріп отырады. Грамматикалық тақырыптар қарапайымнан күрделіге қарай машықтану жаттығуларымен дамытылады. Оқу құралындағы көптеген сабақтар аудиторияларда сынақтан өтті. Оқу құралы қазіргі тіл үйретудегі сұранысты ескере отырып, коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру мақсатында жазылған.

Оқу құралы тіл үйренушінің келесі базалық А2 деңгейге өтуіне негіз қалайды.

ӘОЖ 811.512.122

КБЖ 81.2 Қаз-3

## МАЗМҰНЫ

|                                                                |     |
|----------------------------------------------------------------|-----|
| Бірінші сабақ. Фонетика курсына кіріспе                        | 4   |
| Екінші сабақ. «Кім?», «Не?» сұрау есімдіктері                  | 11  |
| Үшінші сабақ. Бұйрық, өтініш, тілек білдіру, кеңес беру, сұрау | 18  |
| Төртінші сабақ. Қалай? (Как?) сұрау есімдігі                   | 25  |
| Бесінші сабақ. Қашан? (Когда?) сұрау есімдігі                  | 33  |
| Алтыншы сабақ. Осы шақ (жай түрі)                              | 40  |
| Жетінші сабақ. Меншік мағынасы                                 | 49  |
| Сегізінші сабақ. Өткен шақ                                     | 56  |
| Тоғызыншы сабақ. Сын есім                                      | 62  |
| Оныншы сабақ. Қалау рай                                        | 68  |
| Он бірінші сабақ. Не туралы? Кім туралы?                       | 73  |
| Он екінші сабақ. Жіктеу есімдіктері + ілік септігі             | 78  |
| Он үшінші сабақ. Жатыс септігі. Мезгілдік мағына               | 80  |
| Он төртінші сабақ. Табыс септігі. Кімді? Нені? Не?             | 82  |
| Он бесінші сабақ. Барыс септігі. Қайда?                        | 87  |
| Он алтыншы сабақ. Барыс септігі. Кімге? (Кому?)                | 93  |
| Он жетінші сабақ. Зат есімнің сан есіммен тіркесі              | 96  |
| Он сегізінші сабақ. Ілік септігі. Меншікті білдіру             | 98  |
| Он тоғызыншы сабақ. Шығыс септігі. Қайдан?                     | 100 |
| Жиырмамыншы сабақ. Көмектес септігі                            | 102 |
| Жиырма бірінші сабақ. Есімше                                   | 105 |
| Жиырма екінші сабақ. Құрмалас сөйлемдер                        | 108 |
| Жиырма үшінші сабақ. Шарт мәнді құрмалас сөйлем                | 110 |
| Жиырма төртінші сабақ. Мезгілдік қатынастың берілуі            | 112 |
| Аудиомәтіндер                                                  | 115 |
| Пайдаланылған әдебиеттер                                       | 121 |

## 1

## БІРІНШІ САБАҚ

## Фонетика курсына кіріспе

## 1. Қазақ алфавиті.

| Баспа әрпі<br>(печатная буква) | Жазылуы<br>(написание) | Дыбыс<br>(звук) | Мысалдар<br>(примеры)         |
|--------------------------------|------------------------|-----------------|-------------------------------|
| Аа                             | <i>Аа</i>              | [а]             | ана, ата, ал                  |
| Әә                             | <i>Әә</i>              | [ә]             | әже, ән, әке                  |
| Бб                             | <i>Бб</i>              | [б]             | бала, бас                     |
| Вв                             | <i>Вв</i>              | [в]             | вагон                         |
| Гг                             | <i>Гг</i>              | [г]             | гүл                           |
| Ғғ                             | <i>Ғғ</i>              | [ғ]             | ғалым, баға                   |
| Дд                             | <i>Дд</i>              | [д]             | доп, дос, дала                |
| Ее                             | <i>Ее</i>              | [е]             | ертең, ескі, кеше             |
| Ёё                             | <i>Ёё</i>              | [ё]             | (орыс тілінен енген сөздерде) |
| Жж                             | <i>Жж</i>              | [ж]             | жақсы, жаман                  |
| Зз                             | <i>Зз</i>              | [з]             | күз, қыз, жаз                 |
| Ии                             | <i>Ии</i>              | [и]             | кино, би, ине                 |
| Йй                             | <i>Йй</i>              | [й]             | күй, ойна                     |
| Кк                             | <i>Кк</i>              | [к]             | күн, кешке                    |
| Ққ                             | <i>Ққ</i>              | [қ]             | қала, Қарағанды               |
| Лл                             | <i>Лл</i>              | [л]             | бала                          |
| Мм                             | <i>Мм</i>              | [м]             | мынау, мың                    |
| Нн                             | <i>Нн</i>              | [н]             | нан                           |
| Ңң                             | <i>Ңң</i>              | [ң]             | аң, таң, шаңғы                |
| Оо                             | <i>Оо</i>              | [о]             | орман, ой                     |
| Өө                             | <i>Өө</i>              | [ө]             | өзен, көл                     |
| Пп                             | <i>Пп</i>              | [п]             | көп, кітап                    |
| Рр                             | <i>Рр</i>              | [р]             | рақмет                        |
| Сс                             | <i>Сс</i>              | [с]             | сөз, сөйлем, сөздік           |
| Тт                             | <i>Тт</i>              | [т]             | тау, тез                      |
| Уу                             | <i>Уу</i>              | [у]             | у (яд), бау, бу               |
| Ұұ                             | <i>Ұұ</i>              | [ұ]             | бұл, ұл                       |
| Үү                             | <i>Үү</i>              | [ү]             | гүл, үн, түн                  |
| Фф                             | <i>Фф</i>              | [ф]             | Фархад, фарфор                |
| Хх                             | <i>Хх</i>              | [х]             | хат                           |
| Һ                              | <i>Һ</i>               | [һ]             | қаһарман                      |
| Цц                             | <i>Цц</i>              | [ц]             | (орыс тілінен енген сөздерде) |



|    |           |     |                               |
|----|-----------|-----|-------------------------------|
| Чч | <i>Чч</i> | [ч] | (орыс тілінен енген сөздерде) |
| Шш | <i>Шш</i> | [ш] | шай, шу                       |
| Щщ | <i>Щщ</i> | [щ] | ащы, тұщы                     |
| Ъ  | <i>Ъ</i>  |     | съезд                         |
| Ыы | <i>Ыы</i> | [ы] | ыдыс                          |
| Іі | <i>Іі</i> | [і] | білім, сіз, біз, із           |
| Ь  | <i>Ь</i>  |     |                               |
| Ээ | <i>Ээ</i> | [э] | (орыс тілінен енген сөздерде) |
| Юю | <i>Юю</i> | [ю] | ою, аю                        |
| Яя | <i>Яя</i> | [я] | таяқ, аяқ                     |

## 2. Алфавит туралы негізгі ақпараттар.

“

а) Қазақ тілінде 42 әріп бар.

- 12 әріп — дауысты
- 26 әріп — дауыссыз
- 2 әріп — айтылмайды

дауысты дыбыстар: *а, ә, е, и, о, ө, э, у, ұ, ү, ы, і*

жуан дауыстылар: *а, о, ұ, ы, (у)*

жіңішке дауыстылар: *ә, и, ө, ү, (ү), і, е, э*

”

3.



Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

№1

*а-та, а-на, ал-ма, ба-ла, ша-на, бал, шал;  
ол, қол, бол, тор, о-рақ, қо-ра, қо-рап, ор-ман;  
ұл, құс, құ-лын, жү-лын, ұ-лан, құ-лақ;  
қыр, мы-рыш, ы-дыс; жа-пы-рақ  
у, ту, қу, су, бу, жу, жу-ан, қу-а-ну;*

жіңішке дауыстылар (мягкие гласные): *ә, е, и, ө, ү, і, у*

*ә-же, ә-ке, ән, сән, ән-ші, ә-ліп-пе;  
ел, кел, бел, сен, мен, ке-ше, бес, ке-се;  
ит, и-не, би-ле, и-не-лік, жи-рен;  
өс, көз, кө-ше, кө-мір, ө-мір, ө-лең;  
үн, гүл, түн, күн, күндіз, кү-міс, ұл-кен;  
ін, іс, і-ні, кі-сі, кі-ші, тіс, пі-сір, тіс-те;  
ке-лу, кү-лу, бі-лу, е-ру, бе-ру, се-ну, же-ңу;*

бір әріп — бір дыбыс (одна буква — один звук)

|         |         |
|---------|---------|
| A – [a] | O – [o] |
| Ә – [ə] | Ө – [ɵ] |
| И – [i] | Ұ – [ʉ] |
| У – [y] | Ү – [ʏ] |
| Ы – [ɨ] |         |

**б) Дауыссыздар:** б, в, г, ғ, д, ж, з, и, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, у, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ.

**қатаң дауыссыздар** (глухие согласные): п, ф, к, қ, т, с, щ, ш, х, ц, ч, һ;

**ұяң дауыссыздар** (звонкие согласные): б, в, г, ғ, д, з, ж.

**қазақ тіліне тән дауыссыз дыбыстар** (специфические казахские согласные): ғ, қ, ң, һ

4.



Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

№2

а-ға, ба-ға, ға-лым, ға-рыш, ға-жап

ақ, оқ, қар, құс, қан, қас, қа-лам, ақ-ша

ең, кең, таң, шаң, қо-ңыр, ке-ңес, жең

ғау-һар, қа-һар, қа-һар-ман, жи-һаз

Есіңізге  
сақтаңыз!

1. Қазақ тілінде екпін соңғы буынға түседі.
2. Дауыстылардың жуан, жіңішке болып бөлінуіне қарай, сөздер де екі үлкен топ: жіңішке және жуан сөздерден тұрады.
3. Қазақ тіліндегі жалғау, жұрнақтардың жалғасуы үндестік заңына бағынады, яғни дауыстылардың үндесуі, дауыссыздардың үндесуі бар.
4. Негізінен дыбыстар қалай жазылса, солай оқылады. Мысалы, О дыбысы сөздерде ешқандай өзгеріске ұшырамай оқылады (орман, ой, оймақ).

5. Сөздерді оқып жаттығамыз.

Сара, шана, бала, Астана, дана, шеше, ата, бөлме, дәріхана, кеме.

Мынау, үй, менің, ол, дәрігер, ақылды, әдемі, әпке, әже, әке.

Сөйлемдерді оқыңыз (прочитайте предложения)

Мынау – менің әпкем. Ол – дәрігер. Ол әдемі. Ол үйде. Мынау – менің үйім. Әжем, әкем үйде.

**Қ, ғ** дыбыстары жуан дауыстылармен тіркеседі.

6. Сөздерді оқып жаттығамыз.

Қала, қайтала, оқы, ғалым, ғарыш, баға, аға, ғасыр.

**К, г** дыбыстары жіңішке дауыстылармен тіркеседі.

## 7. Сөздерді оқып жаттығамыз.

*Күн, кеше, кеме, кел, кең, гүл, бүгін, егін, тегін.*

3 дыбысы негізінен сөздің соңында кездеседі.

## 8. Сөздерді оқып жаттығамыз.

*Жаз, күз, біз, сіз, қыз, киіз, сөз, көз, жез, тез, негіз, сегіз, өгіз.*

## 9. Сөздерді оқып жаттығамыз.

**У** дыбысы бірде жуан, бірде жіңішке дыбыстардың, бірде дауысты, бірде дауыссыз дыбыстың орнында жүреді.

**У** әрпі жуан дыбысты да (мысалы: *бу, жу, айту, жазу*), жіңішке дыбысты да таңбалайды (*келу, түсу, құлу*).

### ЕСКЕРТУ

**у** әрпі:

- 1) дауысты дыбыстан кейін;
- 2) екі дауыстының арасында;
- 3) сөз басында дауыстыдан бұрын тұрса, үнді дауыссыз дыбысын таңбалайды.

Мысалы: 1) *дау, дәу, асау, бесеу, алтау, белбеу*; 2) *дауыс, дәуір, жауап*; 3) *уақыт, уәде, уайым*.  
Мұндай жағдайларда **у** дыбысы өз алдына буын жасай алмайды.

ә) **у** әрпі дауыссыздан кейін дауысты дыбысты таңбалайды.

Мысалы: *бу, бару, келу*.

## 10. а, е, ы, і әріптері сөздің барлық буынында қолданылады.

*Дәптер, қағаз, сөздік, жаттығу, машина, парламент, оқулық, Сәуле, дипломат, сағат, мектеп, университет, бүгін.*

**У** әрпінің алдынан **ү, ұ, ы, і** әріптері жазылмайды:

*оқы — оқу (оқыу емес)*

*біл — білу (біліу емес).*

## 11. Сөздің соңғы буынында ы, і дыбыстары болып, оған жалғанатын қосымша дауысты дыбыстан басталса, ы, і дыбыстары түсіп қалады:

*халық + ы — халқы*

*көңіл + і — көңлі*

*бөрік + і — бөрікі*

*ауыл + ы — аулы.*

## 12. Қазақ тілінде қазақтың төл сөздері б, в, г, ғ, д, щ дыбыстарына аяқталмайды.

**Һ, ӱ** дыбыстарынан сөз басталмайды.

Айыру (ъ), жіңішкелік (ь) белгілері ешбір дыбысты білдірмейді, тек орыс тілінен енген сөздерде ғана жазылады.

**В, ф, ц, ч, щ** әріптері орыс тілінен енген сөздерде жазылады.

### 13. Үндестік заңы.

Қазақ тілінде көрші дыбыстардың бір-біріне ықпал етіп, ыңғайласып, үйлесіп қолданылуын дыбыстардың үндестік заңы (**сингармонизм**) деп атайды.



Буын үндестігі дегеніміз – дауысты дыбыстың дауысты дыбысқа әсері болып табылады.

**Мысалы:** бала+лар+ға; үй+лер+ге.

*Яғни сөздің соңғы буыны жуан болса, оған жалғанатын қосымша да жуан. Түбірдің соңғы буыны жіңішке болса, оған жалғанатын қосымша да жіңішке болады.*

**14. Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар бар:**

**-мен, -бен, -пен** көмектес септігі;

**-қор:** бейнет+қор

**-наз:**  $\theta\text{Нер} + \text{наз}$

**-нікі (-дікі, -тікі): Алматы+нікі**

**-тай, -тал, -еке:** Асеке, өсім+**тал**

**-кер, гер:** талап+**кер**, мұра+**гер**

**-хана:** еМ+хана

**-ов, -ев, -ева, -ин:** Мұстафин, Серікбаев, Мұхитов, Сүлейменова.

15. Мына сөздерді алфавит тәртібімен орналастырыңыз. Екінші үшінші әріптердің алфавиттегі орналасуын сақтаңыз:

Грамматика + сөз.



**Есіңізге сақтаңыз!**

*Қазақ тілінде род категориясы жоқ.*

## 16. Сөздерді оқыңыз:

әже, әке, шеше, іні, сіңілі, көке, аға, қарындас;  
әже+м, әке+м, шеше+м, іні+м, әпке+м, аға+м.

## Жіктеу есімдіктерін (мысалдарды) оқыңыз:

Мен, сен, сіз, ол, біз, сендер, сіздер, олар.

Мен Маратпын. Сен оқушысың. Сіз дәрігерсіз. Ол – мұғалім. Біз жастармыз. Сендер студентсіңдер.

Сіздер қонақсыздар. Олар – оқушылар.

## Сілтеу есімдіктерін және (мысалдарды) оқыңыз:

Бұл, сол, анау, мынау, осы, сол.

Бұл – университет. Сол – дәптер. Анау – үй. Мынау – көл. Осы – кітап. Сол – кітап.

## Мына есімдіктерді мен (мысалдарды) оқыңыз:

Менің, сенің, сіздің, біздің.

Менің қаламым. Сенің кітабың. Сіздің қаламыңыз. Біздің үйіміз.

## Сын есімдерді және (мысалдарды) оқыңыз.

Әдемі, жақсы, ақылды, білімді, ескі, жаңа, мейірімді.

Әдемі қала. Жақсы кітап. Ақылды кісі. Білімді студент. Ескі дәптер. Жаңа үй. Мейірімді адам.

## 17. Сөйлемдерді оқыңыз.

Бұл – әже.

Бұл – менің әжем.

Менің әжем мейірімді.

Бұл – менің ағам.

Ол ақылды.

## 18. Сөйлемдерді оқыңыз.

Бұл – Қанат.

Бұл – Алма.

Анау – оқулық.

Бұл – менің ағам.

Бұл – менің әпкем.

Анау – менің оқулығым.

Менің ағам ақылды, білімді.

Менің әпкем әдемі, сұлу.

Менің оқулығым ескі.

## Өзіңіз сөйлем құрап көріңіз.

әпке

менің

телефон

жақсы

ағам

ескі

радио

ақылды

бұл

әдемі

дәрігер

---

---

---

---

---

---

---



**19. Диалогті оқыңыз.**

– Бұл кім?

– Бұл – менің ағам.

– Ол кім?

– Ол – студент.

– Бұл кім?

– Бұл – менің әпкем.

– Ол кім?

– Ол – дәрігер.

**20. «Шын» және «жалған» тапсырмасын орындаңыз.**

1. Қанат Астанада тұрады.
2. Оның інісі 18-де.
3. Қанат пен інісі Самат – студенттер.
4. Бұл суретте олар ауылда.
5. Олар ата-анасының үйінде.



21.



Тыңдаңыз және төмендегі тапсырманы орындаңыз.

№3

**Тапсырма. Меншік мағынасын білдіретін сөйлемдерді тиісті жалғауларды қойып аяқтаңыз.**



Менің ат..... – Қанат.

Інім..... аты – Самат.

Менің жас..... 18-де.

Інім..... жасы 16-да.

Бұл – ата-әжемнің үй..... .

Мынау – біз..... суретіміз.

Мен университет..... студентімін.

Інім – мектептің оқушы..... .

Осы – біздің ауыл..... .

# 2

# ЕКІНШІ САБАҚ

## «Кім?», «Не?» сұрау есімдіктері

Есіңізге  
сақтаңыз!

Қазақ тілінде «кім?» деп тек адамды айтамыз.

1. Суретке қарап бұл, ол, сол есімдіктерін пайдаланып сұрақ қойыңыз, жауап беріңіз.

Үлгі: Бұл не? Бұл – үй.



2. Оқыңыз, қайталаңыз. Кім?, не? сұрақтарын қалай қоямыз?

### Ол кім?

Ол – дәрігер  
Ол – студент  
Ол – қыз  
Ол – инженер  
Ол – жігіт  
Ол – әйел  
Ол – әже  
Ол – мұғалім

### Бұл не?

Бұл – орындық  
Бұл – қасқыр  
Бұл – қалам  
Бұл – мысық  
Бұл – шаштараз  
Бұл – ит  
Бұл – торғай  
Бұл – дәріхана

### 3. Мына сөздерге сұрақ қойыңыз.



### Жаңа сөздермен танысайық!

*Сәлеметсіз бе! Халіңіз қалай? Рақмет! Жақсы! Сау болыңыз?*

#### 4. Танысайық.

- а)** – Сәлеметсіз бе?  
– Сәлеметсіз бе?  
– Менің атым – Айдана Серікқызы.  
Сіздің атыңыз кім?  
– Менің атым – Юра.

- б)** – Сәлеметсіздер ме? Менің атым –  
Айдана Серікқызы. Сіздің атыңыз кім?  
– Сәлеметсіз бе? Менің атым – Виктор.  
– Виктор, сіз кімсіз? Студентсіз бе?  
– Иә, мен студентпін, ал сіз кімсіз?  
– Мен оқытушымын.

- ә)** – Сәлеметсіз бе?  
– Сәлеметсіз бе?  
– Атыңыз кім?  
– Менің атым Катя.  
– Сіз кімсіз? (А кто вы?)  
– Мен студентпін.

- в)** – Юра, мынау кім?  
– Бұл – менің әпкем.  
– Оның аты кім?  
– Оның аты – Катя.  
– Ол кім?  
– Ол – студент.

5.



Тыңдаңыз. Диалогті толықтырыңыз.

№4

- а)** – Виктор, ..... ?  
– Бұл – ..... досым.  
– Оның аты ..... ?  
– Оның ..... – Юра.  
– ..... кім?  
– ..... – студент және журналист.  
– ..... !  
– Сау болыңыз!

- б)** – Катя, бұл ..... ?  
– ..... – менің құрбым.  
– Оның аты Катя ..... ?  
– Жоқ, оның ..... – Айжан.  
– Ол ..... не?  
– Жоқ, ол – .....

#### 6. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Сіздің атыңыз кім? Оның аты кім? Сіз кімсіз? Ол кім? Бұл кім? Ал мынау не?

## 7. Оқыңыз, қайталаңыз.

а) Бұл – Әмина. Әмина мектепте.

Анау – Ардақ. Ол осында.

Әмина анда, Ардақ мұнда.

ә) Суретке қараңыз. Айтыңыз.

Әмина қайда?

Ардақ қайда?

Үй қайда?



## 8. Оқыңыз. Жауап беріңіз.

Үлгі: – Бұл Арман ба?

– Иә, Арман. Иә, бұл – Арман.

– Бұл Бауыржан ба?

– .....

– Ол Жанаргүл ме?

– .....

– Анау Гүлнар ма?

– .....

– Мынау университет пе ?

– .....

## 9. Досыңызға сұрақ қойыңыз.

– Гүлнар үйде ме?

– .....

– Бауыржан осында ма?

– .....

– Жанаргүл университетте ме?

– .....

– Әкең жұмыста ма?

– .....

– Апаң осында ма?

– .....

– Інің қайда, үйде ме?

– .....

## 10. а) Сізге телефон соқты. Жауап беріңіз. (Вам позвонили. Ответьте).

– Алло!

– Иә!

– Бұл – Арман.

– Бауыржан үйде ме?

– Иә, ол үйде.



б) Телефон соғып, Гүлнар, Жанаргүл үйде ме? Сұраңыз.

(Позвоните, узнайте дома ли Гүлнар, Жанаргүл).

### 11. Үлгі бойынша болымды түрде жауап беріңіз.

(Дайте краткий положительный ответ по модели).

Үлгі: – Оның аты Женя ма ?

– Иә, оның аты Женя.

Оның аты Сергей ме? Ол студент пе? – .....

Оның аты Маржан ба? Ол студент пе? – .....

Оның аты Марина ма? Ол оқытушы ма? – .....

### 12. Үлгі бойынша болымсыз түрде жауап беріңіз.

– Ол спортсмен бе?

– Жоқ, ол спортсмен емес.

Ол оқытушы ма? – .....

Ол дәрігер ме? – .....

Ол актриса ма? – .....

Ол инженер ме? – .....

Ол студент пе? – .....

Ол бизнесмен бе? – .....

### 13. Сіздің таңдауыңыз. Дұрыс жауап беріңіз.

Марина студент пе, оқышы ма? .....

Катя студент пе, дәрігер ме? .....

Маржан суретші ме, заңгер (юрист) ме? .....

Виктор оқытушы ма, студент пе? .....

Зейнехан Сейтханқызы оқытушы ма, дәрігер ме? .....

### 14. Сұраққа үлгі бойынша болымды түрде жауап беріңіз.

– Бұл сіздің әпкеңіз бе ? – Иә, менің әпкем.

– Бұл сіздің құрбыңыз ба? – .....

– Бұл сіздің шешеңіз бе? – .....

– Бұл сіздің әпкеңіз бе? – .....

– Бұл сіздің әжеңіз бе? – .....

– Бұл сіздің әкеңіз бе? – .....

– Бұл сіздердің Президентіңіз бе? – .....

– Бұл сіздің оқытушыңыз ба? – .....

### 15. Ақпарат қосыңыз.

Үлгі: – Ол студент пе?

– Иә, ол – студент, мен де студентпін.

Ол бизнесмен бе? – .....

Ол оқытушы ма? – .....

Ол президент пе? – .....

Ол дәрігер ме? – .....

Ол заңгер ме? – .....

Ол журналист пе? – .....

**16. Үлгі бойынша сөйлемдерді құраңыз** (составьте фразы по модели).

**Үлгі:** Марина. Оның аты – Марина. Ол – оқытушы және спортшы.

Маржан. ....

Саша. ....

Виктор. ....

Айжан. ....

Дәурен. ....

Дастан. ....

**17. Сұрақтарға болымсыз түрде жауап беріңіз** (Дайте отрицательный ответ на вопросы).

– Бұл Айнұр ма? – Жоқ, бұл – Салтанат.

– Ол инженер ме? – Жоқ, ол инженер емес, дәрігер.

– Ол мұғалім бе? – .....

– Ол студент пе? – .....

– Бұл Нұрлан ба? – .....

– Анау Айгүл ме? – .....

– Осы мектеп пе? – .....

– Бұл қалам ба? – .....

– Бұл Астана ма? – .....

**18. Сұрақтарға жауап беріңіз** (ответьте на вопросы).

Дастан экономист пе? Дәурен дәрігер ме? Айнұр банкир ме? Маша студент пе? Салтанат заңгер ме?

**19. а) Сіз студенттермен танысыңыз.**

**ә) Оқытушымызға студенттерді таныстырыңыз.**

**20. Зат есімдермен тиісті етістіктерді тіркестіріп, сөйлем құрыңыз**

(Составьте предложения, подобрав к существительным глаголы).

|           | жүр                      | жатыр                    | тұр                                 | отыр                     |
|-----------|--------------------------|--------------------------|-------------------------------------|--------------------------|
| Орындық   | <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> | <input checked="" type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> |
| күзетші   | <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/>            | <input type="checkbox"/> |
| дәптер    | <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/>            | <input type="checkbox"/> |
| шкаф      | <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/>            | <input type="checkbox"/> |
| үстел     | <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/>            | <input type="checkbox"/> |
| теледидар | <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/>            | <input type="checkbox"/> |



## 21. Салыстырыңыз.

– Сабақ қашан?

– Сабақ ертең.

– Сабақ ертең бе?

– Иә, сабақ ертең.

– Таңғы ас қашан?

– Таңғы ас сағат 8-де.

– Таңғы ас сағат 8-де ме?

– Иә, таңғы ас сағат 8-де.

– Сенің ағаң нешеде?

– Менің ағам жиырмада.

– Сенің ағаң жиырмада ма?

– Иә, менің ағам жиырмада.

– Концерт сағат нешеде?

– Концерт сағат жетіде.

– Концерт сағат жетіде ме?

– Иә, концерт сағат жетіде.

## 22. Мәтінді оқыңыз. Оқығаныңызды суреттен табыңыз:

а) Бұл – мен. Мынау менің отбасым. Мыналар – менің әке-шешем, ата-әжем. Ал анау – менің ағам мен інім.

ә) Мынау – менің үйім. Онда менің бөлмем бар. Бұл – менің терезем.

б) Бұл – мектеп. Онда менің інім мен қарындасым бар.

в) Бұл – менің ағам. Ал мынау – менің досым. Олар біздің үйімізде отыр.





**23. Мәтінді оқып, мәтінде кездескен суреттерді ретіне қарай нөмірлеңіз.**

Бұл – менің қалам. Мынау – менің үйім. Анау – менің мектебім. Бұл – біздің ауламыз. Біз аулада доп ойнаймыз. Мынау – менің қарындасым. Біздің пәтеріміз 3-қабатта. Менің бөлmemнің терезесі аулаға қарайды. Орындықта менің атам демалып отыр. Менің тереземнің алдында гүл өсіп тұр.



# 3

# ҮШІНШІ САБАҚ

## Бұйрық, өтініш, тілек білдіру, кеңес беру, сұрау

Мен дәрігер шақырайын.

Тоқта, жүр, кел, есікті аш (жап), кетейік, қайт, айт, барсын, жүрейік, сөйле

1. Досыңыз тұмаумен ауырып қалды. Қандай кеңес бересіз? Таңдаңыз.

- |                                                     |                                                |
|-----------------------------------------------------|------------------------------------------------|
| <input type="checkbox"/> Ыстығыңды өлше.            | <input type="checkbox"/> Дәрі іш.              |
| <input type="checkbox"/> Аспирин іш.                | <input type="checkbox"/> Дәріханаға бар.       |
| <input type="checkbox"/> Төсекке жат.               | <input type="checkbox"/> Хирургке телефон соқ. |
| <input type="checkbox"/> Мен дәрігер шақырайын.     | <input type="checkbox"/> Маска ки!             |
| <input type="checkbox"/> Суды, шайды көп іш.        | <input type="checkbox"/> Жөтелме!              |
| <input type="checkbox"/> Кешке балмен ыстық сүт іш. | <input type="checkbox"/> Жұмысқа бар.          |
| <input type="checkbox"/> Йогурт же.                 | <input type="checkbox"/> Ұйықта.               |
| <input type="checkbox"/> Тауық сорпасын іш.         | <input type="checkbox"/> Желдеткішті аш.       |
| <input type="checkbox"/> Дәрумен іш.                | <input type="checkbox"/> Жылы киін.            |
| <input type="checkbox"/> Дәрігерге бар.             | <input type="checkbox"/> Қызуыңды өлше.        |
| <input type="checkbox"/> Үйде отыр, далаға барма.   | <input type="checkbox"/> Жұмысқа барма.        |
| <input type="checkbox"/> Жүр, дәрігерге барайық!    | <input type="checkbox"/> Дәрігер шақырайын.    |

2. Мына етістіктерді оқыңыз, алдына тиісті есімдікті қойыңыз.

|             |             |                  |
|-------------|-------------|------------------|
| ..... оқы   | ..... біл   | ..... демал      |
| ..... жаз   | ..... тыңда | ..... жұмыс істе |
| ..... сөйле | ..... айт   | ..... қыдыр      |

### 3. Әрекетті суретпен сәйкестендіріңіз.

|                                                                                     |                          |            |                                     |                                                                                       |
|-------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------|------------|-------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------|
|    | <input type="checkbox"/> | оқы        | <input type="checkbox"/>            |    |
|                                                                                     |                          | жаз        |                                     |                                                                                       |
|                                                                                     |                          | сөйле      |                                     |                                                                                       |
|                                                                                     |                          | біл        |                                     |                                                                                       |
|    | <input type="checkbox"/> | тыңда      | <input type="checkbox"/>            |    |
|                                                                                     |                          | айт        |                                     |                                                                                       |
|                                                                                     |                          | демал      |                                     |                                                                                       |
|   | <input type="checkbox"/> | жұмыс істе | <input checked="" type="checkbox"/> |   |
|                                                                                     |                          | қыдыр      |                                     |                                                                                       |
|  | <input type="checkbox"/> |            |                                     |  |
|                                                                                     |                          |            |                                     |                                                                                       |
|                                                                                     |                          |            |                                     |                                                                                       |
|                                                                                     |                          |            |                                     |                                                                                       |

### 4. Оқыңыз, тілек, бұйрыққа айналдырып жазыңыз.

|            |                   |                  |                  |
|------------|-------------------|------------------|------------------|
| Мен оқимын | <u>Мен оқияын</u> | Біз оқимыз       | <u>Біз оқыық</u> |
| Сен оқисың | .....             | Сендер оқисыңдар | .....            |
| Сіз оқисыз | .....             | Сіздер оқисыздар | .....            |
| Ол оқиды   | .....             | Олар оқиды       | .....            |

### 5. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді жазыңыз (оқу сөзін пайдаланыңыз).

Үлгі: Мен мәтін (текст) оқимын.

- |                     |                       |                        |
|---------------------|-----------------------|------------------------|
| 1. Сен әңгіме ..... | 4. Ол хат .....       | 7. Сіз әңгіме .....    |
| 2. Біз мәтін .....  | 5. Олар жаттығу ..... | 8. Сіздер сөйлем ..... |
| 3. Ол журнал .....  | 6. Мен роман .....    | 9. Ол дұрыс .....      |



## 6. Сөйлемдерді бастауышын таба отырып оқыңыз.

Үлгі: Біз мәтін оқимыз.

- |                        |                           |                           |
|------------------------|---------------------------|---------------------------|
| 1. .... роман оқиды.   | 4. .... мәтін оқысын.     | 7. .... сөйлем оқысын.    |
| 2. .... журнал оқисың. | 5. .... хат оқиды.        | 8. .... өлеңді дұрыс оқы. |
| 3. .... кітап оқиық.   | 6. .... әңгіме оқыңыздар. | 9. .... жаттығу оқыңдар.  |

## 7. Айту етістігін пайдалана отырып аяқтаңыз.

Үлгі: Ол сабақ (урок) айтсын.

- |                 |                        |
|-----------------|------------------------|
| 1. Біз ән ..... | 4. Сіз .....           |
| 2. Мен ән ..... | 5. Ол әңгіме .....     |
| 3. Сен ән ..... | 6. Сіздер сөйлем ..... |

## 8. Сіз дүкендесіз. Сізге көйлек, шалбар және туфли алу керек. Сатушымен арада қандай диалог болады? Жалғастырыңыз.

– Сәлеметсіз бе? Маған 46 размерлі көйлек керек еді.

– Жақсы, мен сізге көйлектерді көрсетейін. Сіз таңдаңыз.

– .....

## 9. Мына жағдаяттар бойынша диалог құрастырыңыз.

- а) Сіздің тобыңызға жаңа студент келді, танысыңыз. Топпен таныстырыңыз.
- б) Досыңызға телефон соғып, оны футбол ойнауға шақырыңыз.
- с) Досыңыздан оның отбасылық суретіндегі кімдер екенін таныстыруды өтініңіз.

## 10. Мәтінді тыңдаңыз. Диалогті толықтырыңыз.

Танысайық. Менің атым – Наташа. Менің туған қалам – Өскемен.

Бұл фотода менің отбасым. Мынау – әжем. Оның аты – Ольга Ивановна. Оң жақта әкем, оның қасында анам. Олардың аты – Гена және Лариса. Түрегеп тұрған – қарындасым. Оның аты – Ксения. Ол 15 жаста.



## 11. Сөздерді және суретті пайдаланып, сұрақ қойыңыздар.



Үлгі: Мынау – үстел ме?

- |                   |                   |
|-------------------|-------------------|
| 1. Мынау – .....? | 5. Мынау – .....? |
| 2. Мынау – .....? | 6. Мынау – .....? |
| 3. Мынау – .....? | 7. Мынау – .....? |
| 4. Мынау – .....? | 8. Мынау – .....? |

## 12. Тапсырманы үлгі бойынша орындаңыз.

Үлгі: – Мерген жұмыс істеп жатыр ма (демалу)?

– Жоқ, ол жұмыс істеп жатқан жоқ. Ол демалып жатыр.

1) – Ғалия оқып отыр ма (тамақтану)?

– .....

2) – Майра демалып отыр ма (жұмыс істеу)?

– .....

3) – Мұхтар ұйықтап жатыр ма (жүгіру)?

– .....

4) – Сәния радио тыңдап отыр ма (теледидар көру)?

– .....

5) – Ғалым оқып отыр ма (жазу)?

– .....

6) – Мария жүгіріп жүр ме (қыдыру)?

– .....

7) – Денис өлең жаттап отыр ма (мәтін аудару)?

– .....

### 13. Тыңдау, түсіну, жауап беру, үйрену сөзін жіктеңіздер және сұрақ қойыңыздар.

**Үлгі:** Мен тыңдаймын.  
Сен тыңдайсың.  
Сіз тыңдайсыз.  
Ол тыңдайды.

Біз тыңдаймыз.  
Сендер тыңдайсыңдар.  
Сіздер тыңдайсыздар.  
Олар тыңдайды.

– Ол оқи ма?  
– Иә, ол оқиды.  
– Жоқ, ол оқымайды.

1. Мен радио тыңдаймын.
2. Мен сұрақты түсінемін.

3. Мен тіл үйренемін.
4. Мен қазір (сейчас) жауап беремін.

#### Сұраулы сөйлем

В казахском языке есть два типа вопросительных предложений.

Общий вопрос касается всего предложения и образуется при помощи вопросительных частиц: **-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе.**

Жалпы сұраққа жауап «иә» немесе «жоқ» болуы мүмкін (ответ на общий вопрос может быть утвердительным «иә» (да) или отрицательным «жоқ» (нет)).

Сұраулы демеуліктер (частицы) бөлек жазылады, дауысты, дауыссыз дыбыстардың үндесуіне бағынады (вопросительные частицы пишутся отдельно и подчиняются правилам гармонии гласных и ассимиляции согласных).

#### Мысалы:

- |                     |                      |
|---------------------|----------------------|
| – Мынау қағаз ба?   | – Иә, мынау қағаз.   |
| – Мынау мектеп пе?  | – Иә.                |
| – Ол оқушы ма?      | – Жоқ, ол – студент. |
| – Ол бүгін келе ме? | – Иә.                |

– Ол қазақ тілін біле ме?  
– Иә, ол қазақ тілін біледі.  
– Жоқ, ол қазақ тілін білмейді.

### 14. Сұрақтарға жауап беріңіз.

**Үлгі:** – Дәулет жұмыс істей ме (демалу)?

– Жоқ, ол жұмыс істемейді. Ол демалады.

1. – Айжан оқи ма (қыдыру)?

– .....

2. – Ол жұмыс істей ме (демалу)?

– .....

3. – Ол қыдыра ма (жұмыс істеу)?

– .....

4. – Ол демала ма (жұмыс істеу)?

– .....

#### ҚАЖЕТТІ ЕСКЕРТУЛЕР!

Етістіктің болымсыз түрі етістіктің түбіріне **-ба, -бе, -ма, -ме, -па, -пе** жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады (отрицательная форма глагола образуется путем присоединения к исходной форме суффиксов **-ба, -бе, -ма, -ме, -па, -пе**).

**Мысалы:** білемін – білмеймін; оқы – оқымаймын; жаз – жазбаймын; сөйле – сөйлемеймін; тыңда – тыңдама; жұмыс істе – жұмыс істеме.

Жұрнақтар дауысты, дауыссыз дыбыстардың үндесуіне бағынады (суффиксы подчиняются правилам гармонии гласных и ассимиляции согласных).

**Мысалы:** жаз – жазба; күт – күтпе; кел – келме; бар – барма; тыңда – тыңдама; оқы – оқыма; қайтала – қайталама.



### 15. Сұрақтарға болымсыз түрде жауап беріңіз.

Үлгі: – Ол радио тыңдай ма?

– Жоқ, ол радио тыңдамайды, газет оқиды.

Ол журнал оқи ма?

– .....

Айжан алфавит біле ме?

– .....

Ол мәтін қайталай ма?

– .....

Ол қазақша сөз біле ме?

– .....

Сережа тіл үйрене ме?

– .....

Сәуле хат жаза ма?

– .....

### 16. Сұраққа болымсыз түрде жауап беріңіз.

Сіз сұрақты түсінесіз бе? Сіз радио тыңдайсыз ба? Сіз журнал оқисыз ба? Сіз ереже (правило) оқисыз ба? Сіз диалог қайталайсыз ба? Сіз сөйлем, мәтін түсінесіз бе?

### 17. Диалогті оқыңыз.

– Ол Айжан ба?

– Иә, ол – Айжан.

– Ол студент пе?

– Жоқ, ол – дәрігер.

– Ол журнал оқи ма?

– Иә, ол журнал оқиды.

– Кім?

– Анна.

– Ол студент пе?

– Жоқ, ол – депутат.

– Ол радио тыңдай ма?

– Жоқ, ол кітап оқиды.

### 18. Диалогті оқыңыз. Көп нүктенің орнын толықтырыңыз.

– Бұл ..... Анна ма?

– .....

– Ол студент пе?

– .....

– Ол тіл үйрене ме?

– .....

– Ол кітап оқи ма?

– .....

### Сөйлеу (жіңішке дауысты сөздердің жіктелуі)

Мен сөйлеймін

Біз сөйлейміз

Сен сөйлейсің

Сендер сөйлейсіңдер

Сіз сөйлейсіз

Сіздер сөйлейсіздер

Ол сөйлейді

Олар сөйлейді

Мен қазақша сөйлеймін. Мұрат ағылшынша сөйлейді. Нұрлан орысша сөйлейді.

### 19. Сұрақтарға жауап беріңіз. Қарсы мағынада айтыңыз.

Вера французша сөйлей ме? Жанат ағылшынша сөйлей ме? Нұрлан орысша сөйлей ме? Ол ағылшынша сөйлей ме? Сіз французша сөйлейсіз бе? Сәуле мен Марат ағылшынша сөйлей ме? Сіз орысша сөйлейсіз бе? Олар орысша сөйлей ме? Сендер қазақша сөйлейсіңдер ме?

## 20. Сұрақтарды оқыңыз, жауап беріңіз.

**Үлгі:** – Кім сабақты қайталайды (мен)?

– Мен сабақты қайталаймын.

– Кім мәтінді оқиды (Айжан)?

– .....

– Кім жақсы оқиды (Айжан мен Сәуле)?

– .....

– Кім ережені (правило) біледі (мен)?

– .....

– Кім қазақша жақсы сөйлейді (олар)?

– .....

– Қазір кім қазақша сөйледі (біз)?

– .....

– Кім қазақ тілін оқиды (біз)?

– .....

## 21. Асты сызылған сөздерге сұрақ қойыңыз.

**Үлгі:** Анна қазақша сөйлейді. Кім қазақша сөйлейді?

Болат радио тыңдайды. Айжан журнал оқиды. Біз қазақша сөйлейміз. Олар ағылшынша сөйлейді. Жанат пен Елена жұмыс істейді. Мен жұмыс істеймін.

– Бауыржан үйде ме?

– Иә, ол үйде.

– Жанаргүл де ме?

– Иә, Жанаргүл осында.

– Бұл университет пе?

– Иә, бұл – университет.

– Кітап сендерде ме?

– Иә, кітап бізде.

– ..... ?

– Сәлеметсіз бе!

– ..... ?

– Иә, ол үйде.

– ..... ?

– Иә, Жанаргүл осында.

– ..... ?

– Иә, бұл – университет.

– ..... ?

– Иә, кітап бізде.

## 22. Сұрақтың жауабын табыңыз (найдите ответы на вопросы).

Бұл Ажар ма? ☐

Әжем үйде ме? ☐

Су осында ма? ☐

Кітап сенде ме? ☐

Бауыржан университетте ме? ☐

Сен қайдасың? ☐

Бұл сөздік пе? ☐

☐ Иә, ол үйде.

☐ Иә, сөздік.

☐ Иә, сонда.

☒ Иә, Ажар.

☐ Иә, менде.

☐ Мен мектептемін.

☐ Иә, осында.

23.



Тыңдаңыз. Әзіл әңгімені аяқтаңыз.

№5

Емтиханда:

– Сұраққа жауап ....., студент.

– Ойлауға кішкене уақыт .....

– Уақытың баяғыда бітіп кеткен.

– Онда аудиториядан көмек ..... немесе досыма .....

# 4

# ТӨРТІНШІ САБАҚ

## Қалай? (Как?) сұрау есімдігі

Сіз қазақша қалай сөйлейсіз?

– Анна қалай оқиды?

– Анна тез оқиды.

### Жаңа сөздермен танысайық!

Жақсы, жаман, тез, жылдам, жай, мұқият, дұрыс, қате

1. Сұрақтарды оқыңыз, жауап беріңіз, «қалай» сұрағына жауап беретін сөздерді теріп жазыңыз.

1. – Ол қалай жауап береді?

– Ол дұрыс жауап береді.

3. – Студенттер қалай тыңдайды?

– Студенттер мұқият тыңдайды.

2. – Айжан қалай оқиды?

– Айжан жақсы оқиды.

4. – Анна қалай жұмыс істейді?

– Анна жақсы жұмыс істейді.

**Студенттер — студент сөзінің көпше түрі.**

2. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Үлгі: – Ол қалай жұмыс істейді, жақсы ма, жаман ба ?

– Ол жақсы жұмыс істейді.

Сіз қазақша қалай сөйлейсіз: жақсы ма, жаман ба? .....

Анна қалай жауап береді: жақсы ма, жаман ба? .....

Марат қалай сөйлейді: қатты ма (громко), жай (тихо) ма? .....

Сіз мәтінді қалай түсінесіз: жақсы ма, жаман ба? .....

Сіз қазақша қалай сөйлейсіз: тез бе, жай ма (быстро или медленно)? .....

Оқытушы қалай оқиды: жай ма, тез бе? .....

3. Сөйлемді аяқтаңыз.

Үлгі: Ол тез оқиды, ал мен жай оқимын.

Айжан тез сөйлейді, ал Анна ..... . Нина жай оқиды, ал Назым ..... .

Анна қазақша жақсы сөйлейді, ал Алина ..... . Студенттер мұқият тыңдайды, ал оқушылар ..... . Ол дұрыс айтады, ал Раушан ..... .

#### 4. Үстеуге антоним таба отырып, сөйлем құраңыз.

Үлгі: Ол жылдам оқиды, ал мен *жай оқимын*.

Айжан ағылшынша жаман сөйлейді, ал Анна .....

Болат сабақты ұқыпты тыңдайды, ал Дастан .....

Маржан мәтінді дұрыс айтады, ал Марина .....

Ол орысша тез сөйлейді, ал ағылшынша .....

#### 5. Қандай сұрақ қойылды, табыңыз, жазыңыз.

Үлгі: – Анна қалай оқиды?

– *Анна жай оқиды.*

1. – .....?

– *Студенттер тез және дұрыс оқиды.*

2. ....?

– *Дәурен жай оқиды.*

3. ....?

– *Ол қазақша жақсы сөйлейді.*

4. ....?

– *Асқар ағылшынша жаман сөйлейді.*

5. ....?

– *Нина қызық әңгімелейді.*

6. ....?

– *Дархан жақсы оқиды.*

7. ....?

– *Марина тез сөйлейді.*

#### 6. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Үлгі: – Ол қалай тыңдайды?

– *Ол ұқыпты тыңдайды.*

Олар қалай оқиды?

.....

Ол мәтінді қалай біледі?

.....

Ол қалай жауап береді?

.....

Ол қазақша қалай сөйлейді?

.....

Оқытушы лекцияны қалай оқиды?

.....

Студенттер қалай тыңдайды?

.....

Сабақты қалай білесіз?

.....

Қазақша қалай сөйлейсіз?

.....

Қазақша қалай түсінесіз?

.....

– *Сіз білесіз бе (вы знаете), Раушан ағылшынша қалай сөйлейді?*

– *Иә, білемін. Ол ағылшынша жақсы сөйлейді.*

– *Жоқ, мен білмеймін.*


#### 7. Сұрақтарға жауап беріңіз.

*Сіз білесіз бе, Анна қазақша қалай сөйлейді? Сіз білесіз бе, Болат орысша қалай сөйлейді? Сіз білесіз бе, студенттер сабақты қалай тыңдайды? Сіз білесіз бе, олар мәтінді әңгімелей ме? Сіз білесіз бе, олар қазақша қалай сөйлейді?*

## 8. Мәтінді оқыңыз. Әңгімелеңіз.

Бұл – Анна. Анау – Арман. Олар – студенттер. Олар – ұқыпты студенттер. Қазір сабақ. Олар сабақты мұқият тыңдайды. Оқытушы мәтінді оқиды. Ол қатты және жай оқиды. Олар мәтінді тыңдап отыр. Олар қазақша сөйлейді және түсінеді. Анна мәтінді оқиды. Ол қалай оқиды? Анна жылдам және дұрыс оқиды. Олар жақсы жауап береді. Олар қазақша біледі.

## 9. Суретке қарап мәтін құрастырыңыз.



Есіңізге  
сақтаңыз!

Да/де, та/те шылаулары бірдейлікті және қайталау мағынасын береді.  
Орыс тіліндегі «тоже» сөзінің мағынасына сәйкес келеді.



10. а) Суретке қарап бірдей заттарды атаңыз.

*Үлгі:* Мынау – қолшатыр. Бұл да қолшатыр.  
(Это зонт. Это тоже зонт).



ә) Суретке қарап қандай заттар бір жерде орналасқанын айтыңыз.

*Үлгі:* Үстел асүйде. Тоңазытқыш та асүйде.



11. Диалогті оқыңыз, қайталаңыз. Келесі суретке диалог құрыңыз.

– Рұқсат па?

– Кіріңіз!

– Маған Марат  
Ахметұлы керек еді.

– Иә, ол менмін.



## 12. Мына суреттерді сөздермен толтырыңыз.

Мектеп, қалам, алма, терезе, қолғап, дос, пышақ, орындық, теледидар, әже, сүт, аға, қолшатыр, әке-шеше, құрбы, ит, орындық, етік, шарф, қызанақ, қаймақ, баскиім, гүл, су, ет, балмұздақ, көрші, автомобиль, ағаш, аялдама, кесе, аквариум, қасық.



Менің сөмкемде



Менің пәтерімде



Менің суретімде



Менің көшемде





**15. Мына фотосуреттерге қарап олардың астына тиісті сұрақты тауып жазыңыз.**

1. Бұл Семирамида бағы ма?
2. Бұл Александрия шамшырағы (маяк) ма?
3. Мынау Хеопс пирамидасы ма?
4. Мынау Зевс мүсіні ме?
5. Бұл Галикарнас кесенесі (мавзолейі) ме?
6. Бұл Родос алыбы ма?
7. Мынау Артемида ғибадатханасы ма?



16.



**Тыңдаңыз. Тапсырманы орындаңыз.**

**№6**

**Тапсырма. 1.**

Қожанасыр мен Алдаркөсе ..... жағасында жүр..... Алдаркөсе Қожа.....: – Қожеке, мына көлдің суы ..... шелек болады? – деп сұра..... Қожа бірден: – Осы көлдей шелек тапсаң, ..... шелек шығады, – деген екен.



## Қашан? (Қоғда?) сұрау есімдігі

Сіз жаңалықтарды қашан тыңдайсыз?

### Жаңа сөздермен танысайық!

таңертең, кешке, бүгін, ертең, кеше, түсте, түнде

– Сіз жаңалықтарды қашан тыңдайсыз?

– Мен кешке тыңдаймын.

#### 1. Мәтінді оқыңыз, жазыңыз.

Бұл – Дәурен. Ол – студент. Таңертең Дәурен тамақтанады (завтракает). Содан соң университетке келеді. Мұнда ол дайындалады. Күндіз түскі тамағын ішеді (обедает), содан соң аздап демалады. Кешке кешкі тамағын ішеді (ужинает), үй тапсырмасын дайындайды, газеттер және журналдар оқиды, радио тыңдайды, теледидар көреді.

#### 2. Сұраққа жауап беріңіз.

Үлгі: – Айжан газетті кешке оқи ма ?

– Иә. Айжан газетті кешке оқиды.

– Айжан таңертең оқи ма?

– .....

– Ол күндіз дайындала ма?

– .....

– Арман радионы кешке тыңдай ма?

– .....

– Ол теледидарды кешке немесе таңертең көре ме?

– .....

– Ол газетті кешке немесе таңертең оқи ма?

– .....

– Ол үй тапсырмасын күндіз немесе кешке дайындайды ма?

– .....

#### 3. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сіз түскі тамақты (обед) қашан ішесіз: күндіз бе, кешке ме?

2. Сіз кешкі тамақты қашан ішесіз: күндіз бе, кешке ме?

3. Сіз радионы қашан тыңдайсыз: кешке ме, таңертең бе?

4. Сіз қашан жұмыс істейсіз: кешке ме, таңертең бе?

5. Сіз қашан демаласыз: кешке ме, таңертең бе?

<sup>1</sup>Мен дайындаламын  
 Сен дайындаласың  
 Сіз дайындаласыз  
 Ол дайындалады  
<sup>2</sup>Мен дайындаймын  
 Сен дайындайсың  
 Сіз дайындайсыз  
 Ол дайындайды

Біз дайындаламыз  
 Сендер дайындаласыздар  
 Сіздер дайындаласыздар  
 Олар дайындалады  
 Біз дайындаймыз  
 Сендер дайындайсыңдар  
 Сіздер дайындайсыздар  
 Олар дайындайды

<sup>3</sup>Газеттер – көпше түрі, журналдар – көпше түрі.

**4. Сұрақтарға таңертең, күндіз, кешке, түсте, түстен кейін (после обеда), түске дейін (до обеда) сөздерін пайдаланып жауап беріңіз.**

**Үлгі:** – Сіз қашан радио тыңдайсыз?

– Мен радионы кешке тыңдаймын.

таңертең

күндіз

кешке

түсте

түстен кейін

түске дейін

– Тимур қашан дайындалады?

– .....

– Ол қашан түскі тамақ ішеді?

– .....

– Ол радионы қашан тыңдайды?

– .....

– Ол газетті қашан оқиды?

– .....

– Ол кешкі тамақты қашан ішеді?

– .....

– Ол үй тапсырмасын қашан дайындайды?

– .....

– Сіз таңертеңгі асты (завтрак) қашан ішесіз?

– .....

– Сіз қашан дайындаласыз?

– .....

– Сіз теледидарды қашан көресіз?

– .....

**5. Қандай сұрақ қойылды, табыңыз.**

**Үлгі:** – Таңғы асты қашан ішесіз?

– Мен таңғы асты таңертең ішемін.

1. – .....?

– Мен таңертең дайындаламын.

2. – .....?

– Біз түскі тамақты күндіз ішеміз.

3. – .....?

– Анна күндіз жұмыс істейді.

4. – .....?

– Мен газетті таңертең және кешке оқимын.

5. – .....?

– Болат радионы таңертең және кешке тыңдайды.

6. – .....?

– Олар үй тапсырмасын кешке дайындайды.

<sup>1</sup>Түстен кейін – после обеда.

<sup>2</sup>Сабақтан кейін – после урока.

<sup>3</sup>Кешкі тамақтан кейін – после ужина.

<sup>4</sup>Таңертеңгі тамақтан кейін – после завтрака.

## 6. Сұрақтарға үлгі бойынша жауап беріңіз.

**Үлгі:** – Айжан таңертең дайындала ма?

– *Таңертең бе, кешке ме, білмеймін.*

Болат күндіз жұмыс істей ме? Маржан кешке демала ма? Сәуле таңертең оқи ма? Ол теледидарды кешке көре ме? Нұржан мен Ерлан таңертең жұмыс істей ме?

## 7. Үлгі бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

**Үлгі:** – Сіз білесіз бе, ол қашан дайындалады?

– *Ол кешке дайындалады.*

Сіз білесіз бе, ол қашан оқиды? Сіз білесіз бе, қашан ол демалады? Сіз білесіз бе, ол қашан түскі тамақ ішеді? Сіз білесіз бе, ол қашан таңғы ас ішеді? Сіз білесіз бе, ол қашан келеді?

– *Таңертеңгі тамақты қашан ішесіз?*

– *Әдетте, мен таңертеңгі тамақты сағат сегізде ішемін.*

Қашан? Сағат бірде, екіде, үште, төртте, бесте, алтыда, онда, он бірде.

## 8. Сұрақтарға жауап беріңіз.

*Сіз таңертеңгі тамақты қашан ішесіз?*

*Сіз түскі тамақты қашан ішесіз?*

*Сіз кешкі тамақты қашан ішесіз?*

*Сіз радионы қашан тыңдайсыз?*

*Сіз қашан демаласыз?*

## Сұрақ: Не істейді? (Что делает?)

– *Студент не істейді?*

– *Студент оқиды.*

– *Ол не істейді?*

– *Ол оқиды.*

## 9. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. – *Оқытушы не істейді?*

– *Оқытушы лекция оқиды.*

2. – *Студенттер не істейді?*

– *Студенттер тыңдайды.*

3. – *Олар күндіз не істейді?*

– *Олар күндіз сабақ оқиды.*

4. – *Арман не істейді?*

– *Арман күндіз оқиды, кешке демалады.*

5. – *Сіз қазір не істейсіз?*

– *Мен қазір хат жазамын.*

6. – *Сен қазір не істейсің?*

– *Мен қазір газет оқимын.*

*Мен жазамын*

*Сен жазасың*

*Сіз жазасыз*

*Ол жазады*

*Біз жазамыз*

*Сендер жазасыңдар*

*Сіздер жазасыздар*

*Олар жазады*

## 10. Сұрақтарға берілген сөздерді пайдаланып жауап беріңіз.

Үлгі: – Сіз қазір не істейсіз? (демалу)

– Мен қазір демаламын.

– Сіз кешке не істейсіз (Кешкі тамақ ішу, демалу)?

– .....

– Андрей кешке не істейді (Сабақ дайындау)?

– .....

– Ол таңертең не істейді (Жұмыс істеу)?

– .....

– Сіз таңертең не істейсіз (Радио тыңдау)?

– .....

– Сіз қазір не істейсіз (Хат жазу)?

– .....

– Студенттер қазір не істейді (Мәтін оқу, жаттығу жазу)?

– .....

– Олар кешке не істейді (Қыдыру, оқу, теледидар көру)?

– .....

## 11. Сұрақтарға жауап беріңіз. 5, 6, 7-сұрақтарды жазыңыз, жауап беріңіз.

1. Таңертең Айжан не істейді?

2. Ол күндіз не істейді?

3. Студенттер қазір не істейді?

4. Олар кешке не істейді?

5. Сіз қазір не істейсіз?

6. Таңертең сіз не істейсіз?

7. Сіз кешке не істейсіз?

8. Арман түстен кейін<sup>1</sup> не істейді?

9. Сабақтан кейін<sup>2</sup> сіз не істейсіз?

10. Айжан сабақтан кейін<sup>3</sup> не істейді?

11. Арман таңертеңгі тамақтан кейін<sup>4</sup> не істейді?

12. Назым сабақтан кейін не істейді?

## 12. Қандай сұрақ қойылды, жауап табыңыз.

Үлгі: – Болат таңертең не істейді?

– Болат таңертең жұмыс істейді.

1. – .....?

– Кешке біз теледидар қараймыз (көреміз).

2. – .....?

– Қазір Айжан демалады.

3. – .....?

– Олар қазір түскі тамағын ішеді.

4. – .....?

– Мен кешке оқимын.

5. – .....?

– Мен күндіз оқимын.

6. – .....?

– Біз қазір дайындаламыз.

7. – .....?

– Назым қазір хат жазады.

### 13. Суретке қарап, тиісті сұрақты қойыңыз.

Үлгі: *Бұл сенің велосипедің бе?*



сен/велосипед  
аналар/доп  
біз/аула

мен/орын  
олар/Отан  
ол/кітап

сендер/мұғалім  
сіз/дүкен  
сіздер/ноутбук  
оның/көзілдірік

### 14. Сөйлемдерді оқыңыз, жазыңыз. «Қашан істейді?» деген сұраққа жауап беретін сөздерді теріп жазыңыз.

- Дәурен қашан жұмыс істейді?
- Дәурен күндіз жұмыс істейді.
- Күндіз ол не істейді?
- Күндіз ол жұмыс істейді.

.....

.....

.....

.....

- Ол қашан демалады?
- Ол кешке демалады.
- Дәурен кешке не істейді?
- Дәурен кешке демалады.

.....

.....

.....

.....

- Сіз қашан оқисыз?
- Мен кешке оқимын.
- Сіз кешке не істейсіз?
- Кешке мен оқимын.
- Кешке сіз не оқисыз?
- Кешке мен газет оқимын.

.....

.....

.....

.....

### 15. Диалогті оқыңыз.

- Бұл – Бекболат.
- Ол кім?
- Ол – студент.
- Ол қазір не істейді?

- Ол қазір оқиды.
- Қашан оқиды?
- Таңертең оқиды.
- Ал ол кешке не істейді?
- Кешке ол қыдырады.



**16. Мына танысу түрлерін оқып, үлгі бойынша таныстырыңыздар.**



**а) (Жаңа оқытушының топпен танысуы)**

- Сәлеметсіздер ме?
- Менің аты-жөнім – Омарова Дина. Мен сіздерге қазақ тілінен сабақ беремін.
- Ал енді сіздермен танысайық.

**ә) Достарыңызды бейтаныс адаммен таныстырыңыз.**

- Сәлеметсіз бе! Менің атым – Азамат. Ал мынау – менің досым. Оның аты – Мәди. Ал мынау – менің курстасым. Оның аты – Айнұр.
- Танысқанымға қуаныштымын. Менің атым – Ермек Досанұлы.



**б) Таныстарыңызға сурет көрсетіп, достарыңызды таныстырыңыз.**

- Мынау – мен. Мынау менің досым – Марат. Ал анау менің құрбым – Майра. Бұл – біздің досымыз Денис.



**17. Жұптасып жұмыс істеңіз. Тиісті етістікті таңдап сұрақ қойыңыз.**

|                      |                          |                                     |             |
|----------------------|--------------------------|-------------------------------------|-------------|
| Сен қандай музыка    | <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/>            | ойнайды ма? |
| Сіз қай қалада       | <input type="checkbox"/> | <input checked="" type="checkbox"/> | тыңдайсың?  |
| Досың волейбол ойнау | <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/>            | барасың ба? |
| Шахмат ойнау         | <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/>            | түсесің бе? |
| Бізбен тауға         | <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/>            | білесіз     |
| Университетке оқуға  | <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/>            | білесің бе? |
| Қандай тілдерді      | <input type="checkbox"/> | <input type="checkbox"/>            | тұрасыз?    |

**18. Көп нүктенің орнына берілген сөздерден таңдап жазыңыз.**

1. Біз таңертең.....
2. Мен күндіз.....
3. Сіз теледидарды ..... көресіз бе?
4. Олар қазақша .....
5. Артем мен Марина қазақша .....
6. Олар қазақ тілін жақсы.....
5. Сіз газетті кешке .....



**19. Көп нүктенің орнына білу, оқу, тыңдау, жұмыс істеу, жазу, сөйлеу, оқу етістігін тиісті жалғауымен қойып жазыңыз.**

Кешке мен газет-журнал ....., радио ..... Ал сіз кешке ..... ? Анна қазақша жақсы ..... Сіз де қазақша жақсы ..... Оқушы мәтінді жай ..... ал студенттер ..... Қазір Таян хат ..... Ал Айжан не істейді? Ол сабақ ..... Кешке Маржан үй тапсырмасын ..... Ол ..... оқиды.

**20. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Сіз қазақша қалай сөйлейсіз? Айжан қазақша қалай оқиды? Ол бүгінгі сабақты қалай біледі? Ол қалай жазады?
2. Сіз таңғы асты қашан ішесіз? Арман қашан жұмыс істейді? Ол қашан демалады? Сіз түскі асты қашан ішесіз? Сіз радионы қашан тыңдайсыз? Сен үй тапсырмасын қашан дайындайсың?
3. Студент күндіз не істейді? Олар кешке не істейді? Қазір не істейсіз? Кешке не істейсіз? Сіз қазақша сөйлейсіз бе? Анна сабақты жақсы біле ме? Ол қазақша тез оқи ма? Сіз таңертең газет оқисыз ба? Сіз күндіз жұмыс істейсіз бе?

## 6

## АЛТЫНШЫ САБАҚ

## Осы шақ (жай түрі)

Сіз қазақша газет оқисыз ба?

|                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                              |                                               |                                              |
|--------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------|-----------------------------------------------|----------------------------------------------|
| <b>А</b>                                   | <p><b>Осы шақ жай түрінің тұлғасын есімізге түсірсек:</b></p> <p>Жіктік жалғаулары (етістіктердің жіктелуі):</p> <p>1. етістік+а+(-<b>мын, -мыз</b>)<br/>етістік+е+(-<b>мін, -міз</b>)<br/>етістік+й+(-<b>мын, -мін, -мыз, -міз</b>)</p> <p>2. етістік+а+(-<b>сың, -сыз</b>)<br/>етістік+е+(- <b>сің, -сіз</b>)<br/>етістік+й+(-<b>сің, -сіз, -сың, -сыз</b>)</p> <p>3. етістік+а+(-<b>ды</b>)<br/>етістік+е+(-<b>ді</b>)<br/>етістік+й+(-<b>ді, -ды</b>)</p> <table><tr><td><b>Болымды түрі</b><br/><i>Мен ойнаймын</i></td><td><b>Болымсыз түрі</b><br/><i>Мен ойнамаймын</i></td><td><b>Сұраулы түрі</b><br/><i>Ойнамайсың ба?</i></td></tr></table> <p>1. Осы шақтың белгісіз жай түрі әрекет әртүрлі жиілікте тұрақты, әдеттегі немесе қайталамалы болса, қолданылады:<br/><i>Мен, әдетте, сағат 7-де тұрамын.</i></p> <p>Осы сияқты сөйлемдерде кез келген мезгіл мағыналы пысықтауыш қолданылады.</p> <p><b>Мысалы:</b><br/>әдетте – обычно<br/>әрқашан – всегда<br/>ылғи – всегда<br/>жиі – часто<br/>кейде – иногда<br/>ешқашан – никогда<br/>күнде – каждый день<br/>айына бір рет – раз в месяц<br/>күн сайын – ежедневно<br/>сирек – редко</p> | <b>Болымды түрі</b><br><i>Мен ойнаймын</i>   | <b>Болымсыз түрі</b><br><i>Мен ойнамаймын</i> | <b>Сұраулы түрі</b><br><i>Ойнамайсың ба?</i> |
| <b>Болымды түрі</b><br><i>Мен ойнаймын</i> | <b>Болымсыз түрі</b><br><i>Мен ойнамаймын</i>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | <b>Сұраулы түрі</b><br><i>Ойнамайсың ба?</i> |                                               |                                              |
| <b>В</b>                                   | <p>2. Салт немесе әдет туралы айтатын болса, осы шақтың белгісіз жай түрі қолданылады: Мұсылмандар шошқа етін жемейді. Менің әкем галстук тақпайды.</p> <p>3. Әрекеттің немесе біліктіліктің сипатын айтқанда, осы шақтың жай түрі қолданылады: Менің әпкем өте жақсы жүзеді. Біздің оқытушымыз ағылшынша жақсы сөйлейді. Менің інім тәттіні тым көп жейді.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                              |                                               |                                              |

|          |                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|----------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>С</b> | 4. Адам туралы бір мәлімет айтылғанда, осы шақтың жай түрі қолданылады (Осы шақтың жай түрі употребляется, когда о человеке сообщается какие-либо сведения):<br><i>Айнаш Астанада тұрады. Ол мейрамханада жұмыс істейді. Көбелек коллекциясын жинайды. Асқар Гарвардта оқиды.</i> |
| <b>Д</b> | 5. Пікір білдіргенде, қатысын білдіргенде, осы шақтың жай түрі қолданылады (Осы шақтың жай түрі употребляется, когда выражается мнение, отношение):<br><i>Мен сені жақсы көремін!</i><br><i>Мен аязды ұнатпаймын.</i><br><i>Мен джазды ұнатпаймын.</i>                            |

### 1. Берілген етістіктерді пайдалана отырып, сөйлемді аяқтаңыз.



1. Шолпан неміс тілінде өте жақсы .....
2. Мен кофені жиі .....
3. Жаттығу залы күнде таңертең сағат 7.30-да .....
4. Менің ата-анам кішкентай балаларды өте .....
5. Олимпиада төрт жыл сайын .....
6. Панама каналы Атлант мұхиты мен Тынық мұхитын .....

### 2. Етістіктерді дұрыс тұлғада жазыңыз.

- 1) Банк сағат қаншада ..... (жабылу).
- 2) Жанат шайды жиі ..... (ішу, ішпеу).
- 3) Сіз ..... (не істеу)?
- 4) Википедия қазақша ..... (сөйлеу).
- 5) Сабақ қашан ..... (басталу)?
- 6) Айнұр әнді жақсы ..... (айту).
- 7) Дастан спортты жақсы ..... (көру).
- 8) Ол күнде жаттығу ..... (жасау).

### 3. Келесі етістіктерді пайдалана отырып, сөйлемді аяқтыңыз, болымсыз нұсқаны да пайдалануыңыз керек:

- 1) Күріш Британияда .....
- 2) Амазонка өзені Атлант мұхитына .....
- 3) Вегетариандар ет .....
- 4) Жер күнді ..... (айналу).
- 5) Күн шығыстан ..... (шығу).
- 6) Ол ағылшын тілін ..... (білмеу).
- 7) Ол ылғи ..... (кешігіп жүру).
- 8) Жанат көп ..... (сөйлеу).
- 9) Өзендер мұхитқа ..... (құю).
- 10) Аудармашы бір тілден екінші тілге ..... (аудару).



#### 4. Сіз Айшаға, өзіңізге оның отбасы туралы, сұрақ қоясыз, сұрақтарды жазыңыз.

- 1) Сіз білесіз бе, Айша шахмат ойнай ма? . ...
- 2) Сіз білесіз бе, Айша кітапханаға жиі бара ма? ....
- 3) Сіз Айшаның отбасы туралы білесіз бе? Білмеймін, өзінен сұраңыз.
- 4) Сіз білесіз бе, Айша киноға жиі бара ма? Айшаның өзінен сұраңыз.
- 5) Сіз білесіз бе, Айшаның ата-анасы қайда тұрады? Білмеймін, өзінен сұраңыз.
- 6) Айшаның баспасөздің бәрін оқитынын білесіз. Оның қандай газеттер оқитынын білгіңіз келе ме? Айшаның өзінен сұраңыз. Сіз күнде қандай газеттер оқисыз?
- 7) Сіз білесіз бе, Айша киноға күнде барады. Сіз оның жиі баратынын білгіңіз келеді ғой. Сіз киноға жиі барасыз ба?
- 8) Сіз білесіз бе, Айша кейде демалыста өзінің ата-аналарына барады. Сіз оның жиі баратынын білгіңіз келе ме? Демалыста ата-анаңызға жиі барасыз ба?
- 9) Сіз Айшаның дүкенде істейтінін білесіз. Сіз оның күнде жұмыс істей ме, істемей ме, білгіңіз келеді. Өзінен сұраңыз. Сен күнде жұмыс істейсің бе?
- 10) Сіз Айшаның сіңлісінің теннис ойнайтынын білесіз. Сіз оның сіңлісінің теннисті қайда ойнайтынын білгіңіз келеді. Өзінен сұраңыз. Сенің әпкең теннисті қайда ойнайды?

#### 5. Келесі сөздер мен сөз тіркестерін пайдалана отырып, сөйлемді аяқтаңыз.

(Закончите предложения, используя следующие слова).

Кешірім өтінемін

Мен талап етемін

Мен уәде беремін

Мен ұсынамын

Мүмкіндік беріңіз

Қыдырамын

Тамақтанамын

- 1) Бүгін күн жақсы екен. .... .
- 2) Мен бұл туралы ешкімге айтпаймын. .... .
- 3) (Мейрамханада) Менің төлеуіме .... .
- 4) Осылай істегенім үшін .... .
- 5) Қаланың орталығындағы жаңа мейрамхана өте жақсы. Сонда .... .
- 6) Мына жігіттің талабы жақсы екен. Осы қызметке сол жігітті .... .

#### 6. Қандай сұрақ қойылды, табыңыз.

Үлгі: – Сіз таңертең не істейсіз? .....

– Таңертең мен жұмыс істеймін.

1. – ..... ?  
– Күндіз біз оқимыз.
2. – ..... ?  
– Кешке біз қыдырамыз.
3. – ..... ?  
– Таңертең ол хат жазады.
4. – ..... ?  
– Түстен кейін ол газет оқиды.
5. – ..... ?  
– Сабақта олар магнитофон тыңдайды.
6. – ..... ?  
– Күндіз мен дайындаламын.
7. – ..... ?  
– Кешкі тамақтан кейін олар музыка тыңдайды.



### 7. Берілген етістіктерді ауызша нақ осы шақта жіктеп шығыңыз.

*Жұмыс істеу, білу, тыңдау, ойлау, сұрау, жауап беру, таңғы асты ішу, беру, кешкі асты ішу, қайталау, сөйлеу, оқу, дайындау, жазу, көру, айналысу (заниматься).*

### 8. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Қазір не істеп жатырсыз? Бүгін студенттер не істеп жатыр? Олар түстен кейін не істеді? Сіз кеше кешкі астан кейін не істедіңіз? Сіз бүгін таңертең не істедіңіз? Сіз бүгін күндіз не істедіңіз?

### 9. Көп нүктенің орнына қайталау (повторять) етістігін ауыспалы осы шақта қойыңыз.

**Үлгі:** Ол сабақты қайталайды.

- |                        |                             |
|------------------------|-----------------------------|
| 1) Біз сөздерді .....  | 4) Жанат етістіктерді ..... |
| 2) Мен мәтінді .....   | 5) Сендер сөйлемдерді ..... |
| 3) Ол дыбыстарды ..... | 6) Олар сабақты .....       |

### 10. Көп нүктенің орнына қажетті (нужные) есімдіктерді қойыңыз.

**Үлгі:** Біз мәтінді оқимыз.

- |                             |                           |
|-----------------------------|---------------------------|
| 1) ..... өлеңді оқиды.      | 5) ..... жаттығуды оқиды. |
| 2) ..... журнал оқимын.     | 6) ..... сөйлемді оқиды.  |
| 3) ..... мәтінді оқисыңдар. | 7) ..... газет оқимыз.    |
| 4) ..... хатты оқисың.      | 8) ..... әңгімені оқиды.  |

### 11. Мына сөйлемдерді үш жақта жіктеңіз.

- |                        |       |       |       |
|------------------------|-------|-------|-------|
| 1) Радио тыңдау.       | ..... | ..... | ..... |
| 2) Сұрақты түсіну.     | ..... | ..... | ..... |
| 3) Сабақты тыңдау.     | ..... | ..... | ..... |
| 4) Қазақ тілін үйрену. | ..... | ..... | ..... |
| 5) Мәтінді аудару.     | ..... | ..... | ..... |

### 12. Жақша ішіндегі етістіктерді қажетті тұлғада жазыңыз.

**Үлгі:** Ол сөз жазды (жазу).

- |                                  |                                           |
|----------------------------------|-------------------------------------------|
| 1) Ол мәтін ..... (оқу).         | 6) Мен тапсырма ..... (орындау).          |
| 2) Біз журнал ..... (сатып алу). | 7) Анар сабаққа ..... (қатысу).           |
| 3) Ол хат ..... (жазу).          | 8) Оқытушы жатығуды ..... (тексеру).      |
| 4) Сен радио ..... (тыңдау).     | 9) Сен сөздерді ..... (қайталау).         |
| 5) Олар теледидар ..... (көру).  | 10) Оқушы өз бетінше ..... (жұмыс істеу). |

### 13. Сұрақтарға осы шақта жауап беріңіз.

- |                                  |                                                |
|----------------------------------|------------------------------------------------|
| 1) Сіз сұрақты түсіндіңіз бе?    | 6) Студент дұрыс жауап берді ме?               |
| 2) Сен жаңалықтарды тыңдадың ба? | 7) Анна, сен бұл сөйлемді түсіндің бе?         |
| 3) Алексей журналды оқыды ма?    | 8) Марат пен Жанат үй тапсырмасын орындады ма? |
| 4) Олар қазақ тілін үйренді ме?  | 9) Мұрат тамақтанды ма?                        |
| 5) Денис мәтінді қайталады ма?   |                                                |

#### 14. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Үлгі: – Даша жұмыс істеп жатыр ма (ұйықтау)?

– Жоқ, ол ұйықтап жатыр.

- 1) Самат оқып отыр ма (демалу)?
- 2) Сен жұмыс істеп жатырсың ба (тамақтану)?
- 3) Сағит тамақтанып жатыр ма (музыка тыңдау)?
- 4) Сіз теледидар көріп отырсыз ба (хат жазу)?
- 5) Мұғалім жазып отыр ма (сөйлеу)?

.....

.....

.....

.....

.....

#### 15. Сурет бойынша жұмыс істеңіз.

1-сурет үлгі. – Рұқсат па? Оқытушы: Жоқ, қазір сабақ.



## Ауыспалы осы шақ (Жалғасы)

Есіңізге сақтаңыз!

Переходное настоящее-будущее время может выражать действие, которое происходит в настоящем или будущем времени. Значение того или иного времени определяется по контексту высказывания.

**1. Мына етістіктерді ауыспалы келер шақта жіктеңіз. Ауыспалы осы шақтың жіктелуін есіңізге түсіріңіз.**

Тыңдау, қайталау, жұмыс істеу, жазу, оқу, әңгімелеу, ойнау, сөйлеу, дайындау, ішу.

**2. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

- Үлгі:** – Сіз кешке радио тыңдайсыз ба ?  
 – *Иә, кешке мен радио тыңдаймын.*  
 – *Жоқ, мен кешке радио тыңдамаймын.*

Сіз түстен кейін радио тыңдайсыз ба? Біз ертең диктант жазамыз ба? Оқытушы түстен кейін келе ме? Олар сабақтан кейін не істейді? Олар кешке қыдыра ма?

**3. Осы шақты келер шаққа өзгертіңіз.**

**Үлгі:** Мен хат жазамын. *Мен сабақтан кейін хат жазамын.*

|                                 |       |
|---------------------------------|-------|
| Оқытушы сабақ түсіндіреді.      | ..... |
| Студенттер тыңдайды.            | ..... |
| Студенттер мәтінді әңгімелейді. | ..... |
| Біз қазақша жақсы сөйлейміз.    | ..... |
| Телевизор көреміз.              | ..... |
| Сабаққа дайындаламыз.           | ..... |
| Ол көп оқиды.                   | ..... |
| Түскі тамақ ішеміз.             | ..... |
| Біз музыка тыңдаймыз.           | ..... |

Есіңізге сақтаңыз!

### Апта күндері қашан?

|          |            |               |
|----------|------------|---------------|
| Дүйсенбі | Дүйсенбіде | В понедельник |
| Сейсенбі | Сейсенбіде | Во вторник    |
| Сәрсенбі | Сәрсенбіде | В среду       |
| Бейсенбі | Бейсенбіде | В четверг     |
| Жұма     | Жұмада     | В пятницу     |
| Сенбі    | Сенбіде    | В субботу     |
| Жексенбі | Жексенбіде | В воскресенье |

## Жалғасы

|          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|----------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Е</b> | <p><b>1. Осы шақтың белгісіз жай түрі келер шақта болатын іс-әрекетті білдіру үшін де қолданылады: (Осы шақтың жай түрі употребляется, для обозначения действия, которое наверняка произойдет в будущем):</b> Көрме келесі аптада ашылады. Менің қазақ тілі курсым келесі аптада аяқталады. Мұндай мағынада мына етістіктер қолданылады: ашылады – жабылады; басталады – аяқталады; т. б.</p> <p><b>2. Осы шақтың жай түрі шарт және мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлемдерде келер шақты білдіру үшін қолданылады (Осы шақтың жай түрі употребляется, для выражения будущего в придаточных предложениях условия и времени).</b></p> <p><b>Мысалы:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Жаңбыр жауатын болса, қаланың сыртына бармаймыз.</li> <li>– Если будет идти дождь, мы не поедем за город.</li> <li>– Келгенде, саған айтамын.</li> <li>– Я скажу тебе, когда приеду.</li> <li>– Ол келгенге дейін, біз бәрін дайындап қоямыз.</li> <li>– До того как он приедет, мы все подготовим.</li> <li>– Келген соң, ол бірден офиске барады.</li> <li>– После того как он приедет, он поедет прямо в офис.</li> <li>– Оны таппайынша, мен қаладан кетпеймін.</li> <li>– Пока я не найду его, я не уеду из города.</li> </ul> <p><b>3. Осы шақтың жай түрі әңгімелерде, жарнамада, кітап немесе фильмдердің қысқа мазмұнында қолданылады. Мысалы:</b></p> <p><b>4. Сондай-ақ, осы шақтың жай түрі мақал-мәтелдерде (Отан үшін отқа түс, күймейсің);</b></p> <p><b>5. Әзіл, анекдоттар айтқанда;</b></p> <p><b>6. Спорттық комментарийлерде жылдам әрекеттерді беру үшін;</b></p> <p><b>7. Ғылыми деректерді айтқанда;</b></p> <p><b>8. Өткен шақтағы оқиғаларды беру үшін газет тақырыптарында қолданылады.</b></p> |
|----------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

**4. Демалу, радио тыңдау, газет, журнал оқу, теледидар көру, сабақ оқу, хат жазу, теннис ойнау сөз тіркесін пайдалана отырып, сұрақтарға жауап беріңіз.**

Айжан жексенбіде не істейді?

Бейсенбіде сіз не істейсіз?

Ол сенбіде не істейді?

Сіз бүгін кешке не істейсіз?

Дәурен дүйсенбіде не істейді?

Студенттер сәрсенбіде таңертең не істейді?

Ол ертең кешке не істейді?

Олар сейсенбіде не істейді? Олар жұмада не істейді?

### 5. Мәтінді оқыңыз. Сөйлемдер қай шақта берілген?

Түстен кейін мен демаламын, газет, журнал оқимын, содан соң сабақ оқимын, мәтін оқимын, жаттығу жазамын, етістіктерді қайталаймын. Кешке кешкі ас ішемін. Кешкі астан кейін мен теледидар көремін. Ән тыңдаймын, шахмат ойнаймын.

### 6. Сөйлемдерді төмендегі үлгі бойынша өзгертіңіз.

**Үлгі:** Бұрын мен қазақша сөйлемедім. *Қазір мен аздап қазақша сөйлеймін. Біз семестрден кейін қазақша жақсы сөйлейміз.*

1. Бұрын мен қазақша оқымадым.

3. Бұрын мен қазақша жазбадым.

2. Қазір аздап қазақша түсінемін.

4. Бұрын мен ағылшынша сөйлемедім.

## Көптік жалғау

Сабақ+**тар**, студент+**тер**, оқытушы+**лар**, көше+**лер**, журнал+**дар**, ән+**дер**.

### 7. Мына сөздерге көптік жалғауын жалғап жазыңдар.

Парта....., мектеп....., университет....., оқулық....., сұрақ....., газет....., етістік....., қате....., қалам....., дәптер....., қыз....., бала....., оқытушы....., магнитофон....., әріп....., сөз....., лекция....., стадион....., сөйлем....., қала....., үй....., зауыт....., фабрика....., сөздік....., ауыл....., журнал....., газет....., бассейн..... .

### 8. Мына заттардың қайсысы керек?

- a) қазақ тілін үйренуге;
- b) биологияны оқуға;
- c) астрономияны оқуға;
- d) спортпен айналысуға;
- e) сабақ беруге.

Үлгі: Биологияны оқу үшін микроскоп керек.



### 9. Үлгі бойынша жұмыс істеңіз. Жаңа сөз кездесе, қоршап қойыңыз, сөздіктен қараңыз. Сөздерді көптік мағынасында қолданыңыздар.

1. Бұл – қала. Мұнда көшелер ... бар.

Алаң, дүкен, зауыт, институт, университет, балабақша, мектеп, бұрқақ, автомобиль, саябақ, көрме, мұражай, концерт залы, кинотеатр, банк.

2. Бұл – бөлме.

Терезе, орындық, кереует, үстел, кілем, шам, кресло, ваза, гүл, перде, шкаф.

3. Бұл – сабақ.

Студент, дәптер, қалам, оқулық, сөздік, парта, бор, тақта, оқытушы, газет, журнал, кесте.

4. Бұл – отбасы.

Бала, ұл, қыз, әпке, аға, жеңге, әже, ата, ата-ана.



## Бурабай көлі



Бурабай – Қазақстанның **әсем** көлі. Ол – Көкшетаудың **маңында**.

*Бурабайдың табиғаты сұлу, ауасы таза. Биік таулар, көгілдір көлдер, қарағай мен қайың ағаштар өте сәнді. Саябақта жануарлардың 305 түрі бар. Оның 87 түрі – сирек кездесетін жануарлар.*

10.



**Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

**№7**

- 1) Бурабай деген не?
- 2) Ол қайда орналасқан?
- 3) Бурабайдың табиғаты қандай?
- 4) Бурабайда нелер бар?
- 5) Бурабай саябағында жануарлар бар ма?
- 6) Олардың саны қанша?
- 7) Қанша сирек кездесетін жануар бар?

## Меншік мағынасы

### Отбасы және достар

Есіңізге  
сақтаңыз!

В русском языке принадлежность одного предмета другому осуществляется при помощи притяжательных местоимений.

**I.** В казахском языке притяжательные местоимения отсутствуют. Значение принадлежности передается путем присоединения к основам личных местоимений суффиксов родительного падежа **-дың/-дің, -тың/-тің, -ның/-нің**.

**II.** В казахском языке существует притяжательная форма, которая показывает принадлежность данных предметов или явлений первому, второму или третьему лицу (или предмету). Принадлежность предмета кому (чему)-нибудь выражается посредством присоединения к основе слова аффиксов принадлежности.

|                 |                                                 |                                                                |
|-----------------|-------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|
| <b>I жақ</b>    | Менің қала+ <b>м</b>                            | Біздің қала+ <b>мыз</b>                                        |
| <b>II жақ</b>   | Сенің қала+ <b>ң</b><br>Сіздің қала+ <b>ңыз</b> | Сендердің қалалар+ <b>ың</b><br>Сіздердің қалалар+ <b>ыңыз</b> |
| <b>III жақ.</b> | Оның қала+ <b>сы</b>                            | Олардың қала+ <b>сы</b>                                        |

### Меншік мағынасы

| Лицо       | Конечный звук слова | Аффиксы |                                           | Примеры                                  |
|------------|---------------------|---------|-------------------------------------------|------------------------------------------|
|            |                     | Ед.ч.   | Мн.ч.                                     |                                          |
| <b>I</b>   | После гласных       | -м      | - мыз                                     | Бала+м, бала+мыз                         |
|            | После согласных     | -ым     | -ымыз                                     | қыз+ым, қыз+ымыз                         |
| <b>II</b>  | После гласных       | -ң      | -ларың, -дарың                            | Бала+ларың                               |
|            | После согласных     | -ың     | -дерің, -терің                            | қыз+ың                                   |
| <b>III</b> | После гласных       | -сы     | -лары                                     | Бала+сы, балалар+ы<br>көше+сі, көше+лері |
|            |                     | -сі     | -лері                                     |                                          |
|            | После согласных     | -ы      | -дары                                     | қыз+ы, қыз+дары<br>сөз+і, сөз+дері       |
|            |                     | -і      | -дері<br>-лары<br>-лері<br>-тары<br>-тері |                                          |



**III. Примечание.** В притяжательной форме конечный глухой звук основы переходит в звонкий.

**П в Б:** кітап — кітабы, топ — тобы, доп — добы.

**Қ в Ғ:** тарақ — тарағы, сұрақ — сұрағы.

**К в Г:** жүрек — жүрегі, күрек — күрегі, сөздік — сөздігі.

**1. Төмендегі сөздерді екі топқа бөліп жазыңыз. Бұлардың қайсысы екі топқа да кіретінін айтыңыз.**



аға,  
.....  
.....




жеңге,  
.....  
.....

**2. Тәуелдік жалғауын пайдаланып туыстық қатынастарды жазыңыз.**

1. Анамның ағасы – менің нағашым.
2. Әкемнің қарындасының баласы – менің .....
3. Әкемнің және шешемнің анасы – менің .....
4. Әпкемнің күйеуі – менің .....
5. Қарындасым – ата-әжемнің .....
6. Әпкемнің баласы – менің .....
7. Ағамның әйелі – менің .....
8. Анамның әпкесінің баласы – менің .....
9. Нағашымның баласы – біздің .....

**3. Жұптық жұмыс. Сұрақ-жауап.**



#### 4. Жұптық жұмыс. Суреттегі адамдармен сұрақ-жауап түрінде танысыңыз.

Үлгі: *Марат кім? Ол – менің інім. Жасы 14-те. Ол – оқушы.*



**Сұрақтар: Кімнің? Ненің? (Чей? Чья? Чье? Чьи?)**

#### 5. Мәтінді оқыңыз.

– Мынау кімнің суреті (фото).

– Менің суретім.

– Бұлар кімдер?

– Бұл – біздің отбасымыз: мынау – менің әкем, ал мынау – менің шешем. Ортада біздің атамыз және әжеміз отыр. Мынау – мен. Сол жақта менің інім, оң жақта қарындасым.

#### 6. Үлгі бойынша жауап беріңіз.

Үлгі: – Мынау кімнің оқулығы? Сенің оқулығың ба?

– Жоқ, бұл – оның оқулығы.

Бұл кімнің сөздігі? Бұл кімнің хаты? Бұл кімнің дәптері? Бұл кімнің сағаты? Бұл кімнің газеті? Бұл кімнің журналы? Бұл кімнің кітабы?

#### 7. Үлгі бойынша сұрақ қойыңыз.

Үлгі: – Бұл – менің журналым.

– Бұл кімнің журналы?

Бұл – менің сөздігім. Бұл – менің үйім. Бұл – біздің үйіміз. Бұл – сіздің оқытушыңыз. Бұл – сіздің ағаңыз. Бұл – сіздің жолдасыңыз. Бұл – менің бөлmem. Бұл – біздің көшеміз. Бұл – сіздің қызыңыз. Бұл – сенің дәптерің. Бұл – сіздің газетіңіз. Бұл – менің қарындасым. Бұл – біздің аудиториямыз. Бұл – сіздің орныңыз (место). Бұл – сіздің көйлегіңіз (платье).

#### 8. Үлгі бойынша жауап беріңіз.

Үлгі: – Менің сөздігім қайда?

– Міне, сенің (сіздің) сөздігің (сөздігіңіз).

1. .... аудитория қайда? .....
2. .... оқулығың қайда? .....
3. .... оқытушымыз қайда? .....

4. .... орным қайда? .....
5. .... кітабым қайда? .....
6. .... газетім қайда? .....
7. .... ағам қайда? .....

#### 9. Кесте бойынша сөйлем құраңыз.

*Үлгі: Кімнің оқулығы? Оның (ego) оқулығы.*

|                 |            |       |
|-----------------|------------|-------|
| <b>Бұл оның</b> | Мекенжайы  | ..... |
|                 | Отбасы     | ..... |
|                 | Жолдастары | ..... |
|                 | Жұмысы     | ..... |
|                 | Оқулығы    | ..... |
|                 | Машинасы   | ..... |
|                 | Кітабы     | ..... |

#### 10. Берілген сөйлемдерге сұрақ қойыңыз.

*Үлгі: Мынау – оның үйі.*

*Мынау кімнің үйі ?*

Мынау – оның машинасы. Мынау – оның магнитофоны. Мынау – оның фотоаппараты. Мынау – оның телефоны. Мынау – оның қызы. Мынау – оның баласы. Мынау – оның ағасы.

#### 11. Көп нүктенің орнына есімдікті жазыңыз.

*Үлгі: – Сіңілім осында тұрады. Бұл сіңілімнің бөлмесі.*

*Бұл оның бөлмесі.*

Балам оқиды. Бұл ..... оқулығы. Мен журнал оқимын. Бұл ..... журналым.  
 Сен сөздер жаттайсың. Бұл ..... сөздігің. Әкем үйде. Бұл ..... пальтосы.  
 Біз осында оқимыз. Бұл ..... аудиториямыз. Ол осында отырады. Бұл .....  
 орны. Студенттер жаттығу жазады. Бұл ..... тапсырмасы.

#### 12. Сұрақтарға қарсы мағынада жауап беріңіз. Менің, сенің, біздің, сіздің есімдігін пайдаланыңыз.

*Үлгі: – Бұл сіздің портфеліңіз бе?*

*– Жоқ, бұл менің портфелім емес. Бұл – оның портфелі.*

Бұл сіздің қаламыңыз ба? Бұл оның сөздігі ме? Бұл сенің оқулығың ба? Бұл сіздің кітабыңыз ба?  
 Бұл сіздің орныңыз ба? Бұл біздің аудитория ма? Бұл олардың адресі ме? Бұл сіздің телефоныңыз ба?



## Менде, сенде, онда ... бар құрылымы

### 13. Кестемен жұмыс жасаңыз.

Үлгі: Менде сөздік бар.

|        |          |        |            |     |
|--------|----------|--------|------------|-----|
| Мен    | Менде    | У меня | Сөздік     | Бар |
| Сен    | Сенде    | У тебя | Машина     |     |
| Сіз    | Сізде    | У вас  | Теледидар  |     |
| Ол     | Онда     | У него | Сөздік     |     |
| Біз    | Бізде    | У нас  | Телефон    |     |
| Сендер | Сендерде | У вас  | Магнитофон |     |
| Сіздер | Сіздерде | У вас  |            |     |
| Олар   | Оларда   | У них  |            |     |

Ескерту: ол+да онда деп айтылады.

### 14. Сұрақтарға болымды (в утвердительной форме) жауап беріңіз.

Үлгі: – Сізде оқулық бар ма ?

– Иә, менде оқулық бар.

(– Иә, бар.)

Онда оқулық бар ма? .....

Сізде уақыт бар ма? .....

Сізде сөздік бар ма? .....

Сенде ақша бар ма? .....

Сізде дәптер бар ма? .....

Сенде достар бар ма? .....

Сізде магнитофон бар ма? .....

Сенде ата-ана бар ма? .....

Сізде газет бар ма? .....

### 15. Көп нүктенің орнына есімдіктерді жазыңыз.

Үлгі: – Онда газет бар. Бұл – оның газеті.

Менде мотоцикл бар. Бұл – ..... мотоциклім. Бізде пәтер бар. Бұл – ..... пәтеріміз. Онда (у нее) машина бар. Бұл – ..... машинасы. Оларда бақ (сад) бар. Бұл – ..... бағы. Оларда кітап бар. Бұл – ..... кітабы. Сізде сөздік бар ма? Бұл – ..... сөздігі. Оларда бала бар ма? Бұл – ..... балалары. Сенде қарындас бар ма? Бұл – ..... қарындасы. Сенде аға бар ма? Бұл – ..... ағасы. Оларда ата-ана бар ма? Бұл – ..... ата-анасы.

### 16. Жақшадағы зат есімдермен сөз тіркесін құраңыз.

а) менің (дәптер, кітап, оқулық, журнал, газет, терезе, тапсырма, қате, хат, кітаптар, достар);

.....  
 .....  
 .....

б) біздің (аудитория, кітапхана, тапсырма, курс, емхана, есік, әже, дәрігер, оқытушы).

.....  
 .....  
 .....

## 17. Есімдіктерді пайдалана отырып, сұрақтарға жауап беріңіз.


- 1) Бұл кімнің кітабы?
- 2) Мынау кімнің қаламы?
- 3) Анау кімнің пальтосы?
- 4) Мыналар кімнің кітаптары?
- 5) Мұнда тұрған кімнің машинасы?
- 6) Оң жақта кімнің плащы ілулі тұр.
- 7) Үстелде жатқан кімнің қарындашы?
- 8) Сол жақта тұрған компьютер кімдікі?
- 9) Оқытушы кімнің қатесін түзетті?
- 10) Мұғалім кімнің үй тапсырмасын тексерді?

## 18. Есімдіктерге сұрақ қойыңыз.

- 1) Бұл – менің досым.
- 2) Мынау – оның ағасы.
- 3) Олар қазақ тілін үйреніп жүр.
- 4) Олар қазақша жазады, оқиды және сөйлейді.
- 5) Менің досым – студент.
- 6) Ол Моңғолиядан келді.
- 7) Біз тек қазақша сөйлесеміз.
- 8) Біздің тобымыз жақсы жұмыс істейді.
- 9) Олар аздап қазақша сөйлейді.
- 10) Сен ағылшынша білесің бе?
- 11) Оның баласы бірінші курста оқиды.

## 19. Мемлекеттер мен астаналарды пайдаланып, үлгі бойынша сөйлеңіз.

- Бұл менің елім – Қазақстан.
- Сіздің еліңіз қайда?
- Менің елім – Украина.
- Менің туған қалам – Киев. Сіздің туған қалаңыз қайда?
- Міне, менің туған қалам – Өскемен. Ал мынау Қанаттың туған қаласы – Алматы.



20. Төмендегі деректерді пайдаланып, мәтін құрастырыңыз. Айтыңыз.

Үлгі: *Ильяның толық аты – Илья Александрұлы Ильин.*

**Илья Ильин**

**Толық есім:** Илья Александрұлы Ильин

**Азаматтық:** Қазақстан

**Мамандандық:** спорт, ауыр атлетика

**Клуб:** Динамо

**Туған күн:** 24 мамыр 1988 (27 жас)

**Туған жер:** Қызылорда, Қазақстан

**Бапкер(лер):** Валерий Пак, Ержас Болтаев, Тойшан Бектимиров

**Бой:** 174 см

**Салмақ:** 94 кг

**Марапаттар:** Олимпиада ойындары: Алтын Пекин 2008 94 кг дейін; Алтын Лондон 2012 94 кг дейін.

**Әлем чемпионаты:** Алтын Доха 2005 85 кг дейін; Алтын Санто-Доминго 2006 94 кг дейін; Алтын Париж 2011 94 кг дейін.

**Азия ойындары:** Алтын Доха 2006 94 кг дейін; Алтын Гуанчжоу 2010 94 кг дейін.



21.



Тыңдаңыз. Әзілді аяқтаңыз.

№8

**Тапсырма.**

Бір қыз агент арқылы суретші жігітпен сөйлеседі:

– Ой, мына жіберген ..... қандай қызық. Ешқашан бұндай «смайлик» көрмеп едім.

– Кешіріңіз, қарындас, бұл ..... ғой.

## Өткен шақ

*Кеше бізде лекция болды.*

Болымды өткен шақ: Етістік + (-ды/-ді) + жіктік жалғау

Болымсыз өткен шақ: Етістік + ма/ме + (-ды/-ді) + жіктік жалғау

Сұраулы сөйлем: Етістік (-ды/-ді) + жіктік жалғау + *ма? ме? ба? бе? па? пе?*

|            |                                                 |       |
|------------|-------------------------------------------------|-------|
| Кеше бізде | Сабақ<br>Лекция<br>Жиналыс<br>Емтихан<br>Отырыс | болды |
|------------|-------------------------------------------------|-------|

1.



Тыңдаңыз. Төмендегі кестені толтырыңыз.

№9

Жұма күні Алексей не істеді?

|             |                             |
|-------------|-----------------------------|
| 9.00-9.50   | .....                       |
| 10.00-10.50 | .....                       |
| 11.00-11.50 | .....                       |
| 12.00-13.30 | <i>Түскі ас ішті.</i> ..... |
| 14.00-16.00 | .....                       |
| 17.00-19.00 | .....                       |
| 19.30-20.30 | .....                       |

2. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- Үлгі: – Кеше сендерде лекция болды ма ?  
 – *Иә, кеше бізде лекция болды.*  
 – *Иә, болды.*

Бүгін оларда лекция болды ма? .....

Кеше оларда жиналыс болды ма? .....

Сәрсенбіде сенде емтихан (экзамен) болды ма? .....

Жексенбіде оларда экскурсия болды ма? .....

Сенбіде сіздерде той болды ма? .....

Бүгін сендерде сабақ болды ма? .....

Қыста сіздерде каникул болды ма? .....

### 3. Сөйлемдерді өткен шақта жазыңыз.

**Үлгі:** Менде сөздік бар.

*Менде сөздік болды.*

Менде магнитофон бар. ....  
Менде машина бар. ....  
Оларда саябақ (дача) бар. ....  
Менің достарым бар. ....  
Оларда үй, машина бар. ....  
Менде ит бар. ....

### Келер шақ

|                |                            |        |
|----------------|----------------------------|--------|
| Ертең бізде    | Лекция<br>Мәжіліс<br>Сабақ | болады |
| Ертең сендерде | Емтихан<br>Сабақ<br>Сынақ  | болады |

### 4. Сұрақтарға болымды түрде жауап беріңіз.

Ертең бізде лекция бола ма? Бүгін бізде жиналыс бола ма? Жексенбіде бізде экскурсия бола ма? Ертең бізде кеш (вечер) бола ма? Жазда оларда емтихан бола ма? Жазда (летом) сіздерде демалыс бола ма?

**Қай? сұрағы және сілтеу есімдіктері:** бұл, ол, сол, анау, мынау, осы.

Мына студент қазақша сөйлейді.  
Осы қызметкер қазақша сөйлейді.  
Бұл студенттер қазақша сөйлейді.  
Мен бұл сөзді білемін.

### 5. Үлгі бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

**Үлгі:** – Сіз осы фильмді көрдіңіз бе?

*– Иә, мен осы фильмді көрдім (видел).*

Сіз осы журналды оқыдыңыз ба? Сіз мына оқулықты сатып алдыңыз ба (купили)? Сіз үйде осы жаттығуды жаздыңыз ба? Сіз бұл сөзді білесіз бе? Сіз мына газеттерді оқыдыңыз ба? Мына студент қазақша біле ме? Мына кісі қазақша біле ме? Осы кісі қазақша сөйлей ме?

### 6. Сұрақтар қойыңыз.

**Үлгі:** – Айжан осы газеттерді сатып алды.

*– Айжан қай газеттерді сатып алды?*

Мына студент теннисті жақсы ойнайды. Мына қыз жақсы билейді. Кеше осы студенттер футболды жақсы ойнады. Айжан осы журналды оқыды. Үйде біз осы жаттығуларды жаздық. Біз осы етістіктерді жаттадық. Мен осы әңгімені оқыдым. Мен сол қызды жақсы білмеймін.



**7. Ауыспалы осы шақты жедел өткен шаққа өзгертіңіз.**

**Үлгі:** Ол жұмыс істейді. – *Ол жұмыс істеді.*

1. Ол жауап береді. – .....
2. Ол таңғы ас ішеді. – .....
3. Олар қыдырады. – .....
4. Біз оқимыз. – .....
5. Олар сұрайды. – .....
6. Ол түскі ас ішеді. – .....
7. Біз жұмыс істейміз. – .....
8. Олар тыңдайды. – .....
9. Сіз әңгімелейсіз. – .....
10. Олар кешкі ас ішеді. – .....

**8. Осы шақтағы сөйлемді өткен шақта айтыңыз, жазыңыз.**

- Оқытушы сабақ түсіндіреді. – .....
- Ол қазақша сөйлейді. – .....
- Оқытушы сұрайды, студент жауап береді. – .....
- Ол мәтінді жақсы біледі. – .....
- Күндіз біз жұмыс істейміз, ал кешке демаламыз. – .....
- Мен үй тапсырмасын орындаймын. – .....
- Ол радио тыңдайды. – .....
- Айжан журнал оқиды. – .....
- Кешкі астан кейін мен теледидар көремін, магнитофон тыңдаймын. – .....
- .....

**9. Мәтінді жазыңыз. Осы шақты өткен шаққа өзгертіңіз.**

Біз сабақта не істейміз? Біз мәтін оқимыз. Содан соң (потом) оқытушы сұрайды, ал біз жауап береміз. Елена жылдам және дұрыс оқиды, ол сөздерді жақсы біледі. Біз оны ықыласпен (внимательно) тыңдаймыз. Содан соң оқытушы сабақ түсіндіреді. Біз оқытушыны түсінеміз. Біз етістіктерді (глаголы) қайталаймыз, диктант жазамыз, қазақша сөйлейміз. Барлық (все) студенттер жақсы жұмыс істейді.

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

### 10. Мәтінді жазыңыз. Осы шақты өткен шаққа өзгертіңіз.

Кешке мен не істеймін? Сабақтан кейін (после уроков) мен түскі ас ішемін, демаламын, газет, журнал оқимын. Содан соң мен оқимын, үй тапсырмасын орындаймын, сөздер жаттаймын, етістіктерді қайталаймын, мәтін жазамын. Анна да үй тапсырмасын дайындайды. Содан соң біз кешкі ас ішеміз, Шахмат ойнаймыз, теледидар көреміз, радио тыңдаймыз.

---

---

---

---

---

---

---

---

### 11. Қажетті етістікті тауып, сөйлемді аяқтаңыз.

- 1) Студент журнал .....
- 2) Ол хат .....
- 3) Оқытушы жаттығуды .....
- 4) Менің досым жақсы .....
- 5) Достарым көп .....
- 6) Ағам машина .....
- 7) Біз тапсырманы .....
- 8) Біздің тобымыз мұражайға .....
- 9) Біз күнде музыка .....
- 10) Кешке студент көп .....



### 12. Мына зат есімдермен тіркесетін етістіктерді жазыңыз:

Үлгі: *дон тебу*.

Доп, есеп, жаттығу, кітап, хат, тапсырма, футбол, емтихан, музыка, ән, газет, кітапхана, есік, терезе, нан, ірімшік, қолғап, еден, шахмат, шаш.

---

---

---

---

---

---

---

---

**13. Жұптық жұмыс. Диалогті өткен шақта толықтырыңыз. Сұхбаттасыңыз. (айтамын, бітірдім, тұрдым, бітірдіңіз бе, аяқтадым).**

**Марина:** – Сәлеметсіз бе, Әсем?

**Әсем:** – Сәлеметсіз бе, Марина? Оқуыңызды ..... ?

**Марина:** – Иә, бітірдім. Қаламыздағы облыстық драма театрына жұмысқа ..... .

**Әсем:** – Құттықтаймын, Марина! Сіз қандай бөлімді ..... ?

**Марина:** – Мен вокал бөлімін ..... . Жас сазгерлердің әндерін орындап жүрмін.

**Әсем:** – Тамаша! Кімдердің әнін жиі орындайсыз?

**Марина:** – Маған Марат Омаров, Арман Дүйсеновтің өлеңдері ұнайды. Оларды жиі ..... .

**Әсем:** – Саған табыс тілеймін!

**Марина:** – Рақмет, Әсем!

**14. Сөйлемдерді толықтырыңыз.**

– Жанат, сен кеше киноға ..... ?

– Жоқ, мен киноға ..... .

– Киноға менің ағам ..... .

**15.**



**Тыңдаңыз. Сөйлемдерді толықтырыңыз.**

**№10**

**Тілші:** – Сәлеметсіз бе, Роза ханым?

**Роза:** – Сәлеметсіз бе? Қош ..... .

**Тілші:** – Роза ханым, «Әлия» әні сіздің сүйікті әнііз бе?

**Роза:** – Иә, «Әлия» әні – менің алғашқы әндерімнің бірі.

**Тілші:** – Сіз қайда ..... ?


**Роза:** – Мен консерваторияда ..... .

**Тілші:** – Сіз шет тілдерінде ән ..... ?


**Роза:** – Мен қазақ әндерінен басқа түрік, орыс, өзбек халқының әндерін айттым.

**16. Сызбаға қарап бұл адамдардың қайда болғанын, не істегенін айтыңыз.**

**Үлгі:**



Айман үйде **болды**. Ол дүкенге **кетті**. Айман дүкеннен азық-түлік сатып **алды** да, үйге **қайтты**.



Ақша айырбастау, дәрі-дәрмек алу, виза алу, тенис ойнау, кітап алу, сурет көру.

### 17. Диалогті оқыңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

**Марат:** – Жанар, сен кеше не істедің?

**Жанар:** – Кеше «Жастар» театрына бардым.

**Марат:** – Қандай спектакль көрдің?

**Жанар:** – «Ең әдемі келіншек». Менің сүйікті актрисам – Лидия Қаденова ойнады. Сен оны білесің бе?

**Марат:** – Әрине, білемін. Жуырда теледидардан ол кісі ойнаған фильмді көрдім.

### 18. Мына әңгіме-кеңесті толықтырыңыз.

Қымбатты досым, .... ! Менің естуімше, сен Қазақстанға келеді екенсің. Бұл сенің Қазақстанға бірінші рет келуің. Сол себепті саған бірнеше кеңес айтқым келеді:

.....

.....

.....

.....

.....

# 9

# ТОҒЫЗЫНШЫ САБАҚ

## Сын есім

### Менің қоңыр костюмім қайда?

**Киім:** жейде, шалбар, кофта, көйлек, шолақ шалбар (шорты), белдемше (юбка), етік, бәтіңке, джинс шалбар, футболка, қалпақ, етік, күртеше, жемпір.



**1. Суреттегі киімдерді түстермен сәйкестендір.**

*Үлгі: 1. Қызғылт, т.б.*

**Жұптық жұмыс. Суретке қарап, диалог құрыңыз.**

*Үлгі: – Олжастың жейдесі қандай?*

*– Олжастың көйлегі жолақ түсті.*

**2. Жұптық жұмыс. Есте сақтау ойыны. 1-ші студент суретке 1 минут қарап алған соң, кітапты жауып, 2-ші студенттің сұрағына жауап береді.**

*Үлгі:*

Кімнің джинсыйы көк?

Жанаттың джинсыйы көк.

Айнұрдың пальтосының түсі қандай?

Түсі қоңыр.



### 3. Суреттен 3 адамды тандап, оларды сипаттаңыз.

*Үлгі: Олжас ұзын бойлы, толық. Оның шашы сары. Оның жейдесі қоңыр, шалбары көк.*

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....



### 4. Сөйлем құраңыз.

*Үлгі: Бұл жаңа үйде ағам тұрады.*

Бұл жаңа

- үй
- кітап
- машина
- магнитофон
- пальто

Бұл жас

- дәрігер
- оқытушы
- бала
- қыз

Есіңізге  
сақтаңыз!

*Прилагательные в казахском языке не согласуются с существительными ни в роде, ни в числе, ни в падеже.*

### 5. Берілген сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.

*Үлгі: қоңыр костюм*

а) Менің қоңыр костюмім қайда?

ә) Осы қоңыр костюм қанша тұрады (Сколько стоит?)?

Ақ

Қара

қызыл

жасыл

сары

көк

қоңыр

плащ

пальто

шарф

галстук

сөмке

бәтіңке

туфли

қалпақ

шалбар (брюки)

## 6. Мына сөздерден сөз тіркесін, сөйлемдер құрыңыз.

Соңғы – последний, кешегі – вчерашний, көрші – соседний, жазғы – летний, қысқы – зимний, бүгінгі – сегодняшний.

автобус, бет, хат, сөз, әңгіме, лекция, сабақ, газет, жиналыс, класс, бөлме, үй, күн, ауа райы, каникул, спорт, пальто, айлар, жаңалық

.....

.....

.....

.....

.....

.....

## 7. Берілген есімдік пен сын есімді тауып жазыңыз.

Үлгі: Бұл – біздің кешегі тапсырмамыз.



Бұл ..... дәптер..... . Бұл ..... сабақ..... . Бұл ..... хат..... .  
Бұл ..... емтихан..... . Бұл ..... жаттығу..... . Бұл ..... костюм..... .  
Бұл ..... пальто..... . Бұл ..... телефон..... . Бұл ..... адрес .....

## 8. Мына сөздерден сөз тіркесін және сөйлем құрыңыз.

Қазақша – ән, би, саз, музыка. ....

Жақсы – күн, ән, би, роман, әңгіме. ....

Жаман – күн, ауа райы, жаңалық. ....

Әдемі – қыз, көйлек. ....

Үлкен – аға, әпке, бала. ....

Ыстық – сорпа, су, сүт. ....

Басқа (чужой) – журнал, пальто, зат. ....

Алдағы (будущий) – жыл, апта, жаз, каникул. ....

## 9. Сұрақтарға болымды түрде жауап беріңіз.

Сізде қазақша-ағылшынша сөздік бар ма? Сіздің үлкен ағаңыз бар ма? Сізде бүгінгі газет бар ма? Сізде қызыл қалам бар ма? Сіз біздің жаңа сабақ кестесін білесіз бе? Сіз соңғы жаңалықты естідіңіз бе (слышали)? Сіз менің соңғы мекенжайымды білесіз бе? Сіздің кішкентай қарындасыңыз (сіңліңіз) (младшая сестра) бар ма?

## 10. Мына сөз тіркестерін қазақ тілінде көпше түрде жазыңыз.

**Үлгі:** Большой дом – үлкен үй, үлкен үйлер.

|                      |       |   |       |
|----------------------|-------|---|-------|
| Большой дом –        | ..... | , | ..... |
| новый магазин –      | ..... | , | ..... |
| интересный фильм –   | ..... | , | ..... |
| казахская песня –    | ..... | , | ..... |
| незнакомое слово –   | ..... | , | ..... |
| широкая улица –      | ..... | , | ..... |
| хороший друг –       | ..... | , | ..... |
| короткий рассказ –   | ..... | , | ..... |
| старый город –       | ..... | , | ..... |
| последнее письмо –   | ..... | , | ..... |
| высокое здание –     | ..... | , | ..... |
| старшая сестра –     | ..... | , | ..... |
| светлый костюм –     | ..... | , | ..... |
| казахский писатель – | ..... | , | ..... |
| газетный киоск –     | ..... | , | ..... |
| иностранный язык –   | ..... | , | ..... |
| летний месяц –       | ..... | , | ..... |

## 11. Жекешені көпшеге өзгертіңіз.

Менде жаңа кітап бар. ....  
Оның қызық кітабы бар. ....  
Менде соңғы газет бар. ....  
Сізде таза дәптер бар ма? ....  
Сізде қазақша-ағылшынша сөздік бар ма? ....  
Мен осы жаңа журналды оқыдым. ....  
Сіз жаңа қазақ фильмін көрдіңіз бе? ....  
Сіз соңғы сөйлемді түсіндіңіз бе? .....

## 12. Мына сөз тіркестерінің қарсы мағынасын табыңыз, жазыңыз.

|                        |                            |
|------------------------|----------------------------|
| 1. Ыстық шай – .....   | 7. Қараңғы бөлме – .....   |
| 2. Жақсы фильм – ..... | 8. Суық су – .....         |
| 3. Қызық кітап – ..... | 9. Кішкентай қала – .....  |
| 4. Ұзын пальто – ..... | 10. Қиын жаттығу – .....   |
| 5. Ескі зат – .....    | 11. Жеңіл портфель – ..... |
| 6. Қарт адам – .....   | 12. Үлкен үй – .....       |

## 13. Мына сөйлемдердегі сын есімдердің антонимін табыңыз, жазыңыз.

**Үлгі:** Бұл – үлкен бөлме.

*Бұл – кіші бөлме.*

Бұл үлкен қала.

Бұл кең көше.

Бұл – ескі ғимарат (здание).

Бұл – жарық бөлме.

Бұл – қысқа сөйлем.

Бұл – жақсы жауап.

Бұл – ескі сабақ кестесі.

Бұл – жаман қалам.

#### 14. Берілген сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап жазыңыз.

Бұл қандай кітап? .....

Бұл қандай журнал? .....

Бұл қандай хат? .....

Бұл қандай үй? .....

Бұл қандай ғимарат? .....

Бұл қандай бөлме? .....

Бұл қандай ән? .....

Бұл қандай фильм? .....

Бұл қандай костюм? .....

Бұл қандай пальто? .....

Қай журналист клубта болды? .....

Қай бала паркте ойнады? *кішкентай*

Сіз қандай сөздіктер сатып алдыңыз? .....

Сіз қандай кітаптар жинайсыз? (собираете) .....

Сіз қандай әңгімелер оқисыз? .....

Сіз қандай газеттер оқисыз? .....

Сіз қандай фильм көресіз? .....

Сіз қандай марка жинайсыз? .....

қызыл

үлкен

жаңа

жазғы

қазақ

ағылшынша-  
қазақша

қазақша

қысқа

бүгінгі

жапон

қазақстандық

шетелдік

#### 15. Сәйкес сын есімдерді тауып, сұрақтарға жауап беріңіз.

**Үлгі:** – Бұл қандай костюм?

– *Бұл – ашық түсті (светлый) костюм.*

1. Бұл қандай қала? .....

2. Бұл қандай үй? .....

3. Бұл қандай фильм? .....

4. Бұл қандай газет? .....

5. Бұл қандай көше? .....

6. Бұл қандай ел? .....

7. Бұл қандай алаң? .....

8. Бұл қандай бөлме? .....

9. Бұл қандай журнал? .....

10. Бұл қандай хат? .....

11. Сіз қандай журнал оқисыз? .....

12. Сөздіктен қандай сөзді қарадыңыз? .....
13. Жексенбіде қандай фильм көрдіңіз? .....
14. Бұл қандай ауыл? .....
15. Бұл қандай адам? .....
16. Бұл қандай дүкен? .....
17. Бұл қандай жаттығу? .....
18. Бұл қандай сөйлем? .....
19. Бұл қандай дәптер? .....
20. Бұл қандай сөз? .....
21. Бұл қандай дос? .....
22. Бұл қандай пальто? .....
23. Бұл қандай кітап? .....
24. Сіз қандай ән жақсы көресіз? .....
25. Сіз қандай газет оқисыз? .....

### 16. Сөйлемге сұрақ қойыңыз. Сұрақ қойылған сөздің астын сызыңыз.

**Үлгі:** – Мен қазақша-ағылшынша сөздік сатып алдым.

– Сіз қандай сөздік сатып алдыңыз?

- Біз қазақ тілін үйренеміз. ....
- Мен жаңа сабақ кестесін көрдім. ....
- Мен бүгінгі газетті оқимын. ....
- Біз жаңа қазақ фильмін көрдік. ....
- Мен соңғы сөйлемді түсінбедім. ....

### 17. Мәтінді оқыңыз, жазыңыз, әңгімелеңіз.

Алматы – үлкен, әдемі қала. Қалада кең, жаңа даңғылдар (проспект), биік үйлер, сұлу, әдемі алаңдар, ескі, тыныш (тихий) көшелер де бар. Міне, Республика алаңы. Ал мынау — орталық мұражай (музей).

Бұл – Абай атындағы опера және балет театры. Мен қазақ операсын жақсы көремін (люблю). «Қыз Жібек» операсы өте жақсы. Мен осы театрда болдым. «Абай» операсын көрдім. Абай әндері ұнады.

Ал мынау – Қазақ ұлттық университеті. Мен осында оқимын. Қазақ тілін үйрендім.

Алматы – жасыл қала. Алматыда үлкен парктер бар. Парктер өте әдемі, таза.

18.



**Тыңдаңыз. Тиісті сын есімдерді қойып мәтінді аяқтаңыз.**

**№11**

Менің туған жерім – Қазақстан. Қазақстан қазынаға ..... ел. Біздің еліміздің табиғаты өте ..... асқар тау, ..... көлдер, ..... гүлдер мен ..... өсімдіктер өседі. Қазақстан жерінде ..... аңдар мен құстар, ..... жануарлар бар. Бұл жерде біздің ..... ата-бабаларымыз өмір сүрген.



**Қалау рай (желательное наклонение)***Менің қазақ тілін білгім келеді.*

Менің қазақ тілін білгім келеді.  
 Сенің қазақ тілін білгің келеді.  
 Сіздің қазақ тілін білгіңіз келеді.  
 Оның қазақ тілін білгісі келеді.

Біздің қазақ тілін білгіміз келеді.  
 Сендердің қазақ тілін білгілерің келеді.  
 Сіздердің қазақ тілін білгілеріңіз келеді.  
 Олардың қазақ тілін білгісі келеді.

Есіңізге  
сақтаңыз!

**Қалау рай** образуется следующим образом: к основе глагола прибавляются сначала суффиксы: **-қы/-кі, -ғы/-гі**, затем – притяжательные окончания, вновь образованное слово сочетается с вспомогательным глаголом **кел** в третьем лице.

**1. Мына сөйлемдерді жіктеңіз.**

- Менің қазақша жақсы сөйлегім келеді.
- Менің қазақша әндер білгім келеді.
- Менің шет тілдерін үйренгім келеді.

**2. Сұрақтарға болымды және болымсыз түрде жауап беріңіз.**

**Үлгі:** – Сіздің тамақ ішкіңіз келе ме? (*Хотите есть?*)  
 – *Иә, менің тамақ ішкім келеді.*  
 – *Жоқ, менің тамақ ішкім келмейді.*

Сіздің кешкі ас ішкіңіз келе ме? .....

Сіздің радио тыңдағыңыз келе ме? .....

Сіздің шахмат ойнағыңыз келе ме? .....

Сіздің теледидар көргіңіз келе ме? .....

Сіздің билегіңіз келе ме? .....

Сіздің магнитофон тыңдағыңыз келе ме? .....

Сіздің қазақ әндерін білгіңіз келе ме? .....

### 3. Тыңдаңыз. Жаттығуды орындаңыз.



Жаттығулар кезінде адам ағзасы 1-1,5 литр су жұмсайды. Сондықтан көп су ішу керек. Қашан және қанша су ішу керек?

Жаттығудан 2 сағат бұрын 300-500 мл (2 стақан) су ішу керек.

Жаттығудың басында 200 мл (1 стақан) су ішу керек.

Жаттығу кезінде әр 15 минут сайын 50 мл су іше аласыз.

Жаттығу кезінде суды барынша аз ішу керек. Ауызды шайған дұрыс.

Жаттығудан кейін бөлме температурасындай 1-2 стақан су ішу керек.

Түрлі шырындар, коктейльдер, шай, энергетикалық газдалған суды іспеу керек!

(<http://massaget.kz/>)

#### Көмекші етістік *ал* (*мочь*)

Мен осы есептерді шығара аламын.

Сен осы есептерді шығара аласың.

Сіз осы есептерді шығара аласыз.

Ол осы есептерді шығара алады.

Біз осы есептерді шығара аламыз.

Сендер осы есептерді шығара аласыңдар.

Сіздер осы есептерді шығара аласыздар.

Олар осы есептерді шығара алады.

Есіңізге  
сақтаңыз!

Вспомогательный глагол **ал** (**возьми, бери**) в составе сложного глагола дает значение модальности и соответствует русскому глаголу **мочь**.

#### 4. Ал көмекші етістігін көп нүктенің орнына қойыңыз.

Бүгін мен сабаққа жауап бере ал..... . Ол жылдам жаза ал..... . Олар ертең сабақта бола ал..... . Біз кешке жұмыс істей ал..... . Мен бұл сөзді түсіндіре ал..... . Ол осы жаттығуды орындай ал..... . Сіз сұрақты қайталай ал..... . Сіз мына журналды көрсете ал..... . Сен осы есептерді шығара ал..... .

### Керек — должен

Қазақ тілінде керектікті, қажеттікті білдіру керек, қажет сөздерінің қимыл есімімен тіркесуі арқылы білдіріледі.

Қимыл есімі зат есім сияқты тәуелдік жалғауын қабылдайды.

Менің хат жазуым керек.  
Сенің хат жазуың керек.  
Сіздің хат жазуыңыз керек.  
Оның хат жазуы керек.  
Біздің хат жазуымыз керек.  
Сендердің хат жазуларың керек.  
Сіздердің хат жазуларыңыз керек.  
Олардың хат жазулары керек.

#### 5. Спортшы қандай тамақ іше алады немесе қандай тамақ ішу керек? Осы сұраққа шағын әңгіме жазыңыз.

.....

.....

.....

.....

.....

.....

#### 6. Көп нүктенің орнына қимыл есімінің сөз жағын анықтап, дұрыс жазыңыз.

Сіздің осы мәтінді әңгімелеу .....

Оның сабақта жауап беру .....

Олардың диктант жазулар .....

Сіздердің осы етістіктерді қайталаулар .....

Менің үй тапсырмасын жазу .....

Осы студенттің көп жұмыс істеу .....

Кешке менің хат жазу .....

Біздің осы әңгімені оқу .....

Барлық студенттердің осы сөздікті сатып алу .....

Біздің күнде дайындалу .....

Біздің қазақша газеттер оқу .....

Біздің осы фильмді көру .....

7. Төменде берілген етістіктерді пайдалана отырып, сөйлемді аяқтаңыз.

жұмыс істеу

оқу

хат жазу

демалу

қазақ тілін жақсы білу

қазақша жақсы сөйлеу

Бүгін кешке менің ..... . Күнде біздің ..... .  
Студенттердің ..... . Бүгін менің әпкемнің ..... .  
Сіздің жолдасыңыздың ..... . Сабақтан кейін ..... ?  
Біздің .....

8. Мына сұраққа төмендегі сөздерді пайдалана отырып жауап жазыңыз. Керек модальді етістікті пайдаланыңыз. Өзіңіз пікіріңізді қосыңыз.

Денсаулықты сақтау үшін қандай ережелерді орындау керек?

гигиена сақтау

жаттығу жасау

дұрыс тамақтану

организмді шынықтыру

белсенді болу

қайырымды және ақжарқын болу

жаяу жүру



.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

## Сұрақ: *қайда?*

Мен жаңа әңгіме оқимын.

Сіз не оқисыз?

Мен университетте оқимын.

Сіз *қайда* оқисыз?

### 9. Көп нүктенің орнына оқу етістігін пайдаланыңыз.

Сіз ..... немесе жұмыс істейсіз бе? Мен университетте .....  
Сіз қалай ..... Мен жақсы ..... себебі күнде дайындаламын, күнде жаңа мәтін ..... , жаңа сөздер үйренемін, қазақша көп ..... , қазақ тілінде радио тыңдаймын.

Сіздің жолдасыңыз қайда? Менің жолдасым жұмыс істейді және қазақ тілін .....  
Кеше біз жаңа мәтін және диалог ..... Бұл мәтін қиын емес. Біз тез .....

Сіздің ініңіз бар ма? Иә, бар. Ол мектепте ..... Ол өте жақсы ..... Ол қазақша жақсы біледі, себебі оның достары – қазақ. Ол қазақша көп ..... сөйлейді.



# 11 ОН БІРІНШІ САБАҚ

## Не туралы? Кім туралы? (О чем? О ком?)

Олар не туралы айтты?

- Олар не туралы айтады?
- Олар емтихан туралы айтады.
- Оқытушы кім туралы әңгімелейді?
- Оқытушы Нобель туралы әңгімелейді.

### 1. Жақша ішіндегі сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Сіз қазір не туралы әңгімелейсіз (**фильм**)? Ол не туралы жиі ойлайды (**Отан**)? Сіздің досыңыз не туралы жазады (**Астана**)? Айжан не туралы сұрады (**хат**)? Сіз кім туралы айтасыз (**жазушы**)?

### 2. Жақша ішіндегі сөзді пайдаланып, сөйлем құраңыз.

Сабақта біз ..... әңгімелестік (**театр**). Ол ..... әңгімеледі (**Астана**). Қазір олар ..... ойлайды (**емтихан**). Кеше біз ..... ұзақ әңгімеледік (**футбол**). Шешем ..... жазды (**үй**). Мен ..... мақала (**статья**) жаздым (**роман**).

### 3. Жауапқа байланысты сұрақтарын жазыңыз.

1. – ..... ?  
– Айжан шешесі туралы сұрады.
2. – ..... ?  
– Қазір мен емтихан туралы ойлап отырмын.
3. – ..... ?  
– Бала ат туралы әңгімеледі.
4. – ..... ?  
– Біздің оқытушы Абай туралы әңгімеледі.
5. – ..... ?  
– Біз бүгін Астана туралы оқыдық.
6. – ..... ?  
– Осы жазушы ауыл туралы жазады.

#### 4. Мәтінді оқыңыз. Өз тіліңізге аударыңыз.

##### Мен туралы, сен туралы

Менің ата-анам ауылда тұрады, мен қалада тұрамын. Мен білемін, ылғи олар мен туралы ойлайды. Кеше сен неге сабақта болмадың, оқытушы сен туралы сұрады. Мынау сіздің жолдасыңыз ба? Ол жұмыс істей ме, оқи ма? Ол туралы айтасыз ба? Кеше біз сабақта болмадық. Оқытушы біз туралы сұрады ма? Сіз ертең университетте боласыз ба? Менің досым сіз туралы сұрады. Менің інілерім шет елдерде оқиды. Біз үйде олар туралы жиі айтамыз.

##### Жатыс септігі. Мекендік мағына.

##### Қалада



**Қаладағы орындар:** театр, мұражай, кітапхана, сурет галереясы, саябақ, банк, дәріхана, емхана, туризм офистері, әкімшілік, пошта, үй, теміржол вокзалы, автотұрақ.

#### 6. Берілген атауларды сурет бойынша тауып жазыңыз.

|       |       |
|-------|-------|
| ..... | ..... |
| ..... | ..... |
| ..... | ..... |
| ..... | ..... |
| ..... | ..... |
| ..... | ..... |

7. Сурет бойынша сөйлеңіз.

8. Өз қалаңыз туралы 7 сөйлем жазыңыз.

*Үлгі: Бұл – әкімшілік. Оның жанында банк бар. Оның қарсысында саябақ.*

- 1) .....
- 2) .....
- 3) .....
- 4) .....
- 5) .....
- 6) .....
- 7) .....

9. Сөйлемді толықтырып жазыңыз.

*Үлгі: Сіз теміржол вокзалындағы поезға үлгеруіңіз керек.*

1. Мен ..... кітап тапсыруым керек.
2. Ол ..... конверт сатып алуы керек.
3. Біз ..... қаланың қызықты жерлері туралы білуіміз керек.
4. Мен баламды ..... қыдыртуым керек.
5. Сен көлігіңді ..... қоюың керек.
6. Ол достарымен ..... спектакльді көруі керек.
7. Қонақтар ..... көрмені тамашалау керек.
8. Олар ..... пәтер кезегіне тұруы керек.
9. Сен ..... несие алуың керек.
10. Мен ..... дәрумен сатып алуым керек.

Есіңізге  
сақтаңыз!

В казахском языке имя прилагательное сочетается с существительными и не изменяется ни по падежам, ни по числам, т.е. не согласуется с существительным, а просто примыкает к нему.


**Сын есім:** жақсы, жаңа, ескі, әдемі, қызық, тыныш;  
**Үстеу:** жаны, қасы, арасы, қарсысы, қатар, алды, арты.

- Сіздер қандай үйде тұрасыздар?
- Біз үлкен, жаңа үйде тұрамыз.
- Сіздер қандай пәтерде тұрасыздар?
- Біз үлкен, жақсы пәтерде тұрамыз.

## 10. Жұптық жұмыс. Суретке қарап диалог құрыңыз.

Үлгі:

- Мешіт қайда?
- Саябақтың жанында.



## 10. Оқып, сұрақтарға жауап беріңіз, сын есімдердің астын сызыңыз.

Сіздің отбасыңыз қай қалада тұрады? Үлкен қалада ма, кішкентай қалада ма? Сіз қай үйде тұрасыз: ескі үйде ме, жаңа үйде ме? Сіздің пәтеріңіз қай қабатта: бесінші ме, төртінші ме? Сіз қай факультетте оқисыз: филология ма, экономика ма? Сіздің досыңыз қай қабатта тұрады: екінші ме, үшінші ме? Сабақта сіздер қай фильм туралы айттыңыздар: француз фильмі туралы ма, ағылшын фильмі туралы ма? Кітап дүкені қай үйде: көрші үйде ме әлде ана үйде ме?

## 11. Жақша ішіндегі сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Сіз қай қалада тұрасыз (үлкен, оңтүстік қала)?

.....

Сіз қай үйде тұрасыз (ескі, әдемі үй)?

.....

Сіздің ағаңыз қай заводта жұмыс істейді (жаңа химиялық зауыт)?

.....

Сіз қай театрға барасыз (опера және балет театры)?

.....

## 12. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Сіз сөздерді қай дәптерге жазасыз: ескі ме, әлде жаңа дәптер ме? Біз қай бетті оқимыз: алтыншы ма, әлде жетінші ме? Қай аудиторияда лекция болады: бірінші ме, әлде екінші ме? Сіз қай лекцияда болмадыңыз: бірінші ме, әлде соңғысы ма? Спектакль туралы қай газетте жазды: кешегі ме, әлде бүгінгі ме?

### 13. Жақша ішіндегі сөздерді пайдаланып сұрақтарға жауап беріңіз.

Сіздің үйіңіз қай көшеде (*тыныш, әдемі*)?

Сіз қай бөлмеде тұрасыз (*үлкен, жарық бөлме*)?

Сіз кітаптарды қай кітапханадан аласыз (*ұлттық кітапхана*)?

Сіздің қарындасыңыз қай мектепте оқиды (*музыка*)?

Сіздің балаңыз қай университетте оқиды (*Еуразия университеті*)?

Жаттығуларды қай дәптерге жазасыз (*үй дәптері*)?

Қызыңыз қай институтта оқиды (*медицина*)?

### 14. Сұрақтарды оқып, жауап беріңіз. Жауаптарыңызды пайдаланып, өз досыңыз туралы әңгімелеңіз.

Сіздің досыңыз қай қалада тұрады? (*біздің қала, көрші көше*)

Ол қайда оқиды немесе қайда жұмыс істейді (*университет, математика факультеті*)

Ол сабаққа қайда дайындалады (*кітапхана*)

Ол не туралы армандайды (*мечтает*)? (*қызық жұмысты*)

Университеттен кейін ол қайда жұмыс істегісі келеді? (*елшілік, университет, министрлік*)

Ол кеше не туралы әңгімеледі? (*шағын мақала, математика журналы, соңғы нөмір*)

### 15. Оң жақта берілген сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Сіздің кабинетіңіз қай қабатта?

Кітапхана қай қабатта?

Асхана қай қабатта?

Жиналыс қай кабинетте болады?

Таңертең сіз қай кабинетте болдыңыз?

Сіздің жолдасыңыз қай министрлікте істейді?

Баспасөз (печать) департаменті қай қабатта?

Тіл департаменті қай қабатта?

бесінші

үшінші

бірінші

он екінші

отызыншы

Сыртқы істер

үшінші

бірінші



**Жіктеу есімдіктері + ілік септігі***Сіз бұрын біздің қаламызда болдыңыз ба?**– Сіз бұрын біздің қаламызда болдыңыз ба?**– Иә, біз сіздің қалаңызда болдық.***Есіңізге  
сақтаңыз!****Қазақ тілінде род категориясы жоқ.**

Мой, мое, моя – менің.

Твой, твое, твоя – сенің.

Наш, наше, наша – біздің.

Ваш, ваше, ваша – сендердің.

**1. Сұрақтарға болымды түрде жауап беріңіз.**

*Сенің бөлмеңде телефон бар ма? Сіздің қалаңызда театр бар ма? Мына кісі сіздің мекемеңізде жұмыс істей ме? Сіз біздің клубта болдыңыз ба? Біздің кабинеттерімізде не бар? Кім менің дәптеріме жазды?*

**2. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

- 1) Бұл – оның кабинеті. Сіз оның кабинетінде болдыңыз ба?
- 2) Оның бөлмесі екінші қабатта. Сіз оның бөлмесінде болдыңыз ба?
- 3) Бұл – оның үйі. Сіз оның үйінде болдыңыз ба?
- 4) Бұл – оның жұмыс орны. Сіз оның жұмыс орнында болдыңыз ба?

**Өздік есімдігі + ілік септігі****3. Сөйлемдерді оқыңыз. Өздік есімдігіне (өз, өзім) назар аударыңыз.**

1. Бұл – менің ағам Серік.

Мен Серік туралы айтамын.

2. Бұл – сенің ағаң Дәурен.

Сен Дәурен туралы айтасың.

3. Бұл – оның ағасы Дархан.

Ол Дархан туралы айтады.

4. Бұл – оның ағасы Марат.

Ол Марат туралы айтады.

5. Бұл – біздің ағамыз Сәрсен.

Біз Сәрсен туралы айтамыз.

6. Бұл – сендердің ағаларың Болат.

Сендер Болат туралы айтасыңдар.

7. Бұл – олардың ағасы Төлеген.

Олар Төлеген туралы айтпады.

Мен өзімнің (о своем) ағам туралы айтамын.

Сен өзіңнің ағаң туралы айтасың.

Сіз өзіңіздің ағаңыз туралы айтасыз.

Ол өзінің ағасы туралы айтады.

Біз өзіміздің ағамыз туралы айтамыз.

Сендер өздерінің ағаларың туралы айтасыңдар.

Олар өздерінің ағалары туралы айтады.

**4. Сөйлемдерді оқыңыз. Мағынасын салыстырыңыз. Менің, сенің, оның, олардың және өзім есімдігінің қолдануын салыстырыңыз.**

|                                          |                                                                                   |
|------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|
| 1) Бұл менің ағам – Серік.               | Мен өзімнің ағам Серік туралы әңгімелеймін.                                       |
| 2) Бұл – сенің ағаң Мақсат.              | Сен өзіңнің ағаң Мақсат туралы әңгімелейсің.                                      |
| 3) Бұл – оның ағасы Мұрат.               | Ол өзінің ағасы Мұрат туралы әңгімелейді.                                         |
| 4) Сен менің ағам Серік туралы сұрайсың. | Мен сенің ағаң Мақсат туралы тыңдаймын.<br>Мен оның ағасы Мұрат туралы тыңдаймын. |
| 5) Бұл – олардың ағасы Сәрсен.           | Олар өздерінің ағасы Сәрсен туралы әңгімелейді.                                   |

**5. Жақша ішіндегі сөздерді және өзім (свой) есімдігін қолдана отырып, сұрақтарға жауап беріңіз.**

Сіз кім туралы айтып отырсыз (*менің жақсы досым*)?

.....

Не туралы әңгімелейді (*оның жаңа жұмысы*)?

.....

Олар кім туралы айтады (*олардың жаңа жолдасы*)?

.....

Ол не туралы айтады (*оның болашақ жұмысы*)?

.....

Сіздер кім туралы айтасыздар (*біздің қарт профессор*)?

.....

Ол не туралы әңгімелейді (*оның туған қаласы*)?

.....

*Жатыс септігі. Мезгілдік мағына**Сіз Астанада қашан болдыңыз?*

- Сіз Астанада қашан (қай айда) болдыңыз?
- Мен Астанада қыста, ақпанда болдым.

| Атау септігі | Жатыс септігі |
|--------------|---------------|
| Не?          | Қашан?        |
| Ақпан        | ақпанда       |
| Қыркүйек     | қыркүйекте    |
| Шілде        | шілдеде       |
| Тамыз        | тамызда       |
| Қыс          | қыста         |

1. Сұрақтарға жақша ішіндегі сөздерді пайдалана отырып жауап беріңіз.

– Сіз қазақ тілін қай жылы оқи бастадыңыз?

– Мен қазақ тілін **өткен жылы** оқи бастадым, ал Анна **осы жылы** оқи бастады.

Университетте жаңа оқу жылы қашан басталады (**қыркүйек**)?

.....

Оқу жылы қашан аяқталады (**шілде**)?

.....

Сіздерде емтихан қашан болады (**қаңтар**)?

.....

Сіздерде қысқы демалыс қашан болады (**ақпан**)?

.....

Сіздің еңбек демалысыңыз қашан басталады (**тамыз**)?

.....

Сіз опера және балет театрында бірінші рет қашан болдыңыз (**қараша**)?

.....

Осы балетті сіз қашан көрдіңіз (**ақпан**)?

.....

## 2. Жақша ішіндегі сөздерді пайдаланып, сұраққа жауап беріңіз.

– Дәурен қай жылы дүниеге келді (родился)?

– Дәурен *бір мың тоғыз жүз сексен екінші жылы* дүниеге келді.

Дәурен Астанада қашан болды (*өткен жылы*)?

.....

Ол университетте қашан оқи бастады (*осы жылы*)?

.....

Сіз қашан университетте оқисыз (*келесі жылы*)?

.....

Сіз Алматыда қашан болдыңыз (*өткен жылы*)?

.....

Сіздің досыңыз университетті қашан бітіреді (окончит) (*келесі жылы*)?

.....

Сіз қазақ тілін қашан оқи бастадыңыз (*осы жылы*)?

.....

## 3. Жақша ішіндегі сөздерді пайдаланып сұраққа жауап беріңіз.

Сіздің досыңыз қашан туылды (родился) (*бір мың тоғыз жүз сексен үшінші жылы*)?

.....

Оның әкесі қашан туылды (*бір мың тоғыз жүз қырық жетінші жылы*)?

.....

Оның шешесі қашан туылды (*бір мың тоғыз жүз қырық тоғызыншы жылы*)?

.....

Дәурен қашан мектепті бітірді (*бір мың тоғыз жүз тоқсан тоғызыншы жылы*)?

.....

Оның ата-анасы Астанада қашан болды (*өткен жылы*)?

.....

## 4. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сіз қашан туылдыңыз?
2. Мектепке қашан бардыңыз?
3. Университетке қашан түстіңіз?
4. Жұмысты қашан бастадыңыз?
5. Қазақ тілін қашан оқи бастадыңыз?

## 5. Жақша ішіндегі сөздерді пайдаланып, мәтінді жазыңыз. Мәтінді әңгімелеңіз.

Менің досым бар. Оның аты – Дәурен. Ол бір мың тоғыз жүз сексен екінші жылы Алматыда туылды. Қазір оның отбасы (Астана) тұрады. Оның әкесі (министрлікте) жұмыс істейді, ал үлкен ағасы (елшілік) жұмыс істейді. Қазір Дәурен (медицина институты) оқиды. Ол қазір (соңғы курс) оқиды. Ол күнде (кітапхана) дайындалады. Ол (театр, мұражай, концерт) жиі болады. Жазда ол (ауыл) демалады.

## 6. Өзіңіз туралы әңгімелеңіз.

# 14 ОН ТӨРТІНШІ САБАҚ

## Табыс септігі. Кімді? Нені? Не?

Сіз Астанада қашан болдыңыз?

Айжан

газет  
журнал  
хат

оқыды

### 1. Сұрақтарға жауап беріңіз, жазыңыз.

- Сіз таңертең газет оқыдыңыз ба? .....
- Сіз бүгін радио тыңдадыңыз ба? .....
- Сіз спортты жақсы көресіз бе? .....
- Сіз математиканы жақсы көресіз бе? .....
- Сіз әнді жақсы көресіз бе (любите)? .....
- Сіз физиканы жақсы білесіз бе? .....
- Кітап оқисыз ба? .....
- Мақала жазасыз ба? .....
- Хат жаздыңыз ба? .....

### 2. Жақша ішіндегі сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.

- Сіз кешке не оқисыз (кітап, газет, журнал)?
- Студенттер клубта не тыңдайды (лекция, музыка, ән)?
- Таңертең сіз не жейсіз (едите) (ет, балық, қазы)?
- Таңертең сіз не ішесіз (кофе, сүт, шай)?

### 3. Сөйлемдер құраңыз, жазыңыз.

- |                      |                                           |
|----------------------|-------------------------------------------|
| 1. Мен .....         | Кітап, әңгіме, мәтін, роман, журнал, хат, |
| ..... оқимын.        | жаттығу, мақала                           |
| 2. Мен .....         | Жеделхат, ашықхат                         |
| ..... жазамын.       |                                           |
| 3. Мен .....         | Спорт, музыка, балет, опера               |
| ..... алдым.         |                                           |
| 4. Мен .....         | Әдебиет, тарих, физика, химия, математика |
| ..... жақсы көремін. |                                           |
| 5. Біз .....         | Саясат, халықаралық қатынас               |
| ..... оқимыз.        |                                           |



#### 4. Берілген сөздерден сөйлем құраңыз.

**Үлгі:** пошта, салу, телеграмма.

*Мен поштада болдым, жеделхат (телеграмма) салдым.*

1. Дүкен, сатып алу, пластинка, .....  
фотоальбом.
2. Театр, көру, спектакль. ....
3. Кітапхана, алу, кітап. ....
4. Аудитория, тыңдау, лекция. ....
5. Кинотеатр, көру, фильм. ....
6. Касса, алу, жалақы, стипендия. ....

#### 5. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Сіз оның ағасын білесіз бе? Сіз оның досын білесіз бе? Оның інісін білесіз бе? Ол Дәуренді күтіп отыр ма? Сіз бүгін оқытушыны көрдіңіз бе? Сіз профессорды түсінесіз бе? Сіз Дәуренді жақсы білесіз бе? Сіз кеше Нұрболды көрдіңіз бе? Сіз оның апайын білесіз бе? Сіз бүгін Назымды көрдіңіз бе? Оның оқытушысын білесіз бе? Әннің сөзін білесіз бе?

#### 6. Жақша ішіндегі сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Студенттер не тыңдайды (*лекция, радио, концерт, ән, магнитофон*)?

Сіздің жолдасыңыз не оқиды (*сабақ, мәтін, өлең*)?

Сіз мектепте не оқыдыңыз (*әдебиет, тарих, биология, математика, физика, химия, география*)?

Сабаққа сіз не аласыз (*оқулық, қалам, сөздік, дәптер*)?

Ол дүкеннен не сатып алды (*костюм, галстук, көйлек, пальто, шарф*)?

Сіз университетте кімді кездестірдіңіз (*жолдас, дос, оқытушы*)?

Қызметкерлер кімді тыңдады (*бастықты, Премьерді*)?

Студенттер кімді тыңдайды (*профессор, оқытушы, ақын, жазушы*)?

**7. Оң жақта берілген сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Сіздің жолдасыңыз қайда жұмыс істейді?

Ол не туралы әңгімелейді? Мына көшенің оң жағында не бар?

.....

.....

.....

2. Сіз не оқыдыңыз? Хат қайда? Сіз не туралы айтасыз?

.....

.....

.....

3. Сіз көптен бері (давно) кімді көрмедіңіз? Сіз кімді жиі есіңізге аласыз (вспоминаете)?

.....

.....

.....

университет

кітап

дүкен

ән

шешем

апайым

**Жіктеу есімдігі табыс септігінде**

– Мына кісі кім?

– Мен оны білмеймін.

| Атау септігі<br><i>Кім? Не?</i> | Табыс септігі<br><i>Кімді? Нені?</i> | Атау септігі<br><i>Кім? Не?</i> | Табыс септігі<br><i>Кімді? Нені?</i> |
|---------------------------------|--------------------------------------|---------------------------------|--------------------------------------|
| Мен                             | Мені                                 | Біз                             | Бізді                                |
| Сен                             | Сені                                 | Сендер                          | Сендерді                             |
| Сіз                             | Сізді                                | Сіздер                          | Сіздерді                             |
| Ол                              | Оны                                  | Олар                            | Оларды                               |

**8. Сұрақтарға қарсы мәнде жауап беріңіз, жазыңыз.**

*Үлгі:* – Бұл қыз кім?

– Мен оны білмеймін. Мен оны бұрын кездестірмедім (не встречал).

Мына жас азамат кім? .....

Мына әдемі әйел кім? .....

Мына жас жігіт кім? .....

Мына қарт кісі кім? .....

Мына жастар кім? .....

**9. Көп нүктенің орнына есімдікті жазыңыз.**

– Менің досым бар. Мен ..... қонаққа шақырғым келеді (хочу пригласить).

– Назым қайда? – Мен ..... буфетте көрдім.

– Менің ата-аналарым Астанада тұрады. Мен ..... көптен бері (давно) көрмедім.

– Менің кілтім қайда? – Сен ..... қалтаңа (в карман) салдың.

– Сіз гүлді қайдан алдыңыз? – Біз ..... базардан сатып алдық.

– Сен хатты қашан алдың? – Мен ..... кеше алдым.

### 10. Жақша ішіндегі сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Сіз поштада кімді кездестірдіңіз (*ол*)? Сіз мұнда кімді күтіп (*ждете*) тұрсыз (*сен*)? Сіз кімді қонаққа шақырасыз (*сіз және ол*)? Сіз көптен бері кімді көрмедіңіз (*сіз және ол*)? Ол театрдың қасында (*около*) кімді күтіп тұр (*сен*)? Ол біздің университетте кімді біледі (*ол және мен*)?

### 11. Сұрақтарға жауап беріңіз, жазыңыз. Табыс септігіндегі сөздің алдынан келген сын есімге назар аударыңыз.

Сендер бүгін қандай диктант жаздыңыздар: *қиын ба, жеңіл ме?*

Сендер қай жаттығуды жазып отырсыздар: *бірінші ме, екінші ме?*

Ол қай әнді айтып отыр: *ескі ме, қазіргі ме?*

Ол қай газетті оқып отыр: *бүгінгі ме, кешегі ме?*

Ол қандай пальто сатып алды: *қысқы ма, жазғы ма?*

Ол қандай костюм сатып алды: *қара ма, көк пе?*

### 12. Оң жақта берілген сөздерді пайдаланып, сұраққа жауап беріңіз.

1. Қандай фильм көрдіңіз?
2. Қандай газет оқисыз?
3. Қай әнді тыңдайсыз?
4. Көшеде қандай адамды кездестірдіңіз?
5. Қай ағаңызды көптен бері көрмедіңіз?

жаңа, қазақ

бүгінгі

қазіргі

таныс

үлкен

### 13. Сұрақтарға болымды түрде жауап беріңіз. Табыс септігіндегі сөздердің астын сызыңыз.

Сіз осы фильмді көрдіңіз бе? Сіз осы журналды оқыдыңыз ба? Сіз осы хатты, өтінішті оқыдыңыз ба? Сіз осы сөзді білесіз бе? Сіз осы жаңалықты естідіңіз бе? Сіз менің мекенжайымды білесіз бе? Сіз менің хатымды оқыдыңыз ба? Сіз менің кітабымды алдыңыз ба? Сіз біздің қаламызды білесіз бе? Сіз біздің кітапханамызды көрдіңіз бе? Сіз осы студентті білесіз бе? Сіз осы қызды бұрыннан білесіз бе? Сіз осы дәрігерді білесіз бе? Сіз осы адамды бұрын көрдіңіз бе? Сіз осы әнді жақсы көресіз бе? Сіз менің ағамды көрдіңіз бе? Сіз біздің оқытушымызды білесіз бе? Сіз біздің оқушыларды білесіз бе?

### 14. Жақша ішіндегі сөздерді пайдаланып, сұраққа жауап беріңіз.

Сіз мұнда кімді күтіп тұрсыз (*менің ескі досым*)? Сіз осы журналдан не оқыдыңыз (*соңғы мақала*)? Көшеде кімді көрдіңіз (*біздің қарт профессор*)? Кімді тыңдағыңыз келеді (*осы танымал әнші*)? Бүгін не жазамыз (*бақылау жұмысы*)? Кеше ол не айтты (*қызық жаңалық*)?

## 15. Мәтінді оқыңыз, өз отбасыңыз туралы айтыңыз.

### Біздің отбасымыз

Біздің отбасымыз үлкен. Менің шешем, әкем, апайым, ағам, інім бар. Менің әкем әлі қарт емес. Оның аты – Еламан. Ол – инженер. Ол заводта жұмыс істейді. Шешем – оқытушы. Оның аты – Мәлике. Ол – университетте оқытушы. Ол қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ береді. Ол өзінің жұмысын өте жақсы көреді. Менің ағам медицина институтын бітірді. Ол ауруханада жұмыс істейді. Ол – дәрігер. Інімнің аты – Ерсайын. Ол – оқушы, бесінші сыныпта оқиды. Ол спортты жақсы көреді. Жазда ол күнде футбол, ал қыста хоккей ойнайды. Менің апайымның аты – Айжан. Ол Еуразия университетінің химия факультетінде оқиды. Ол химияны жақсы көреді. Мен I курста, Еуразия университетінің заң факультетінде.

– Қандай әндерді жақсы көресіз?

– Мен халық әндерін жақсы көремін.

## 16. Жақша ішіндегі сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Сіз қандай кітаптарды жақсы көресіз (әртүрлі)? Сіз қандай хабарларды тыңдайсыз (спорттық)? Қандай фильмдерді жақсы көресіз (қазақ, орыс)? Сіз қандай хаттар жазасыз (қысқа)? Сіз сөздіктен (в словаре) қандай сөздерді қарайсыз (таныс емес)?

## 17. Табыс септігіндегі сөздерді жекешеден көпшеге өзгертіңіз.

Мен бүгінгі газетті оқыдым. Ол ескі халық әндерін жақсы біледі. Ол керекті оқулықты сатып алады. Ол жаңа журнал әкелді. Студенттер қиын емтиханды тапсырды.

## 18. Жақша ішіндегі сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Лекцияда қандай студенттерді кездестірдіңіз (біздің жаңа)?

Жиналыста қандай жолдастарыңызды кездестірдіңіз (менің сыныптас)?

Театрда қандай оқытушыларыңызды кездестірдіңіз (біздің жас)?

Сіз кімді күтесіз (менің ескі достарым)?

Олар театрға кімді шақырды (таныс студенттер)?

Сіз театрда кімді кездестірдіңіз (менің жаңа дос)?

Сіз университетте кімдерді білесіз (жас оқытушылар)?

## 19. Асты сызылған сөздерге сұрақ қойыңыз.

Мен барлық жаңа журналдарды оқыдым. Біз халық әндерін айттық. Ол театрда өзінің ескі таныстарын кездестірді. Көрмеде біз белгілі суретшілерді көрдік. Мен көптен кіші қарындасымды көрген жоқпын. Шешей көптен өзінің үлкен ұлдарын көрген жоқ.

*Барыс септігі. Қайда?**Сіз өткен жазда қайда бардыңыз?*

- |                                      |         |
|--------------------------------------|---------|
| – Сіз театрға барасыз ба?            | Идете   |
| – Иә, мен театрға барамын.           | Иду     |
| – Сіздің достарыңыз көрмеге бара ма? |         |
| – Иә, олар көрмеге барады.           |         |
|                                      |         |
| – Сіз қазір қайда барасыз?           | Идете   |
| – Мен кітапханаға барамын.           | Иду     |
| – Сіз ертең кешке қайда барасыз?     | Пойдете |
| – Мен ертең кешке циркке барамын.    | Пойду   |
| – Сіз кеше қайда бардыңыз?           | Ходил   |
| – Кеше мен киноға бардым.            | Ходил   |

**1. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

Жексенбіде сіз қайда бардыңыз: киноға ма, театрға ма? Сіз сенбі күні қайда бардыңыз: клубқа ма, стадионға ма? Таңертең сіз қайда бардыңыз: асханаға ма, буфетке ме? Әкем қайда барды: емханаға ма, дәріханаға ма? Шешем қайда барды: базарға ма, дүкенге ме?

**2. Берілген сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Жолдастарыңыз жексенбі күні қайда барады?
2. Сенбі күні олар қайда барды?
3. Сіз қазір қайда барасыз?

**3. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

- |                                    |         |
|------------------------------------|---------|
| – Сіз қайда барасыз?               | едете   |
| – Астанаға барамын.                | еду     |
| – Жазда қайда барасыз?             | поедете |
| – Жазда ауылға барамын.            | поеду   |
| – Сіз өткен жазда қайда бардыңыз.  | ездили  |
| – Мен өткен жазда Алматыға бардым. | ездил   |

#### 4. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Олар театрға бара ма? Сіз стадионға барасыз ба? Сен емтиханға барасыз ба? Сіздің досыңыз жазда Астанаға бара ма? Сіз қыста Алматыға барасыз ба? Сіз кеше мұражайға бардыңыз ба? Сіздің достарыңыз сәрсенбі күні мұражайға барды ма? Ол кеше циркке барды ма?

#### 5. Берілген сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сіз қазір қайда барасыз (идете)?
2. Сіздің досыңыз қайда барады?
3. Мына кісілер қайда барады?
4. Сіз қайда барасыз (едете)?
5. Сіздің қарындасыңыз қайда барады?
6. Сіз жазда қайда барасыз (поедете)?
7. Сіз жексенбі күні қайда барасыз (пойдете)?
8. Кеше қайда бардыңыз (ходили)?
9. Сенбі күні қайда бардыңыз (ездил)?
10. Таңертең қайда бардыңыз?

клуб  
жұмыс  
кітапхана  
стадион  
көрме  
ауыл  
кино  
театр  
мұражай  
базар

#### 6. Жақша ішіндегі сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Сен қайда барасыз (*біздің кітапхана*)? Спортсмендер қайда барады (*жаңа стадион*)? Айжан қайда барады (*біздің аудандық емхана*)? Ол кеше қайда барды (*қалалық кітапхана*)? Сәрсенбі күні олар қайда барады (*тарихи мұражай*)? Жексенбі күні сіз қайда барасыз (*орталық мұражай*)? Қазір сен қайда барасыз (*қалалық кітапхана*)? Ол оқуға (*учиться*) қайда барады (*Еуразия университеті*)? Сіздің ағаңыз жазда қайда барады (*Алматы*)? Сіздің қарындасыңыз жазда қайда барады (*ауыл*)? Сіз жазда қайда барғыңыз келеді (*туған ауыл*)? Сіздің досыңыз қайда барғысы келеді (*Франция*)?

– Біз театрға, балетке бардық  
(Мы ходили в театр на балет).

#### 7. Берілген сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз, жазыңыз.

Үлгі: – Сіз қайда бардыңыз? (Министрлік, жұмыс)  
– Мен министрлікке жұмысқа бардым.

Студенттер қайда барады? (үлкен зал, лекция)

Оқытушы қайда барады? (аудитория, сабақ)

Дәрігер қайда барады? (аурухана, жұмыс)

Біздің достарымыз қайда барғысы келеді? (клуб, концерт)

Олар жексенбі күні қайда барғысы келеді? (театр, жаңа балет)

Сіз жазда қайда барғыңыз келеді? (Отан, ауыл үкімет)

Қызметкерлер ертең қайда барады? (мәжіліс, правительство)



## 8. Сұрақтарға жауап беріңіз.

**Үлгі:** – Сіз білесіз бе, кеше ол қайда барды?

– Иә, мен білемін. Кеше ол театрға барды.

Сіз білесіз бе, кеше ол қайда барды? Сіз білесіз бе, олар бүгін таңертең қайда барды? Сіз білесіз бе, олар бүгін кешке қайда барады? Сіз білесіз бе, жазда олар қайда барады? Сіз білесіз бе, олар өткен жылы қайда барды? Сіз білесіз бе, олар жексенбі күні қайда барады?

– Қайда болдыңыз?

– Қайда бардыңыз?

– Мен мұражайда көрмеде болдым.

– Мен мұражайға көрмеге бардым.

## 9. Берілген сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.

1) Қызметкерлер сенбі күні қайда болды? (жұмыс, кітапхана, мұражай)

Олар сенбі күні қайда барады? (театр)

2) Сіздің достарыңыз жазда қайда демалады? (оңтүстік, ауыл, Балтық)

Жазда қайда бара аласыз? (жағалауы (Прибалтика))

Жексенбі күні қайда барасыз? (көрме)

Жексенбі күні қайда боласыз? (стадион, бассейн, цирк)

## 10. Жақша ішіндегі сөздерді пайдаланып, сөйлемдерді жазыңыз.

Кеше біз ..... бардық (көрме). Сіздер де (тоже) ..... болдыңыздар (көрме).  
Инженер ..... барды (завод). Ол ..... жұмыс істейді. Айжан .....  
..... барды (емхана). Бүгін ол тағы да (опять) ..... болды. Айжан ..... барды  
(пошта). Ол конверт сатып алды. Таңертең менің апайым (сестра) ..... барды (дүкен).  
Біз өткен жылы ..... болдық (практика). Жазда біз тағы да ..... барамыз  
(практика).

## 11. Берілген сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Кеше сендер қайда болдыңдар? Кеше қайда бардыңыздар?
2. Сенбі күні қайда барасыздар? Сенбі күні қайда болдыңыздар?
3. Ол қайда жұмыс істейді? Қазір ол қайда барады?
4. Сіздің қарындасыңыз қайда оқиды? Қазір ол қайда барады?
5. Жұмыстан кейін сіз қайда барасыз?
6. Кеше сіз қайда бардыңыз?
7. Олар кеше қайда барды?
8. Оқуға қайда барасыз?
9. Жұмысқа қайда барасыз?



## 12. Сөйлемде берілген «бару» етістігін «болу» етістігімен ауыстырыңыз.

**Үлгі:** – Сіз бүгін кітапханаға бардыңыз ба?

– Иә, мен бүгін кітапханада болдым.

Сіз бүгін жұмысқа бардыңыз ба? .....

Сіз кеше концертке бардыңыз ба? .....

Сіз жазда ауылға бардыңыз ба? .....

Ол Алматыға барды ма? .....

Олар Көкшетауға барды ма? .....

## Барыс септігі

Салу (положить), қою (ставить, поставить), ілу (вешать, повесить) етістіктерімен. Мен газетті портфельге салдым. Мен шамды үстелге қойдым. Мен костюмді шкафаға ілдім.

### 13. Мәтінді оқыңыз, сұрақтарға жауап беріңіз.

Бүгін сенбі. Айжан бөлмесін жинады. Бәрінен бұрын (прежде всего) ол әрбір затты өзінің орнына қойды. Дәптер, қалам, қаламсапты ол үстелге қойды. Хат, конверт, қағаздарды жазу үстеліне, жәшікке салды. Пальто, көйлек, костюмдерді шкафаға ілді, кітаптарды сөреге қойды, телефонды телефон үстеліне қойды, шамды үстелге қойды.

1. Айжан қалам, дәптерлерді қайда қойды? .....
2. Ол конверт, қағаз, хаттарды қайда қойды? .....
3. Пальто, көйлек, костюмді қайда қойды? .....
4. Ол шамды, телефонды қайда қойды? .....
5. Ол кітаптарды қайда қойды? .....
6. Айжан әрбір заттарды қайда қойды? .....

Есіңізге  
сақтаңыз!

Тәуелдік жалғауынан кейін барыс септігі *-на/-не, -а/-е* жалғауларын қабылдайды.

Мысалы: үстел — үстелі+не, інісі+не, шешем – шешеме – шешесі+не, шешең+е, әкең+е, баласы+на.

### 14. Берілген сөздерді пайдаланып, сұраққа жауап беріңіз.

Үлгі: – Сен журналды қайда қойдың?

– Мен журналды үстелге қойдым.

- |                                       |               |       |
|---------------------------------------|---------------|-------|
| 1. Сен менің кітабымды қайда салдың?  | (портфель)    | ..... |
| 2. Ол өзінің папкасын қайда салды?    | (сөмке)       | ..... |
| 3. Сіз менің шарфымды қайда салдыңыз? | (шкаф)        | ..... |
| 4. Сіз билеттерді қайда салдыңыз?     | (сөре)        | ..... |
| 5. Біз фотоаппаратты қайда салдық?    | (гараж)       | ..... |
| 6. Біз құжаттарды қайда салдық?       |               | ..... |
| 7. Сіз гүлді қайда қойдыңыз?          | (үстел)       | ..... |
| 8. Сіз машинаны қайда қойдыңыз?       | (шкаф)        | ..... |
| 9. Сөздікті қайда қойдыңыз?           |               | ..... |
| 10. Сағатты қайда қойдыңыз?           | (терезе)      | ..... |
| 11. Вазаны қайда қойдыңыз?            |               | ..... |
| 12. Картинаны қайда ілдіңіз?          | (ваза)        | ..... |
| 13. Менің пальтомды қайда ілдіңіз?    | (осы қабырға) | ..... |
| 14. Сабақ кестесін қайда ілді?        | (ілгіш)       | ..... |
| 15. Күнтізбені қайда ілеміз?          |               | ..... |

## 15. Берілген сөздерді пайдаланып, сөйлем құраңыз.

Үлгі: Ол вазаны үстелге қойды.

*Ваза – үстел*

1. Мен ..... салдым.

*билет – сөмке; хат – конверт; ақша – қалта;*

2. Мен ..... қойдым.

*ваза – терезе; кітап – сөре; кресло – бұрыш;*

3. Мен ..... ілдім.

*стақан – үстел; пальто – шкаф; таблица – тақта;*

4. Біз ..... ілеміз.

*сурет – қабырға;*

*костюм – шкаф; картина – қабырға.*

## 16. Берілген сөздерді пайдаланып, сөйлемдер құраңыз.

Үлгі: Ол мені киноға шақырды (пригласил) (*мен, кино*).

Мен ..... шақырамын.

*сен, көрме*

Біз ..... шақырамыз.

*сендер, экскурсия, көрші қала*

Кеше олар ..... шақырды.

*біз, кафе*

Студенттер ..... шақырды.

*оқытушы, студенттік кеш*

Ол ..... шақырды.

*таныс қыз, театр*

Менің ..... шақырғым келеді.

*сіз, концерт, біздің клуб*

### Барыс септігі және уақыт. Қайда? Қашан?

– Сіз театрға қашан барасыз?

– Мен театрға осы сенбі күні барамын.

## 17. Жақша ішіндегі сөздерді пайдаланып, сұраққа жауап беріңіз.

Сіз театрда қашан болдыңыз (*сейсенбі*)? Біз концертке қашан барамыз (*сенбі*)? Олар экскурсияға қашан барады (*сенбі*)? Сіз қашан демаласыз (*сенбі, жексенбі*)? Бассейнге қашан барасыз (*дүйсенбі*)? Ол қашан ауырды (*бейсенбі*)? Ол қашан емханаға барды (*жұма*)? Сіздің туған күніңіз қашан болады (*осы бейсенбі*)? Ол мұнда қашан болды (*өткен сәрсенбі*)? Ол мұнда қашан келгісі келді (*келесі жұма*)? Сіз осы хатты қашан алдыңыз (*осы сейсенбі*). Ол ауылға қашан барады (*келесі жексенбі*)? Соңғы рет қашан киноға бардыңыз (*өткен бейсенбі*)? Театрға қашан барасыз (*келесі сейсенбі*)?

– Түскі тамаққа қашан барасыз? (*бір сағат*)

– Мен түскі тамаққа бір сағаттан кейін барамын.

## 18. Жақша ішіндегі сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Үлгі: – Сен үйге қашан келесің (*сағат*)?

– Мен үйге бір сағаттан кейін келемін.

Сен маған сөздікті қашан бересің (*бір минут*)? Үйге қашан барасың (*бір сағат*)? Сіз Астанаға қашан барасыз (*бір апта*)? Сіздерде аттестация қашан болады (*бір ай*)? Ол университетті қашан бітіреді (*бір жыл*)?

|                    |              |
|--------------------|--------------|
| Бір жылдан кейін   | через год    |
| Бір сағаттан кейін | через час    |
| Бір айдан кейін    | через месяц  |
| Бір аптадан кейін  | через неделю |

## 19. Жақша ішіндегі сөздерді пайдаланып, сұраққа жауап беріңіз.

**Үлгі:** – Сіз Астанаға қашан келдіңіз (*жарты жыл бұрын*)?

– Мен Астанаға *жарты жыл бұрын* келдім.

Осы кітапты қашан сатып алдыңыз (*бір апта*)? Сен осында қашан келдің (*бір минут*)? Сен қашан түскі асты ішесің (*бір сағат*)? Олар Астанада қашан болды (*бір ай*)?

|                 |               |
|-----------------|---------------|
| Бір жыл бұрын   | год назад     |
| Бір сағат бұрын | час назад     |
| Бір апта бұрын  | неделю назад  |
| Жарты жыл бұрын | полгода назад |

## 20. Сөйлемдерді үлгі бойынша жазыңыз.

**Үлгі:** Ол сөздікті бір сағатқа алды.  
Ол сөздікті бір сағат қарайды.

Олар Астанаға бір айға келді.  
Олар Астанада бір ай болады.  
(Они приехали в Астану на месяц)

Мен кітапты бір аптаға алдым. Ол журналды бір күнге алды. Олар біздің елге жарты жылға келді.  
Туристер Астанаға бір аптаға келді. Ол санаторийге бір айға келді.

# 16 ОН АЛТЫНШЫ САБАҚ

## Барыс септігі. Кімге? (Кому?)

### Кімге телефон соқтыңыз?

#### 1. Мәтінді оқыңыз, жазыңыз.

Жақында жаңа жыл, менің сыйлықтар туралы ойлауым керек. Әкеме, шешеме, ағама, қарындасыма не сыйлау керек (что подарить)? Кеше Асқар дүкенде болды. Ол әкесіне шарф, шешесіне сөмке, інісіне фотоальбом, қарындасына кітап сатып алды.

– Кімге телефон соқтыңыз (Кому вы звонили?)?  
– Мен жолдасыма телефон соқтым.

#### 2. Берілген сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.

**Үлгі:** – Сіз кімге жиі хат жазасыз (*әкем, шешем*)?

– *Мен әкеме және шешеме жиі хат жазамын.*

- |                                             |           |
|---------------------------------------------|-----------|
| 1. Кімге хат жаздыңыз?                      | ағам      |
| 2. Сіз соңғы жаңалықтарды кімге айттыңыз?   | дос       |
| 3. Газетті кімге сатып алдыңыз?             | жолдас    |
| 4. Студенттер емтиханда кімге жауап береді? | профессор |
| 5. Студенттер шығарманы кімге көрсетеді?    | оқытушы   |
| 6. Оқытушы есепті кімге түсіндіреді?        | студент   |
| 7. Айжан өзінің жаңа суретін кімге жіберді? | аға       |
| 8. Ол кімге сыйлық сатып алды?              | шеше      |
| 9. Әкем кімге сыйлық сатып алды?            | қыз       |

#### 3. Сұрақтарға жауап жазыңыз.

Сіз өзіңіздің магнитофоныңызды кімге бересіз? Сіз кімге хат жазасыз? Кімге телефон соғасыз? Сіз театрға кімге билет алдыңыз? Сіз кімге көмектесесіз? Өзіңіздің жұмысыңыз туралы кімге айтасыз?

#### 4. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Сіз кімге жиі хат жазуға уәде бердіңіз (*обещали*)? Сіз кімге театрға билет алуға уәде бердіңіз? Сіз кімге қазақ тілін оқуға (*изучать казахский язык*) көмектесесіз? Біздің сіңліміз тамақ жасауға (*готовить*) кімге көмектеседі? Сіз үй жинауға (*убирать*) кімге көмектесесіз? Оқытушы аудиторияға кіруге кімге рұқсат береді (*разрешать*)? Сіз Медицина институтына түсуге кімге кеңес бересіз?

## 5. Берілген сөздерді пайдаланып, сөйлемдер құраңыз.

**Үлгі:** Оқытушы таныс емес сөзді.....түсіндірді.

Оқытушы таныс емес сөзді студентке түсіндірді.

- |                         |                                |         |
|-------------------------|--------------------------------|---------|
| 1. Мен .....            | жиі хат жазамын.               | аға     |
| 2. Ұлы .....            | жеделхат жіберді.              | шеше    |
| 3. Мына дәптерді .....  | беріңіз.                       | оқытушы |
| 4. Пошташы .....        | хат әкелді.                    | көрші   |
| 5. Мен кешке .....      | телефон соқтым.                | дос     |
| 6. Әкем .....           | шахмат сатып алуға уәде берді. | іні     |
| 7. Ауру (больной) ..... | темекі шекпеуге уәде берді.    | дәрігер |

### Жіктеу есімдігі барыс септігінде

– Сіз Айжанға көмектестіңіз бе ?

– Иә, мен оған көмектестім.

## 6. Мәтінді оқыңыз, есімдіктердің астын сызыңыз.

Мен сізге сыйлықтар туралы әңгімелеймін. Әкем шахматты жақсы көреді. Мен оған шахмат сатып алдым. Ал шешем сөмкелерді жақсы көреді, мен оған сөмке алдым. Менің ағам және сіңлім бар. Оларға не сыйлаймын? Ағам қазақ әндерін жақсы көреді. Мен оған «қазақ әндерін» алдым. Сіңліме ше? Мен оған фотоальбом аламын. Ал олар маған не сыйлайды? Досым, саған жақсы сөздік сыйлаймын.

### Жіктеу есімдігінің септелуі

Есіңізге  
сақтаңыз!

|                  |                                                                         |
|------------------|-------------------------------------------------------------------------|
| Атау септігі     | Мен, сен, сіз, ол, біз, сендер, олар                                    |
| Ілік септігі     | Менің, сенің, сіздің, оның, біздің, сендердің, олардың                  |
| Барыс септігі    | Маған, саған, сізге, оған, бізге, сендерге, сіздерге, оларға            |
| Табыс септігі    | Мені, сені, сізді, оны, бізді, сендерді, сіздерді, оларды               |
| Жатыс септігі    | Менде, сенде, сізде, онда, бізде, оларда, сіздерде                      |
| Шығыс септігі    | Менен, сенен, сізден, одан, бізден, сендерден, сіздерден, олардан       |
| Көмектес септігі | Менімен, сенімен, онымен, сізбен, бізбен, сендермен, сіздермен, олармен |

## 7. Көп нүктенің орнына жіктеу есімдігін барыс септігінде жазыңыз.

**Үлгі:** – Бұл – менің көршім. Мен оған газет сатып алдым.

Бұлар – менің достарым. Мен ..... өзімнің өмірім туралы айтамын. Бұл – біздің оқушымыз. Біз күнде ..... дәптерлерімізді көрсетеміз. Бұл – менің досым Айжан. Мен ..... біздің университетіміз туралы әңгімелеймін. Сен біздің университетте болдың ба? Мен ..... біздің университетті көрсетемін. Сен бұл есепті түсінбедің бе? Мен ..... бұл есепті түсіндіре аламын. Жақында менің туған күнім болды. Достарым ..... фотоаппарат сыйлады.



**8. Есімдікті пайдалана отырып, сұраққа жауап беріңіз.**

**Үлгі:** – Сіз өзіңіздің жұмысыңызды оқытушыға көрсеттіңіз бе?

– *Иә, мен оған өзімнің жұмысымды көрсеттім.*

Сіз жолдасыңызға сөздігіңізді бердіңіз бе? Сіз кеше досыңызға көмектестіңіз бе? Сіз қонақтарға кітапхананы көрсеттіңіз бе? Сіз сіңліңізге сыйлық сатып алдыңыз ба?

**9. Көп нүктенің орнына есімдікті жазыңыз.**

..... екі билет беріңізші. Сіз ..... кешке телефон соғыңыз. .... мынаны түсіндіріңізші. Мен ..... көмектесемін. Мен ..... тапсырма беремін. Ол ..... танымай қалды. .... концертке кешігіп келді. .... өте мәдениетті адамсыз.

# 17 ОН ЖЕТІНШІ САБАҚ

## Зат есімнің сан есіммен тіркесі

Біздің университетте қанша факультет бар?

– Біздің университетте қанша факультет бар?

– Біздің университетте он екі факультет бар.

### 1. Үлгі бойынша берілген сұрақтарға жауап беріңіз?

**Үлгі:** – Мына көшеде қанша үй бар (25)?

– Осы көшеде жиырма бес үй бар.

Сіздің топта қанша студент бар (10)? Сіздің бөлімде (отдел) қанша қызметкер бар (7)? Осы факультетте қанша оқытушы бар (42)? Осы департаментте қанша қызметкер бар (60)? Осы емханада қанша дәрігер бар (12)? Сіз кітапханадан қанша оқулық алдыңыз (6)? Сіз қанша хатқа жауап жаздыңыз (5)?

### 2. Үлгі бойынша жауап беріңіз.

**Үлгі:** – Сіз білесіз бе, біздің топта қанша студент бар?

– Иә, білемін, біздің топта жиырма бес студент бар.

Сіз білесіз бе, біздің университетте қанша студент бар? Сіз білесіз бе, біздің министрлікте қанша қызметкер жұмыс істейді? Сіз білесіз бе, осы қалада қанша мұражай бар? Сіз білесіз бе, Қазақстанда қанша млн. халық бар?

### 3. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Біздің қалада қанша университет бар? Сіз қанша сағат ұйықтайсыз (спите)? Сіз Астанада қанша күн боласыз? Сіздің жолдасыңыз қанша күн ауырды? Сіз мына кітапты қанша күн оқыдыңыз? Сіз университетте қанша жыл оқыдыңыз? Сіз күнде қанша сағат жұмыс істейсіз? Сіз ауылда қанша күн демалдыңыз? Сіз жазда қанша күн демалдыңыз?

### 4. Сұрақтарға жауап беріңіз.

**Үлгі:** – Мына кітап қанша тұрады (сколько стоит)?

– Бұл кітап 200 теңге тұрады.

Бір стақан шырын (сок) қанша тұрады (30 т.)?

Бір бөтелке сүт қанша тұрады (50 т.)?

Бір бөтелке сыра қанша тұрады (60 т.)?

Бір кг қант қанша тұрады (80 т.)?

Бір қорап кәмпит қанша тұрады (250 т.)?

.....

.....

.....

.....

.....

Қазақ тілінде зат есім есептік сан есіммен тіркескенде көптік жалғауын қабылдамайды.

**Мысалы:** екі студент, он кітап, бес бөлім.

### 5. Сөйлемдегі етістіктің дұрыс тұлғасын табыңыз.

Сіздің бөлімде қанша қызметкер ..... (жұмыс істеу)? Сіздің факультетте қанша оқытушы ..... (жұмыс істеу)? Кеше кеште қанша адам ..... (болу)? Қанша адам ертең экскурсияға ..... (бару)?

### 6. Жақша ішіндегі сөздерді пайдаланып, сөйлем құраңыз.

Біздің қалада ..... көп (көше, алаң, театр, мұражай, қонақүй). Қала көшелерінде ..... көп (машина, автобус, троллейбус). Емханада көп ..... жұмыс істейді (дәрігер, медбике). Митингте көп ..... болды (профессор, оқытушы, студент). Маржан кітапханадан бірнеше ..... алды (оқулық, журнал). Біздің елде ..... көп (қала). Мен осы жылы көп ..... көрдім (фильм). Осы қыста ..... аз болды (қар). Математика сабағында біз бірнеше ..... шығардық (есеп). Біз бүгін аздап ..... сатып алдық (ет, май, қант, нан, жеміс).

# 18 ОН СЕГІЗІНШІ САБАҚ

## Ілік септігі. Меншікті білдіру

### Мынау кімнің көзілдірігі?

#### 1. Берілген сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.

**Үлгі:** – Мынау кімнің қаламы?

– *Бұл – менің қаламым.*

|                                            |                 |       |
|--------------------------------------------|-----------------|-------|
| Мынау кімнің бөлмесі?                      | <i>қарындас</i> | ..... |
| Мынау кімнің кабинеті?                     | <i>бастық</i>   | ..... |
| Мынау кімнің портреті?                     | <i>Абай</i>     | ..... |
| Мынау кімнің кітабы?                       | <i>Айжан</i>    | ..... |
| Үйдің қасында (около) кімнің машинасы тұр? | <i>Арман</i>    | ..... |
| Кімнің қарындасы университетте оқиды?      | <i>Самат</i>    | ..... |
| Кімнің ата-анасы Астанада тұрады?          | <i>Дәурен</i>   | ..... |
| Кімнің досы Парижде оқиды?                 | <i>Дәрмен</i>   | ..... |

#### 2. Берілген сөздерді пайдаланып, сөйлемдер құраңыз.

|                          |                           |
|--------------------------|---------------------------|
| 1. Бұл бөлме .....       | <i>біздің жаңа бастық</i> |
| 2. Бұл велосипед .....   | <i>біздің профессор</i>   |
| 3. Бұл машина .....      | <i>біздің оқытушы</i>     |
| 4. Бұл кабинет .....     | <i>менің бір жолдасым</i> |
| 5. Бұл газет .....       | <i>менің қарындасым</i>   |
| 6. Бұл магнитофон .....  | <i>менің үлкен ағам</i>   |
| 7. Бұл фотоаппарат ..... | <i>менің көршім</i>       |

#### 3. Сұрақтарға үлгі бойынша жауап беріңіз.

**Үлгі:** – Бұл сіздердің кітаптарыңыз ба? (*басқа студенттер*).

– *Жоқ, бұл басқа студенттердің кітабы.*

|                                                           |
|-----------------------------------------------------------|
| Бұл сіздің бөлмеңіз бе? ( <i>менің ата-анам</i> ) .....   |
| Бұл сіздің машинаңыз ба? ( <i>менің көршім</i> ) .....    |
| Бұл сіздің кітабыңыз ба? ( <i>менің досым</i> ) .....     |
| Бұл сіздің заттарыңыз ба? ( <i>менің жолдасым</i> ) ..... |
| Бұл сіздің сөздігіңіз бе? ( <i>менің інім</i> ) .....     |

#### 4. Жақша ішіндегі сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Сіз кімнің әндерін тыңдайсыз (*қазақтың жас композиторы*)? Кімнің романын оқыдыңыз (*белгілі қазақ жазушысы*)? Кімнің мақаласын аудардыңыз (*белгілі қазақ физигі*)? Кімдердің көрмесі ашылды (*жас суретшілер*)? Кімнің өлеңдерін аудардыңыз (*жас қазақ ақындары*)?

- Мынау не?
- Бұл біздің университеттің ғимараты.
- Мынау не?
- Бұл біздің министрліктің ғимараты.

## 5. Үлгі бойынша сөз тіркесін жазыңыз.

**Үлгі:** *Университет* ректоры (университет).

1. .... директоры (департамент, мектеп, цирк, театр, завод).
2. .... авторы (роман, әңгіме, оқулық, кітап, ән).
3. .... оқытушысы (университет, мектеп).
4. Кафедра ..... (оқытушы, меңгеруші, аспирант, магистрант, жоспар, пән).

## 6. Сөйлемдер құраңыз.

|     |                         |                   |          |
|-----|-------------------------|-------------------|----------|
|     | біздің профессорымыздың | ... лекциясын     |          |
| Біз | белгілі сыншы           | ... баяндамасын   | тыңдадық |
|     | біздің оқытушы          | ... түсіндірмесін |          |
|     | біздің студенттер       | ... жауабын       |          |

## 7. Үлгі бойынша сөйлемді өзгертіңіз.

**Үлгі:** 1. Айжан Қазақ ұлттық университеті экономика факультетінің бесінші курс студенті.

*Айжан Қазақ ұлттық университетінде оқиды. Ол экономика факультетінде оқиды. Ол – бесінші курс студенті.*

1. Асқар Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде жұмыс істейді.
2. Ол Тіл департаментінде жұмыс істейді.
3. Дәурен Еуразия университетінде оқиды.
4. Ол физика факультетінде оқиды.
5. Ол төртінші курста.
6. Сәуле математика мектебінде оқиды.
7. Ол сегізінші класта.
8. Дәрмен музыка мектебінде оқиды.
9. Ол алтыншы сыныпта оқиды.

## 8. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Сіздің достарыңыз қазақ әндерінің кешінде болды ма? Сізге қазіргі композиторлардың әндері ұнай ма? Сіз Еуразия университетінің жаңа ғимаратын көрдіңіз бе? Сіз қазақ бейнелеу өнерінің (живопись) көрмесінде болдыңыз ба? Сіз профессордың лекциясын тыңдадыңыз ба?

## 9. Берілген сөздерді пайдаланып, сөйлемдер құраңыз.

1. Ұлттық мұражай ... орталығында орналасқан.
2. Жазда біз ... жағасында демалдық.
3. Қонақтар ... мұражайында болды.
4. Мен ... әнін жақсы көремін.
5. Маған операцияны... бас дәрігері жасады.



## 10. Үлгіге қарап, сөйлем құраңыз.

**Үлгі:** София – Болгария.

*София – Болгарияның астанасы.*

*Париж – Франция, Варшава – Польша, Осло – Норвегия, Токио – Жапония, Лондон – Англия, Рим – Италия, Мәскеу – Ресей, Берлин – Германия, Рига – Латвия, Ташкент – Өзбекстан, Ереван – Армения, Таллин – Эстония, Вильнюс – Литва.*

# 19 ОН ТОҒЫЗЫНШЫ САБАҚ

## Шығыс септігі. Қайдан?

*Сіздің жұмысыңыз менің жұмысымнан қызығырақ*

*– Ол жұмыстан келді.*

*– Ол Астанада келді.*

### 1. Сөйлемдер құраңыз.

1. Оқушылар мектептен келді (*театр, музей, кітапхана, клуб, кинотеатр*).
2. Біздің кітапханамыз кітаптарды Ресейден (*Германия, Канада, Англия, Жапония*) алады.
3. Мына студенттер Парижден (*Лондон, Рим, Мәскеу, Берлин, Варшава, Астана*) келді.

*– Сіз қайдан келдіңіз (приехали)?*

*– Мен Алматыдан келдім.*

### 2. Берілген сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.

- |                                    |                         |
|------------------------------------|-------------------------|
| 1. Сіздің достарыңыз қайдан келді? | <i>Астана, Көкшетау</i> |
| 2. Сіздің ата-анаңыз қайдан келді? | <i>жұмыс</i>            |
| 3. Сіздің ағаңыз қайдан келді?     | <i>саябақ</i>           |
| 4. Сіз қайдан келесіз?             | <i>министрлік</i>       |
| 5. Олар қайдан келеді?             | <i>жұмыс</i>            |

### 3. Үлгі бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

**Үлгі:** Дәурен кеше қайда болды (*клуб, кеш*)?

*Кеше Дәурен клубта, кеште болды. Ол клубқа, кешке барды.*

*Ол клубтан, кештен келді.*

1. Айжан мен Назым кеше қайда барды? Олар кеше қайдан келді (*көрші қала*)?
2. Сіз қайда барасыз? Қайда болдыңыз? Қайдан келдіңіз (*тарихи кітапхана*)?
3. Өткен жылы сіз қайда бардыңыз? Жазда қайда демалдыңыз? Қайдан келдіңіз (*Қара теңіз*)?
4. Таңертең студенттер қайда барды? Олар қайда болды? Олар қазір қайдан келді (*медицина институты, лекция*)?
5. Сіздің досыңыз жазда қайда барады? Сіздің досыңыз бұрын қайда тұрды? Оған хат қайдан келді (*Астана, кішкентай ауыл*)?

### Шығыс септігі. Салыстыру мағынасы

*Мен Гүлжаннан үлкенмін (старше).*

*Менің қаламым сенің қаламыңнан жақсы.*



#### 4. Үлгі бойынша сөйлем құраңыз.

**Үлгі:** Даңғыл *көшеден* кеңірек (көше).

Менің әкем ..... үлкенірек (шешем). Маржан ..... жасырақ (Дәурен).  
Сіздің отбасыңыз ..... үлкенірек (біздің отбасы). Біздің үй .....  
..... үлкенірек (больше) (сіздің үй). Сіздің жұмысыңыз ..... күрделі (менің  
жұмысым). Екінші тапсырма ..... қиынырақ болды (бірінші тапсырма). Марина  
қазақ тілін ..... жақсы біледі (басқалар).

Есіңізге  
сақтаңыз!

Үлкен – үлкенірек

Қиын – қиынырақ

Жас – жасырақ

Қымбат – қымбатырақ

Жақсы – жақсырақ

Сын есім: салыстырмалы шырай

– Сіз бұл жаңалықты кімнен білдіңіз?

– Мен бұл жаңалықты өзімнің досымнан білдім.

#### 5. Берілген сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.

- |                                         |                 |
|-----------------------------------------|-----------------|
| 1. Сіз хатты кімнен алдыңыз?            | ата-анам        |
| 2. Сіз бүгін жеделхатты кімнен алдыңыз? | ескі досым      |
| 3. Сіз бұл жаңалықты кімнен білдіңіз?   | біздің көршіміз |
| 4. Сіз құттықтау хатты кімнен алдыңыз?  | ағам            |

#### 6. Үлгі бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

**Үлгі:** – Алматыдан Астанаға дейін қанша километр?

– *Алматыдан Астанаға дейін 3000 км.*

1. Парижден Римге дейін қанша км?
2. Варшавадан Берлинге дейін қанша км?
3. Алматыдан Көкшетауға дейін қанша км (3.300 км)?
4. Алматыдан Бішкекке дейін қанша км (500 км)?
5. Үйден университетке дейін қанша минут жүресіз?
6. Сіз үйден қаланың орталығына дейін қанша уақыт жүресіз?

#### 7. Сұрақтарға жауап беріңіз. «Менің туған қалам» деген шағын әңгіме жазыңыз.

Сіз қашан, қайда туылдыңыз (*қай елде, қай қалада*)? Бұл үлкен немесе кішкентай қала ма, ескі ме, жаңа ма? Ол станциядан алыс емес пе? Сіздің қалаңызда қандай үйлер бар? Сіздің қалаңызда биік, көпқабатты үйлер бар ма? Сіздің қалаңызда дүкендер, базар, кафе, музейлер көп пе? Сіздің қалаңызда қандай театр, кинотеатр бар? Сіздің қалаңызда тарихи ескерткіштер бар ма? Сіздің отбасыңыз бұл қалада бұрыннан тұра ма? Сіз туған қалаңыздан қашан кеттіңіз? Қанша уақыт туған қалаңызды көрмедіңіз?

# 20 ЖИЫРМАСЫНШЫ САБАҚ

## Көмектес септігі

### Сізбен сөйлесуге бола ма?

*Кеше мен театрға Айжанмен бардым.*

#### 1. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Кеше сіз театрда ағаңызбен болдыңыз ба? Дәурен әкесімен сөйлесті ме? Сіз досыңызбен тамақтандыңыз ба? Сіз киноға жолдастарыңызбен барасыз ба? Ол шешесімен кездесті ме? Оқытушы студентпен әңгімелесті ме?

| Атау септігі | Көмектес септігі | Жалғауы     |
|--------------|------------------|-------------|
| Студент      | Студентпен       |             |
| Дәрігер      | Дәрігермен       |             |
| Жазушы       | Жазушымен        | -пен, -бен, |
| Апам         | Апаммен          | -мен        |
| Шешем        | Шешеммен         |             |

#### 2. Жақша ішіндегі сөздерді пайдаланып, сөйлем құраңыз.

Мен киноға досыммен, ..... барамын. (ағам, әкем, жолдасым)

Мен Дәуренмен, ..... шахмат ойнаймын. (Айжан, Асқар, Назым)

Мен бұл мәселе туралы ..... сөйлестім.  
(профессор, оқытушы, дәрігер, әкем, шешем)

#### 3. Сұрақтарға жауап беріңіз.

**Үлгі:** – Сіз кіммен амандастыңыз? (оқытушы)

– Мен оқытушымен амандастым.

Дәурен Астанада кіммен танысты (*Алматының студенті*)? Сіз театрда кіммен кездестіңіз (*Айжан және Айман*)? Стадионда сіз кіммен болдыңыз (*жаттықтырушы*)? Сіз емханада кіммен сөйлестіңіз (*дәрігер, профессор*)? Сіз автобуста кіммен бірге келдіңіз (*Назым*)?

#### Есімдік көмектес септігінде

– Сіз Дәуренмен таныссыз ба?

– Иә, мен онымен таныспын.

#### 4. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Сізбен сөйлесуге бола ма?  
Ол бізбен киноға бара ма?  
Сіздің менімен киноға барғыңыз келе ме?  
Сіз онымен бұрыннан таныссыз ба?

#### 5. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Бұл кісімен бұрыннан таныссыз ба? Осы кісімен Астанада таныстыңыз ба? Осы инженермен сөйлестіңіз бе? Осы дәрігермен сөйлестіңіз бе? Сіз өзіңіздің әкеңізбен хабарластыңыз ба? Сіз өзіңіздің шешеңізбен ақылдастыңыз ба? Сіз өзіңіздің әріптесіңізбен келістіңіз бе?

#### 6. Берілген сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Сіз қазір кіммен сөйлестіңіз?  
Сіз сабаққа кіммен бірге дайындаласыз?  
Сіз кіммен амандастыңыз?  
Оқытушы кіммен сөйлесті?  
Кіммен сөйлескіңіз келеді?  
Кіммен танысқыңыз келеді?

менің ағам

менің жолдасым

біздің профессор

осы студент

осы кісі

осы қыз

#### 7. Берілген сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Бастық қай қызметкермен сөйлеседі?  
Оқытушы қай студентпен сөйлеседі?  
Дәрігер қай баламен сөйлеседі?  
Ауру қай дәрігермен сөйлеседі?  
Сіз көрмеде қай суретшімен таныстыңыз?  
Кеше клубта қай жазушымен кездесу болды?  
Ол қай ағасымен ылғи кездеседі?  
Қай студенттермен шахмат ойнадыңыз?

жаңа

ауру

жаңа

жас

тәжірибелі

неміс

қазақ жазушысы

үлкен аға

– Сіз немен жазасыз?

– Мен қаламмен жазамын.

#### 8. Жақша ішіндегі сөздерді пайдаланып, сұраққа жауап беріңіз.

Сіз дәптерге немен жазасыз (қалам)?  
Сіз тақтаға немен жазасыз (бор)?  
Біз немен тамақ ішеміз (қасық)?  
Нанды немен кесеміз (пышақ)?  
Біз ауаның қысымын немен өлшейміз (барометр)?

#### 9. Асты сызылған сөздерге сұрақ қойыңыз.

**Үлгі:** Айжан бізді үлкен қуанышпен қарсы алды.

Айжан қалай қарсы алды?

Мына мәтінді мен үлкен қиындықпен аудардым. Студенттер лекцияны үлкен ықыласпен тыңдады. Ол өзінің ағасы туралы мақтанышпен айтады. Біз оның әңгімесін таңданыспен (с удивлением) тыңдадық. Мен бұл романды үлкен қызығушылықпен оқыдым.

**10. Көп нүктенің орнына тиісті жалғауды табыңыз.**

Таңертең мен нанды май..... ірімшік..... жеймін. Әдетте мен шайды сүт..... ішемін.  
Таңертең біз кофені сүт....., қант..... ішеміз. Мен сорпаны нан..... ішемін.

**11. Сөйлемдерді жазыңыз, көп нүктенің орнына есімдікті жазыңыз.**

Менің сіңлім Астанада оқиды. Мен ..... көптен көрмедім. Ол ..... жиі хат жазады.  
Жақында мен ..... үлкен хат алдым. Бүгін мен ..... жауап жазуым керек. Мүмкін,  
жазда мен ..... барамын.

Мына қыз біздің университетте жұмыс істейді. Мен ..... таныс емеспін. Мен .....  
. атын білмеймін. Мен ..... кітапханада жиі көремін. Менің ата-анам Астанада тұрады. Мен  
..... көптен көрмедім. Кеше олар ..... қоңырау шалды. Жақында олар .....  
қонаққа келеді. Мен ..... үлкен қуанышпен қарсы аламын.

# 21 ЖИЫРМА БІРІНШІ САБАҚ

## Есімше

Ол бізге қазақ тілінен сабақ берген.

Есімшенің қосымшалары: **-ған/-ген, -қан/-кен, -ар/-ер, -р, -атын/-етін, -йтын/-йтін**

**Мағынасы:** 1. Бұрынғы өткен шақ (есімше) **-ған/-ген, -қан/-кен.**

2. Өткен шақ (ауыспалы есімше) **-атын/-етін.**

3. Келер шақ (есімше) **-ар, -ер, -р.**

Причастие на **-ған/-ген**, принимая личные окончания, выступает в качестве сказуемого и выражает действие, происходившее в прошлом, рассматривается как форма давно прошедшего времени.

### 1. Бұрынғы өткен шақ есімшеге назар аударыңыздар (**-ған/-ген, -қан/-кен**).

Ол өткен жылы бізге лекция оқыған. Мен осы мәтінді кеше аударғанмын. Өткен оқу жылында біз қазақ тілін оқығанбыз. Мен университетті бітіргенмін. Шет тілін, қазақ тілін оқығанмын.

Есіңізге  
сақтаңыз!

Причастия на **-ған/-ген, -қан/-кен, -атын/-етін, йтын-йтін** перед существительными выступают в качестве определения.

Маған досым хабарласты.

Мен досымды кездестірдім.

Мен досыма бардым.

Мен досыммен сөйлестім.

Мен жақында Астанада келген досымды кездестірдім.

Мен жақында Астанада келген досыма бардым.

Мен жақында Астанада келген досыммен сөйлестім.

Ол жақында Астанада келген (келеді)

### 2. Сөйлемдерді үлгі бойынша өзгертіңіз.

**Үлгі:** Сіз жаңа оқытушыны көрдіңіз бе?

Ол бізге қазақ тілінен сабақ береді.

**Сіз бізге қазақ тілінен сабақ беретін жаңа оқытушыны көрдіңіз бе ?**

(Вы видели нашего нового преподавателя казахского языка?)

Сіз менің көршімді білесіз бе?

Ол біздің кітапханада жұмыс істейді.

Сіз жаңа фильмді көрдіңіз бе?

Ол біздің клубта болған.

Хат қайда? Ол осы сөмкеде жатқан.

Мен санаторийде демалдым. ....  
 Ол Көкшетауда орналасқан. ....  
 Менің інім мектепте оқиды. ....  
 Ол мектеп біздің көшеде орналасқан. ....  
 Біз кинотеатрда болдық. ....  
 Бұл кинотеатр көрші көшеде орналасқан. ....  
 Сіз осы студентті білесіз бе? ....  
 Ол жақында Алматыдан келген. ....  
 Сіз мына студентті білесіз бе? ....  
 Ол екінші курста оқиды. ....

### 3. Сөйлемдерді үлгі бойынша өзгертіңіз.

**Үлгі:** Мына үйде отбасы тұрады.  
 Бұл отбасын мен баяғыдан (давно) білемін.  
*Мына үйде мен баяғыдан білетін отбасы тұрады.*  
 (В этом доме живет семья, которую я знаю давно).

Үстелде кітап жатыр. ....  
 Оны маған менің жолдасым сыйлаған. ....  
 Мен досымды кездестірдім. ....  
 Мен оны көп жыл көрмегенмін. ....  
 Мен әңгімені білмеймін. ....  
 Оны сіз аударғансыз. ....  
 Кеше менде достарым болды. ....  
 Сіз оларды білесіз. ....  
 Журналдар қалай аталады? ....  
 Сен оларды кітапханадан алғансың. ....  
 Мен достарымды қонаққа шақырдым. ....  
 Сіз оларды жақсы білесіз. ....  
 Газеттер қайда? ....  
 Мен оларды таңертең сатып алғанмын. ....

### 4. Оң жақта берілген сөйлемдерді пайдаланып, есімшелі тіркес жасаңыз.

**Үлгі:** Сіздің досыңыздың аты кім? Ол театрда жұмыс істейді.  
*Сіздің театрда жұмыс істейтін досыңыздың аты кім ?*

- |                                     |                                                                                                       |
|-------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1. Біздің топта бір студент оқиды.  | Ол Астанада келді. Оның аты Айжан.<br>Ол қазақша жақсы сөйлейді.                                      |
| 2. Менің жолдасым бар.              | Ол Еуразия университетінде оқиды.<br>Мен онымен Астанада таныстым.                                    |
| 3. Бүгін біз сабақта әңгіме оқыдық. | Оны белгілі жазушы жазған.<br>Әңгіме бізге өте ұнады.                                                 |
| 4. Сіздің досыңыздың аты кім?       | Ол театрда жұмыс істейді.<br>Сіз оған жиі қоңырау шалып тұрасыз.<br>Сіз онымен біздің кеште болдыңыз. |



## 5. Сұрақтар қойыңыз.

**Үлгі:** Біз физика институтында жұмыс істейтін ғалымдармен әңгімелестік.

*Сіздер қандай ғалымдармен әңгімелестіңіздер?*

Хатты оқып тұрған қыз біздің топта оқиды. Мен үлкен зауытта жұмыс істейтін инженермен таныстым. Астанада тұратын жолдасыма жиі хат жазамын. Профессор медицинада оқитын студенттермен әңгімелесіп тұр. Техникалық оқуға түскісі келетін оқушылар физика және математиканы жақсы білуі керек. Газетте он сегіз тілде сөйлейтін адам туралы жазды. Біздің кітапханада жұмыс істейтін қыздармен таныспын (Я знаком с девушками, работающими в нашей библиотеке). Мен қазақ тілін оқитын студентке көмектесемін.

## 6. Сұрақтар қойыңыз.

**Үлгі:** Біздің клубта сөйлеген жазушымен театрда кездестік.

Қай жазушыны кездестірдіңдер?

Емтиханды тапсырған студенттер практикаға кетіп қалды. Біз жастар туралы кітап жазған жазушыны кешке шақырдық. Көрермендер «Қыз Жібек» фильмінде ойнайтын әртістермен кездесті. Мен өткен жылы мені емдеген дәрігерде болдым. Біз ракетаның бірінші моделін жасаған ғалым туралы әңгіме оқыдық.

# 22 ЖИЫРМА ЕКІНШІ САБАҚ

## Құрмалас сөйлемдер

*Ол емтиханды жақсы тапсырды, себебі ол көп дайындалды.*

**Себеп-салдар жалғаулықты салалас құрмалас сөйлем**

(сложносочиненное предложение с причинно-следственным значением)

**Жалғаулықтар:** себебі, сондықтан, өйткені, неге десең

**Ол емтиханды жақсы тапсырды, себебі ол көп дайындалды.  
Ол көп дайындалды, сондықтан емтиханды жақсы тапсырды.**

### 1. Себебі жалғаулығын пайдаланып, құрмалас сөйлем құраңыз.

**Үлгі:** Мен киноға бармаймын. Бұл киноны көрдім.

*Мен киноға бармаймын, себебі бұл киноны көрдім.*

Асқар жұмыста болған жоқ. Ол ауырды.

Ол сабаққа дайындалмады. Оның басы ауырды.

Біз күні бойы үйде отырдық. Далада жаңбыр жауды.

Айжан әрқашан жақсы жауап береді. Ол көп дайындалады.

Ол кеше сабақтан кешікті. Ол кеш тұрды.

Мен театрға бара алмаймын. Бос емеспін.

Тамақ ішкім келеді. Мен бүгін әлі түскі асты ішкен жоқпын.

Анна қазақша жақсы сөйлейді. Ол екі жыл Қазақстанда тұрды.

### 2. Сондықтан жалғаулығын пайдаланып, құрмалас сөйлемдер құраңыз.

**Үлгі:** Мен киноға бармаймын. Мен бұл фильмді көрдім. Мен бұл фильмді көрдім, сондықтан киноға бармаймын.

### 3. Сөйлемдердегі *сондықтан* жалғаулығын *себебі* жалғаулығына өзгертіңіз.

Айжан көп дайындалады, сондықтан ол қазақша жақсы сөйлейді. Ол бүгін кеш тұрды, сондықтан ол таңғы асты жеуге үлгермеді. Кеше ауа райы жаман болды, сондықтан біз күні бойы үйде болдық. Менің аяғым ауырады, сондықтан футбол ойнауға бармаймын.

#### 4. Сұрақтарға жауап беріңіз, жауабыңызды жазыңыз.

**Үлгі:** – Кеше сіз неге стадионда болмадыңыз?

– *Мен кеше стадионда болмадым, себебі аяғым ауырды.*

Кеше ол неге жұмыста болмады? Сіз неге осы оқулықты сатып алмадыңыз? Сіз кеше неге маған қоңырау шалмадыңыз? Неге ол емтиханды нашар тапсырды?

#### 5. Сұраққа жауап беріңіз.

Қазір ол неге жазбайды? Ол неге жаман оқиды? Сіз кеше неге жұмыста болмадыңыз? Бүгін ол неге көңілсіз? Бүгін ол неге көңілді? Неге ол қыдыруға бармайды?

#### 6. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

Кеше ол бассейнде болмады, себебі ..... . Кеше ол жұмыста болмады, себебі .....  
..... . Ол қазақша жаман сөйлейді, себебі ..... . Ол емтиханды нашар тапсырды, себебі .....  
..... . Ол балетті өте жақсы көреді, сондықтан .....

# 23 ЖИЫРМА ҮШІНШІ САБАҚ

## Шарт мәнді құрмалас сөйлем

Ертең ауа райы жақсы болса, біз саяжайға барамыз.

Есіңізге  
сақтаңыз!

Сказуемое придаточного предложения **-са/-се**

I. Оқы+**са**+м

оқы+**са**+қ

II. Оқы+**са**+ң оқы+**саң**+дар

оқы+**са**+ңыз

III. Оқы+**са** оқы+**са**

оқы+**са**+ңыздар

Глаголы условного наклонения в единственном и во множественном числах в 3-м лице личного окончания не имеют.

**Егер ертең ауа райы жақсы болса, біз саяжайға барамыз.**

**Егер оның мекенжайын тапсам, мен оған хат жазамын.**

**1. Егер сөзін пайдалана отырып, берілген сөйлемдерді шарт мәнді сөйлемге өзгертіңіз.**

**Үлгі:** Жексенбі күні ауа райы жақсы болады. Біз ауылға барамыз.

*Егер жексенбі күні ауа райы жақсы болса, біз ауылға барамыз.*

Сіз маған келесіз бе? Мен сізге өзімнің кітапханамды көрсетемін. Сен маған кітабыңды бүгін бересің бе? Мен оны екі күннен кейін қайтарамын. Қазақ тілін үйренгіңіз келе ме? Мен сізге көмектесемін. Кешке үйде боласыз ба? Мен саған қоңырау шаламын. Ертең суық болады. Біз бассейнге бармаймыз.

**2. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

Егер жексенбі күні ауа райы жақсы болса, сіз не істейсіз? Егер жаңбыр жауса, сіз не істейсіз? Егер кешке бос уақытыңыз болса, сіз не істейсіз? Егер сізде ертең емтихан болса, сіз кешке не істейсіз?

**Сөйлемдегі барлық сөздер таныс болса да, мен оны аударма алмадым.**

**3. Оң жақта және сол жақта берілген сөйлемдерді салыстырыңыз. Шартты райға да жалғаулығымен берілген сөйлемдерге назар аударыңыздар.**

|                                                                   |                                                                                                  |
|-------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1. Далада күн суық болды, бірақ біз қыдыруға бардық.              | 1. Далада күн суық болса да, біз қыдыруға бардық.                                                |
| 2. Ол қазақ тілін үш-ақ ай оқиды, бірақ қазақша жаман сөйлемейді. | 2. Ол қазақ тілін үш-ақ ай оқыса да, қазақша жаман сөйлемейді.                                   |
| 3. Жұмыс қиын болды, бірақ біз оны тез орындадық.                 | 3. Жұмыс қиын болса да, біз оны тез орындадық (Хотя работа была трудная, мы быстро выполнили ее) |
| 4. Мен бұл фильмді көрдім, бірақ тағы да ықыласпен көремін.       | 4. Мен бұл фильмді көрсем де, тағы да ықыласпен көремін.                                         |

#### 4. Үлгі бойынша сөйлемді өзгертіңіз.

**Үлгі:** Мәтінде таныс емес сөздер көп болды, бірақ біз оны түсіндік.

*Мәтінде таныс емес сөздер көп болса да, біз оны түсіндік.*

Ол қазақ тілін жақында оқи бастады, бірақ қазақша жаман сөйлемейді. Мына дәрігер жұмысқа жақында келді, бірақ күрделі операция жасай бастады. Мына кітапты жақында оқыдым, бірақ оны нашар білемін. Ол телефон нөмірін неше рет қайталады, бірақ мен ұмытып қалдым. Ол Астанаға жақында келді, бірақ қаланы жақсы біледі.

5.



**Тыңдаңыз. Мәтінді толықтырыңыз.**

**№12**

#### **Қай заман жақсы?**

– Ата, осы сіз ғой феодализм кезінде де, социализмде де, енді капитализмде өмір сүріп келесіз. Айтыңызшы, қай заманда өмір сүрген жақсы екен?

– Е, балам, ..... феодализмде, ..... социализмде, .....  
..... капитализмде өмір сүрген жақсы, – депті атасы.

# 24 ЖИЫРМА ТӨРТІНШІ САБАҚ

## Мезгілдік қатынастың берілуі

*Ол шетелге оқуға бір жылға кетті.*

### 1. Уақытты, мерзімді білдіретін сөздерді оқыңыз.

а) *Күн, жыл, апта, бірнеше жыл, соңғы жылы, балалық шағы, жастық шағы, кеше, бүгін, таңертең, кешке.*

**Мысалы:** Бірнеше жыл оқыдым.

Мақаланы бір күн аудардым.

Бір апта ауырдым.

Екі ай демалдым.

Асты сызылған сөздер нақты мерзімді (фактический срок) білдіреді.

ә) *Қанша уақытта (За какой срок)?*

(Срок, необходимый для завершения действия).

**Мысалы:** Бір күнде повесті оқып шықтым.

Бір аптада үш сабаққа бардым.

Бұл тақырыпты бірнеше жыл зерттедім.

Емтиханға бірнеше күн дайындалдым.

б) *Бір күнге, бір жылға, бір айға, екі аптаға, бірнеше жылға.*

**Мысалы:** Ол шетелге оқуға бір жылға кетті.

Кітапханадан оқулықты екі аптаға алды.

Асты сызылған сөздер қанша мерзімге (на какой срок) алғандығын білдіреді.

### 2. Салыстырыңыз.

а) Ғалымдар жобаны бір жыл дайындады.

ә) Ғалымдар жобаны бір жылда дайындады.

б) Ғалымдар Астанаға бір аптаға келді.

### 3. Айтыңыз.

Қанша уақыт  
(сколько времени)

Емтиханға дайындаласыз?

Бағдарламаны қанша уақыт дайындайсыз?

Қанша уақытта (за сколько времени)

Бағдарламаны дайындайсыз? Көрмені көріп шығуға болады? Орталыққа баруға болады?



#### 4. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- а) Кітапхана кітапты қанша уақытқа береді?
- ә) Мектеп мұғалімдері жазда қанша уақыт демалады?
- б) Қыста студенттер демалысы қанша күн?
- в) Біздің елде депутаттар қанша жылға сайланады?
- г) Аптасына қанша күн оқисыздар?

#### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

##### ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАСТАЛУЫН БІЛДІРЕТІН ӘРТҮРЛІ КОНСТРУКЦИЯЛАР

#### I. Қашаннан (С каких пор)?

##### Мысалы:

- а) Осы күннен бастап, бері  
Осы аптадан бастап  
Жұмадан бастап
- ә) Сол кезден  
Жеті жастан  
Жыл ортасынан

шығыс септігі + бастап

зат есім + шығыс септігі

#### II. Қашанға дейін?

Қимыл-әрекеттің аяқталуын білдіру.

##### Мысалы:

- а) Осы күнге дейін.  
Жұмыстың соңына дейін.  
Осы уақытқа дейін.

- ә) Жұмаға қарай.  
Аптаның аяғына дейін.  
Семестрдің соңына қарай.

#### III. Қашаннан қашанға дейін? Қанша уақытта?

Қимыл-әрекет арасындағы интервалды білдіру.

##### Мысалы:

- а) Ертеңнен кешке дейін.  
Сейсенбіден дүйсенбіге дейін.  
Тоғыздан алтыға дейін.

- ә) Бір жылдан кейін.  
Бір айдан кейін.  
Бір аптадан кейін.

#### 5. Мына сұрақтарға жауап беріңіз.

- а) Қазақ тілін қашаннан бері оқыдыңыз?
- ә) Оқу залы қашаннан қашанға дейін жұмыс істейді?
- б) Кітапхана кітапты қанша уақытқа берді?
- в) Аралық бақылау жұмысы қашан болады?
- г) Хабарламаны қашан дайындау керек?
- ғ) Емтиханды қашан тапсырасыңдар?
- д) Рефератты қай күнге дайындайсыңдар?
- е) Сіздің досыңыздың туған күні қашан болады?
- ё) Қай күні сіздер сынақ тапсырасыздар?

### ***Мезгілдік қатынасты құрмалас сөйлем арқылы білдіру***

Бағыныңқы сөйлемнің баяндауыштары есімше + **-да/-де, -ша/-ше, -ға/-ге** жұрнақтары мен **дейін, шейін, соң** сілтеулік шылаулары арқылы жасалады.

#### ***Мысалы:***

Емтихан болып жатқанда, студенттер аудиторияның қасында тұрды.

Мен үйден келгенше, емтихан басталып кетіпті.

Мен шығарма жазып болғанша, ол мені күтіп отырды.

Жаңбыр басылғанша, біз үйде отырдық.

*Жай сөйлем құрмалас сөйлемдегі мезгілдік ұғымды білдіретін конструкциялардың лексикалық эквиваленттеріне назар аударыңыз.*

#### ***Мысалы:***

Эксперимент бастау үшін, алдымен ғалымдар оның бағдарламасын талқылап алды.

Баяндама жазу үшін, алдымен осы мәселе бойынша әдебиеттерді жақсы білу керек.

Баяндама жазудан бұрын (перед чем), осы мәселе бойынша әдебиеттерді жақсы білу керек.

Экспериментті бастағанға дейін (до того как) ғалымдар оның бағдарламасын талқылайды.

Эксперимент басында (до чего) ғалымдар оның бағдарламасын талқылады.

#### ***Қашан?***

- Қашан емтиханды тапсырсаңдар, сонда демалысқа барасыңдар.

- Емтиханды тапсырған соң, сіздер демалуға барасыздар.

- Ғалым экспериментті аяқтаған соң, қызықты нәтиже алады.

- Экспериментті табысты аяқтаған соң, ғалым қызықты фактілер ұсынды.

## Аудиомәтіндер

### №1 Аудиофайл (1-ші сабақ, 3-жаттығу)

*а-та, а-на, ал-ма, ба-ла, ша-на, бал, шал;  
ол, қол, бол, тор, о-рақ, қо-ра, қо-рап, ор-ман;  
ұл, құс, құ-лын, жұ-лын, ұ-лан, құ-лақ;  
қыр, мы-рыш, ы-дыс; жа-пы-рақ;  
у, ту, қу, су, бу, жу, жу-ан, қу-а-ну.*

*ә-же, ә-ке, ән, сән, ән-ші, ә-ліп-пе;  
ел, кел, бел, сен, мен, ке-ше, бес, ке-се;  
ит, и-не, би-ле, и-не-лік, жи-рен;  
өс, көз, кө-ше, кө-мір, ө-мір, ө-лең;  
үн, гүл, түн, күн, күн-діз, кү-міс, үл-кен;  
ін, іс, і-ні, кі-сі, кі-ші, тіс, пі-сір, тіс-те;  
ке-лу, кү-лу, бі-лу, е-ру, бе-ру, се-ну, же-ңу;*

### №2 Аудиофайл (1-ші сабақ, 4-жаттығу)

*а-ға, ба-ға, ға-лым, ға-рыш, ға-жап;  
ақ, оқ, қар, құс, қан, қас, қа-лам, ақ-ша;  
ең, кең, таң, шаң, қо-ңыр, ке-ңес, жең;  
ғау-һар, қа-һар, қа-һар-ман, жи-һаз.*

### №3 Аудиофайл (1-ші сабақ, 21-жаттығу)

*Менің атым – Қанат. Менің үйім Алматыда. Менің жасым 18-де. Мен Астанадағы Назарбаев университетінің студентімін. Бұл суретте мен және менің інім. Оның аты – Самат. Оның жасы 16-да. Ол мектепте оқиды. Бұл суретте біз жазғы демалыста, ауылдағы ата-әжемнің үйіндеміз.*

### №4 Аудиофайл (2-ші сабақ, 3-жаттығу)

*а) – Виктория, мынау кім?*

*– Бұл – менің досым.*

*– Оның аты кім?*

*– Оның аты – Саша.*

*– Ол кім?*

*– Ол – студент және журналист.*

*– Сау болыңыз!*

*– Сау болыңыз!*

*б) – Катя, бұл кім?*

*– Бұл – менің құрбым.*

*– Оның аты Катя ма?*

*– Жоқ, оның аты Айжан.*

*– Ол студент пе?*

*– Жоқ, ол оқытушы.*

### №5 Аудиофайл (3-ші сабақ, 23-жаттығу)

Емтиханда:

– Сұраққа жауап беріңіз, студент.

– Ойлауға кішкене уақыт беріңіз.

– Уақытың баяғыда бітіп кеткен. - Онда аудиториядан көмек сұрайын немесе досыма телефон соғайын.

( <http://bilimkozy.idhost.kz/>)

### №6 Аудиофайл (4-ші сабақ, 16-жаттығу)

Қожанасыр мен Алдаркөсе көлдің жағасында жүреді. Алдаркөсе Қожадан: – Қожеке, мына көлдің суы қанша шелек болады? – деп сұрайды. Қожа бірден: – Осы көлдей шелек тапсаң, бір-ақ шелек шығады, – деген екен.

### №7 Аудиофайл (6-ші сабақ, 10-жаттығу)

Бурабай – Қазақстанның әсем көлі. Ол – Көкшетаудың маңында.

Бурабайдың табиғаты сұлу, ауасы таза. Биік таулар, көгілдір көлдер, қарағай мен қайың ағаштар өте сәнді. Саябақта жануарлардың 305 түрі бар. Оның 87 түрі – сирек кездесетін жануарлар.

### №8 Аудиофайл (7-ші сабақ, 21-жаттығу)

Бір қыз агент арқылы суретші жігітпен сөйлеседі:

– Ой, мына жіберген «смайлигіңіз» қандай қызық. Ешқашан бұндай «смайлик» көрмеп едім.

– Кешіріңіз, қарындас, бұл менің суретім ғой.

(<http://bilimkozy.idhost.kz/>)

### №9 Аудиофайл (8-ші сабақ, 1-жаттығу)

**Дастан:** – Сәлем, Алексей!

**Алексей:** – Сәлем, Дастан!

**Дастан:** – Кеше мен сені жатақханада күттім. Сенімен шахмат ойнағым келді.

**Алексей:** – Мен кеш келдім. Жұма күні сабағым көп. Шаршап келдім.

**Дастан:** – Иә, қандай сабақтар? Нешеге дейін болды.

**Алексей:** – Таңертең 9.00 - 9.50 математика болды. 10.00-10.50 биологияға қатыстым. 11.00-11.50 дейін қазақ тілі болды. 12.00-13.30 түскі ас іштім. Түстен кейін 14.00-16.00 зертханада тәжірибе жасадым. 17.00-19.00 жоба тапсырдым. Сағат 19.30-20.30 фитнеске бардым. Өзің не істедің?

**Дастан:** – Бізде инженерлерде оқу аптасы ғой. Мен түске дейін кітапханаға бардым, түстен кейін фильм көрдім, демалдым.

### №10 Аудиофайл (8-ші сабақ, 15 жаттығу)

**Тілші:** – Сәлеметсіз бе, Роза ханым?

**Роза:** – Сәлеметсіз бе? Қош келдіңіз!

**Тілші:** – Роза ханым, «Әлия» әні сіздің сүйікті әніңіз бе?

**Роза:** – Иә, «Әлия» әні – менің алғашқы айтқан әндерімнің бірі.

**Тілші:** – Сіз қайда оқыдыңыз?

**Роза:** – Мен консерваторияда оқыдым.

**Тілші:** – Сіз шет тілдерінде ән айттыңыз ба?

**Роза:** – Мен қазақ әндерінен басқа түрік, орыс, өзбек халқының әндерін айттым.

### **№11 Аудиофайл (9-ші сабақ, 18-жаттығу)**

*Менің туған жерім – Қазақстан. Қазақстан қазынаға бай ел. Біздің еліміздің табиғаты өте сұлу. Биік-биік асқар тау, мөлдір көлдер, әдемі гүлдер мен пайдалы өсімдіктер өседі. Қазақстан жерінде жыртқыш аңдар мен құстар, сирек жануарлар бар. Бұл жерде біздің ержүрек ата-бабаларымыз өмір сүрген.*

[\(http://bilimkozy.idhost.kz/\)](http://bilimkozy.idhost.kz/)

### **№12 Аудиофайл (23-ші сабақ, 5-жаттығу)**

#### **Қай заман жақсы?**

*– Ата, осы сіз ғой феодализм кезінде де, енді, міне, капитализмде өмір сүріп келесіз. Шыныңызды айтыңызшы, қай заманда өмір сүрген жақсы екен?*

*– Е, несін айтасың балам, бай болсаң – феодализмде, кедей болсаң – социализмде, ұры болсаң – капитализмде өмір сүрген жақсы, – депті атасы.*

## This image shows a full page of blank, lined paper. It features approximately 20 evenly spaced horizontal blue lines across its entire width. The lines are thin and consistent in color, set against a plain white background. There are no margins, text, or other markings present on the page.



## This image shows a full page of blank, lined paper. It features approximately 20 evenly spaced horizontal blue lines across its entire width, typical of notebook or primary school writing paper. The background is a solid off-white color. There are no margins, text, or other markings present.

## This image shows a full page of blank, lined paper. It features approximately 20 evenly spaced horizontal blue lines across its entire width, typical of notebook or composition paper. The background is a solid off-white color, and there are no margins, text, or other markings present.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Лapidус Б. А. К теории упражнений по иностранному языку// Иностранные языки в высшей школе. –М., 1975. –Вып.10.
2. Нуртазина Р.Б. Продолжение урока. - Алматы, 1996.
3. Пассов Е. И. Коммуникативные упражнения (на материале немецкого языка). – М., Л. 1967.
4. Гальскова, Н.Д., Гез, Н.И., Теория обучения иностранным языкам. Лингводидактика и методика. 3-е издание. – М., 2006.
5. Күзекова З. Қазақ тілі. – Алматы: Раритет, 2005.
6. Күзекова З. Қазақ тілі. Жаттығулар жинағы (бастапқы деңгей). Астана, 2008.

**З. Күзекова, Б. Ақбұзауова**

## **Қазақ тілі**

Бастапқы деңгей (А1): Оқу құралы.

**Редакторы:** Д. Жарылғасын

**Техникалық редакторы:** С. Тлемисов

**Көркемдеуші дизайнер:** С. Тлемисов

ISBN 978-601-7820-29-9



9

7 8 6 0 1 7 8 2 0 2 9 9

Басуға 09.07.2018 ж. қол қойылды.

Пішімі 60x84<sub>1/8</sub>. Офсеттік басылым. Шартты б.т. 14,2

Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 65

«Сенім» Жамбыл баспа орталығы ЖШС-нде басылды.

080012, Тараз қаласы, Төле би даңғылы, 22